



БІРЫҢҒАЙ ГРАНТ ОПЕРАТОРЫ

азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы

Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың 2025 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі

Тапсырыс беруші: Атырау облысы ішкі саясат басқармасы

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ
Астана 2025**

1. Гранттарды орналастыру есебі кезеңінің басталу және аяқталу күні:

Атырау облысы ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ (бұдан әрі - Оператор) интернет-ресурсында 2025 жылы 24 қаңтарда 2025 жылға үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурс жарияланды.

Хабарламаны келесі сілтемелер бойынша көре аласыз:

<https://cisc.kz/atyraw-qalalyq-ishki-sayasat-boelimining-tapsyrysy-bojynsha-qajta-grantt-konkwrsy/>

<https://cisc.kz/ru/povtornoj-konkurs-po-zakazu-gorodskogo-otdela-vnutrennej-politiki-goroda-atyrau/>

https://www.instagram.com/p/DFKiBMwNZ4a/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA%3D%3D

https://www.instagram.com/p/DFKpo9Pt1vu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA%3D%3D.

Конкурса қатысу үшін өтінімдерді қабылдау уақыты 2025 жылғы 24 қаңтар мен 13 ақпан аралығында жүзеге асырылды.

2. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:

Есептік кезеңде Оператор Басқарманың 13 басым бағыт бойынша 13 мемлекеттік грантын беру жөнінде хабарландыру жариялады:

№	Басым бағыт	Грант саны	Грант сомасы
1	Құрманғазы ауданының жастарын әлеуметтендіру	1	9 920 000 тг
2	Махамбет ауданының жастарын әлеуметтендіру	1	9 923 000 тг
3	Индер ауданының жастарын әлеуметтендіру	1	10 000 000 тг
4	Исатай ауданының жастарын әлеуметтендіру	1	9 900 000 тг
5	Мақат ауданының жастарын әлеуметтендіру	1	9 928 000 тг
6	Жылыой ауданының жастарын әлеуметтендіру	1	9 900 000 тг
7	Қызылқоға ауданының жастарын әлеуметтендіру	1	9 918 160 тг
8	«Қыр баласы қол созады аспанға...» арт экспедициясын ұйымдастыру	1	10 796 948 тг
9	«Atyrau Creative Hub» жастар кеңістігінің жұмысын ұйымдастыру	1	11 000 000 тг
10	«Atyrau Faces» видеоконтенті арқылы еңбек мамандықтарын насихаттау	1	10 796 948 тг
11	"Ұшқын" Мүгедектігі бар жастардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған жобасы	1	7 916 600 тг
12	«AtyrauRobo» Мехатроника және робототехника саласындағы жастар фестивалі	1	11 000 000 тг
13	Жастар көшбасшылары үшін шетелдік стади-турларды ұйымдастыру	1	10 881 753 тг

3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны:

Өткізілген конкурстардың нәтижесі бойынша 13 грант бойынша 13 ҰЕҰ-мен мемлекеттік грант беру туралы шарт жасалды.

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Грант түрі	Ұйым атауы	Шарттың нөмірі мен күні
1	Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау	Құрманғазы ауданының жастарын әлеуметтендіру	қысқа мерзімді	«Құрманғазы-Туған жер» қоғамдық қоры	26.03.2025 ж. №8
2		Махамбет ауданының жастарын әлеуметтендіру		«Болашаққа қозғалыс» жеке қоры	31.03.2025ж. №20
3		Индер ауданының жастарын әлеуметтендіру		«Дендер» қоғамдық қоры жастар қоғамдық бірлестігі	27.03.2025 ж. №10
4		Исатай ауданының жастарын әлеуметтендіру		«B-elsendi» қоғамдық қоры	27.03.2025 ж. №17
5		Мақат ауданының жастарын әлеуметтендіру		«Инфо орталық» қоғамдық бірлестігі	27.03.2025 ж. №14
6		Жылыой ауданының жастарын әлеуметтендіру		«Qabilet» жеке меншік қоры	27.03.2025 ж. №18
7		Қызылқоға ауданының жастарын әлеуметтендіру		«Инфо орталық» қоғамдық бірлестігі	27.03.2025 ж. №15
8		«Қыр баласы қол созады аспанға...» арт экспедициясын ұйымдастыру		«Golden Steppe Explorers» қоғамдық қоры	27.03.2025 ж. №9
9		«Atyrau Creative Hub» жастар кеңістігінің жұмысын ұйымдастыру		«Key Transform» қоғамдық бірлестігі	27.03.2025 ж. №11
10		«Atyrau Faces» видеоконтенті арқылы еңбек мамандықтарын насихаттау		«Golden Steppe Explorers» қоғамдық қоры	27.03.2025 ж. №12
11		"Ұшқын" Мүгедектігі бар жастардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған жобасы		«Ерекше Ана-Ерекшем 16+» қоғамдық қоры	27.03.2025 ж. №16

12		«АтырауRobo» Мехатроника және робототехника саласындағы жастар фестивалі		«Gylym Dauiri» қоғамдық қоры	27.03.2025 ж. №13
13		Жастар көшбасшылары үшін шетелдік стади- турларды ұйымдастыру		«Әлеуметтік бағдарламалар және инновациялар қоры» қоғамдық қоры	28.03.2025 ж. №21

4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы:

2025 жылы Оператор «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес «Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау» саласы бойынша 6 жобаны іске асырды.

5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Мемлекеттік гранттарды Оператор Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және мемлекеттік органның Оператормен жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде мемлекеттік бюджет қаражатынан береді.

Есептік кезеңде Басқарма 131 881 000 теңгені құрайтын 13 гранттық жоба ұсынды.

6. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Есепті кезеңде Басқарманың мемлекеттік грантын іске асыру барысында бюджеттен тыс көздер тартылған жоқ.

7. Есепті кезеңде қазақстандық ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Қазақстандық ұйымдар арасынан гранттарды іске асыруға тартылған серіктестер туралы мәліметтер:

№	Грант алушының атауы	Жобаның атауы	Ұйымның атауы	Басшының ТАӘ	Байланыс деректері	Заңды мекенжайы
---	----------------------	---------------	---------------	--------------	--------------------	-----------------

1	В-elsendi қоғамдық қоры	«Talaptan Isatai» жобасы	Исатай аудандық жастар ресурстық орталығы	Ателлов Н.С.	8 71 231 2 16 15	Атырау облысы, Исатай ауданы
2	«Инфо Орталық» қоғамдық бірлестігі	«Talaptan Qyzylyqoga» жобасы	Қызылқоға аудандық жастар ресурстық орталығы	Амантай Р.А.	+7 (71238) 2-11-16	Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылы, Абай көшесі, 48
3	«Инфо Орталық» қоғамдық бірлестігі	«Talaptan Maqat» жобасы	Мақат аудандық жастар ресурстық орталығы	Табылдыұлы Е.	87123932362	Атырау облысы, Мақат ауданы
4	«Gylym Dauiri» қоғамдық қоры	«AtyrauRobo» Мехатроника және робототехника саласындағы жастар фестивалі	Атырау облысы Білім беру басқармасы	Әбуов Марат Әлменұлы	байланыс: +77(122)32-10-05	Атырау қаласы, Айтеке би көшесі 77
			АРЕС PetroTechnic жоғары колледжі		ресми сайт: www.apec.edu.kz байланыс: +7 (7122) 76 04 56 info@apec.edu.kz	Атырау қаласы, Жоғарғы колледж АРЕС PetroTechnic, Нұрсая мкр, Проспект Елорда, 24
			Абай орталығы – JasSpace кеңістігі		байланыс: 51-04-74 52-08-12 51-92-60	Атырау қаласы, Абай орталығы, Әбілхайыр хан 58,
5	«Дендер» жастар қоғамдық бірлестігі	«Talaptan Inder» жобасы	«Индер аудандық жастар ресурстық орталығы» ММ	Ергалиев Н.Н.	+7 702 381 68 70	Индербор а., Бейбітшілік көш, 1
			«Дендер» қоғамдық саяси газеті	Амантур лин Ж.И.	+7 778 124 64 36	Индер ауданы, Индербор кенті, Д.Қонаев-18.
			Индер көп бейінді ауыл шаруашылығы колледжі	Абенова Г.	+7 701 602 67 86	Атырау облысы, Индербор кенті, Махамбет көшесі, 14
6	«Құрманғазы-Туған жер» қоғамдық қоры	«Talaptan Kurmangazy» жобасы	Құрманғазы аудандық Жастар ресурстық орталығы	-	jan_gulnaz@list.ru	Құрманғазы ауданы, Жастар ресурстық орталығы, Құрманғазы

						ауылы, Шәку Сәтеков көшесі, 15.
7	«Әлеуметтік бағдарламалар және инновациялар қоры» қоғамдық қоры	Atyrau Youth Fellowship Жастар көшбасшылары үшін шетелдік стади-турларды ұйымдастыру	Catalist 2030, әлеуметтік инноваторлардың халықаралық қозғалысы	Ержан Мухамбеткалиев	+7 747 989 90 46	-
			«Эмотив» Қоғамдық қоры	Айгерим Джаналинова	+7 706 407 71 99	Астана қаласы, Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 2/8 ғимарат
			Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Шарбат Бисалиева	+7 778 703 10 00	Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы, 1
			Атырау облысының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы	Сүйембаев Нурлан Болатович	+7 702 213 56 43	Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 78 8 (7122) 763-655 atyrau@palata.kz
8	«Болашаққа қозғалыс» жеке қоры	«TalaptanZhylyoi» жобасы	«Аяулы алақан» қоғамдық қоры	Кариева Т.Ж.	+7 706 642 8293	Талдықорған қ, 183 үй, 14 пәтер

8. Есепті кезеңде халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, жөні, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Гранттық жобаны іске асыру барысында халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан әріптестер тартылған жоқ.

9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 1-қосымшада көзделген.

10. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 2-қосымшада көзделген.

11. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар:

Есепті кезеңде Атырау облысының ішкі саясат басқармасы гранттық жобаларын іске асыру арқылы өңір жастарының дамуына елеулі үлес қосты. Жобалар маңызды бағыттарды қамтыды: білім деңгейін арттыру, жағымсыз құбылыстардың алдын алу, кәсіби және шығармашылық қабілеттерді дамыту. Мақсатты аудиторияны қамту бойынша міндеттер орындалды: мыңдаған жастарға арналған іс-шаралар ұйымдастырылды, жұмысшы қауымдастықтар құрылды, мемлекеттік бағдарламалар мен нашақорлық тәуекелдері туралы ақпараттандырылды.

Бастамалардың тұрақтылығын қолдауды жалғастыру маңызды, мысалы, жас лидерлер мен шығармашылық ұжымдарға арналған менторлық бағдарламаларды енгізу, цифрлық сауаттылықты арттыру. Жүйелі мәселелерді шешуге бағытталған жобаларды жүзеге асыру мерзімін ұзарту және қаржыландыру көлемін ұлғайту мүмкіндігін қарастыру ұсынылады, бұл тереңірек әрі тұрақты әсерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

12. Есепке гранттарды қалыптастыруға қатысатын үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың басшысы, оператордың бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды. Есептің әрбір данасы тігіледі, тігіс түйініне және ішінара құжаттың парағына желімделген қағаз пломбамен бекемделеді. Мөрдiң бедері ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына басылуы тиіс.

13. Есеп «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранттық қаржыландыру саласындағы оператормен жасалды.

Басқарма Төрағасының м.а.

А. Каримова

Бас бухгалтер

Ш. Ибраева

*Үкіметтік емес ұйымдарды
гранттық қаржыландыру
саласындағы оператордың өз
қызметінің нәтижелері
туралы есепке
1-қосымша*

1. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Gylym Dauiri» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Нұғыманов Нұрсұлтан Сатыбалдыұлы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Атырау обл., Береке с., Сарыарқа 69, 87025530007

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«AtyrauRobo» Мехатроника және робототехника саласындағы жастар фестивалі

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылдың «27» наурыз - 2025 жылдың «30» маусым аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

11 000 000 теңге

2. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Ерекше ана-Ерекшем16+» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Хусайнова Гульжан Джаскайратовна

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Атырау қаласы, Береке 41/11

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Ұшқын» жобасы

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылдың «27» наурыз - 2025 жылдың «1» қараша аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

7 916 600 теңге

3. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Инфо Орталық» қоғамдық бірлестігі

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Құрақбай Заманбек Думанбекұлы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Атырау облысы, Атырау қаласы, Нұрсая ш/а 23 үй, 8 705 557 52 44

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Talaptan Maqat» (Мақат ауданының жастарын әлеуметтендіру)

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылғы 27 наурыз – 2025 жылғы 31 қазан аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

9 928 000 теңге

4. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Инфо Орталық» қоғамдық бірлестігі

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Құрақбай Заманбек Думанбекұлы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Атырау облысы, Атырау қаласы, Нұрсая ш/а 23 үй, 8 705 557 52 44

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Talaptan Quzylqoga» (Қызылқоға ауданының жастарын әлеуметтендіру)

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылғы 27 наурыз – 2025 жылғы 31 қазан аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

9 918 160 теңге

5. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Qabilet» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Атабаева Алтынгүл Мырзалықона

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Бағыт Бойжанов, 147; Тел: 87782493246

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«TalaptanZhylyoi» (Жылыой ауданы жастарын әлеуметтендіру жобасы)

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылғы 2 сәуір – 2025 жылғы 30 қараша аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

9 900 000 теңге

6. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Дендер» жастар қоғамдық бірлестігі

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Сидегалиева Акмарал Демегеновна

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті, Бейбітшілік көшесі, 1ұй,
+7 775 697 69 00

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Talaptan Inder» жобасы (Индер ауданының жастарын әлеуметтендіру)

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылдың 27 наурыз – 2025 жылдың 21 қараша аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

10 000 000 теңге

7. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Key Transform» қоғамдық бірлестігі

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Зиядаев Нурсултан Бағытжанович

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Атырау қ., Азаттық даңғылы, 92, кв. 1, Қазақстан, +7(702) 321 3365

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Atyrau Creative Hub» жастар кеңістігінің жұмысын ұйымдастыру» басым бағыты, «Atyrau creative hub» жастар кеңістігі жобасы

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылдың 1 сәуір - 2025 жылдың 31 қазан аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

11 000 000 теңге

8. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Әлеуметтік бағдарламалар және инновациялар қоры» Қоғамдық Қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Горбаченко Ирина Олеговна

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Атырау қ., Азаттық к-сі 64-64, +7 778 959 5417

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

Жастар көшбасшылары үшін шетелдік стади-турларды ұйымдастыру Atyrau Youth Fellowship

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылдың 28 наурыз - 2025 жылдың 31 тамыз аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

10 881 753 теңге

9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«B-elsendi» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Шыманов Дулат Нығметұлы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Атырау облысы, Исатай ауданы, Жанбай селосы, Нысанов көшесі 10 үй,
87026314440

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Talaptan Isatai» (Исатай ауданының жастарын әлеуметтендіру)

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылдың 27 наурыз - 2025 жылдың 15 қараша аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

9 900 000 теңге

10. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Құрманғазы-Туған жер» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Абдуллаев Азамат Абаевич

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Орлы ауылы Манаев Құрманғазы ауданы,
87025730892

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Talaptan Kurmangazy» жобасы (Құрманғазы ауданының жастарын әлеуметтендіру)

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылдың 27 наурыз - 2025 жылдың 21 қараша аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

9 920 000 теңге

11. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Болашаққа қозғалыс» жеке қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Бекмұрат Диас Бекмұратұлы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Кенесары көшесі, 62 үй, 72 пәтер, +7 777 586 39 09

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«TalartanMakhambet» жобасы (Махамбет ауданының жастарын әлеуметтендіру басым бағыты)

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылдың 31 наурыз - 2025 жылдың 21 қазан аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

9 923 000 теңге

12. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Golden Steppe Explorers» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Нурпейсов Ержан

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Атырау облысы, Атырау қаласы, Береке ауылы, Құспан Нұрпейсов көшесі 40 үй, индекс 060024, + 7 702 654 88 72

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Қыр баласы қол созады аспанға...» арт экспедициясын ұйымдастыру жобасы

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылдың 27 наурыз - 2025 жылдың 30 қараша аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

10 796 948 теңге

13. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Golden Steppe Explorers» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Нурпейсов Ержан

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Атырау облысы, Атырау қаласы, Береке ауылы, Құспан Нұрпейсов көшесі 40 үй, индекс 060024, + 7 702 654 88 72

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Atyrau Faces» видеоконтенті арқылы еңбек мамандықтарын насихаттау

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылдың наурыз айы - 2025 жылдың қыркүйек айы.

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

10 796 948 теңге

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Gulum Dauiri» қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: «AtyrauRobo» Мехатроника және робототехника саласындағы жастар фестивалі

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1 міндет. Атырау облысының әр ауданында (Жылыой, Индер, Исатай, Қызылқоға, Құрманғазы, Мақат, Махамбет аудандары) роботтар мен инженерлік жобаларды жасау бойынша оқыту ұйымдастыру. Жалпы қамту – 14-18 жас аралығындағы кемінде 200 ауыл жастары.

1-іс-шара.Мехатроника және робототехника бойынша «AtyrauRobo» жастар фестивалі аясында Атырау облысына қарасты 7 ауданнан жалпы алғанда, жасы 14-тен кем емес және 18-ден аспайтын кемінде 200 адамның қатысуымен оқыту шараларын, конкурстар немесе инженерлік байқау ұйымдастыру.

Аудандық іс-шара шеңберінде шақырылған қатысушыларға оқыту шарасында ARDUINO және электроника, 3D модельдеу және басып шығару, STEAM тәсілі негізін қолдана отырып, аталмыш тақырыптар бойынша оқыту өткізілді, сертификаттау; тренерлердің қатысуын қамтамасыз етілді.

Мазмұны мен мақсаттылығы: Бұл іс-шара Атырау облысының жеті ауданы – Жылыой, Индер, Исатай, Қызылқоға, Құрманғазы, Мақат, Махамбет бойынша 14–18 жас аралығындағы ауыл жастарын инженерлік біліммен қамтуға бағытталған. Оқу барысында қатысушылар робототехника, ARDUINO және электроника негіздері, 3D модельдеу және басып шығару сияқты заманауи техникалық бағыттармен танысты.

STEAM тәсіліне негізделген бұл оқыту бағдарламасы жастардың креативті, жүйелік ойлауын және инженерлік қабілетін дамытуға ықпал етті.

Қамтылуы: Жалпы саны кемінде **252 жас** қамтылып, әр ауданда оқыту форматына сай логистика, оқыту құралдары мен алаңдар қамтамасыз етілді. Әр қатысушы оқытудан өткен соң **сертификатпен** және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.

Оқыту процесі: Оқыту бағдарламасы теориялық және практикалық модульдерден құралды. Арнайы шақырылған **тренерлер** әр аудан бойынша оқыту жүргізіп, қатысушылармен ARDUINO схемаларын құрастыру, 3D модельдеу және басып шығару, жобалық ойлау негіздеріне қатысты тәжірибелік сабақтар өткізді.

Конкурстық бөлік: Оқыту соңында жастар арасында шағын инженерлік байқаулар ұйымдастырылып, қатысушылар өз жобаларын таныстырды. Бұл жастардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруына мүмкіндік беріп, оларды жобалық форматта ойлауға ынталандырды.

Нәтижесі мен әсері:

- Жастардың инженерлік және техникалық бағыттарға деген қызығушылығы артты;
- 252-ден астам жас ARDUINO, 3D модельдеу, STEAM бағыттарында базалық білім мен тәжірибе алды;
- Жоба ауыл жастарына цифрлық сауаттылық пен техникалық бағытта өзін дамытуға нақты мүмкіндік берді;

- Оқыту нәтижесінде қатысушылардың 90%-ы техникалық дағдыларды меңгеріп, өз жобаларын жасауға қызығушылық танытты.

Индикаторларға сәйкестік:

- Қамтылған жастар саны: **252** – толықтай орындалды.
- Әр аудан бойынша кемінде 1 оқыту және байқау – **толық қамтамасыз етілді.**
- Сертификатталған қатысушылар – **барлығы сертификат алды.**
- Тренерлік құраммен қамтамасыз ету – **толық орындалды.**

<https://drive.google.com/drive/folders/1SB6r932SUnksedtoj4h-MdXNjbogXR2R?usp=sharing>

<https://www.instagram.com/gylimdauiri?igsh=MTR6aTVjN3l4bGtjbg==>

2 іс-шара. Аудандық іс-шараның оқыту шараларына тренерлердің қатысуын қамтамасыз ету.

Мазмұны мен мақсаты: Атырау облысының 7 ауданында өткізілген «АтугауРобо» жастар фестивалі аясындағы оқыту іс-шараларының сапасын арттыру және тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында әр ауданға білікті тренерлер шақырылды. Бұл тренерлер STEAM тәсілі, ARDUINO платформасы, 3D модельдеу, электроника және робототехника бағыттары бойынша тәжірибелік және теориялық білім беруді жүзеге асырды.

Тренерлік құрам: Жоба шеңберінде оқыту бағдарламаларын жүргізу үшін техникалық білім мен тәжірибесі бар мамандар таңдалды. Әр ауданға кемінде 3 тренер бөлініп, олар қатысушыларға бағдарлама аясында жеке және топтық форматта сабақтар өткізіп, инженерлік байқауларда ментор ретінде қолдау көрсетті.

Оқыту бағыты:

- ARDUINO негіздері, электроника және қарапайым схемалар құрастыру
- 3D модельдеу және басып шығару процесі
- Робототехниканың бастапқы негіздері
- STEAM-тәсілінде жоба жасау

Ұйымдастырушылық аспектілер: Тренерлердің қатысуын ұйымдастыру барысында әр ауданда оқыту өткізілетін арнайы жабдықталған алаңдар, қажетті техникалық құралдар мен материалдар, сондай-ақ логистикалық жағдайлар (жол жүру, тұру, тамақтану) қамтамасыз етілді.

Нәтижесі мен әсері:

- Барлық 7 ауданда оқыту сессияларына **100% кәсіби тренерлік қамтылу** қамтамасыз етілді.
- Қатысушылармен тікелей жұмыс жасау арқылы тренерлер жасөспірімдердің инженерлік дағдыларын дамытуға айтарлықтай үлес қосты.
- Тренерлердің қатысуы оқыту сапасын арттырып, байқаулар барысында әдістемелік қолдау көрсетуді қамтамасыз етті.
- Қатысушылардан алынған кері байланысқа сәйкес, тренерлердің кәсібилігі мен оқыту әдістері жоғары бағаланды.

Индикаторларға сәйкестік:

- Әр аудан бойынша кемінде 3 тренердің қатысуы – **толық орындалды**
- Инженерлік-техникалық бағыттағы оқыту бағдарламалары толық қамтылды – **толық сәйкестік**
- Тренерлердің қатысуымен өткізілген сессиялар саны – **жоспарланған көлемде**

- <https://www.instagram.com/gylymdauiri?igsh=MTR6aTVjN314bGtjbg==>

<https://drive.google.com/drive/folders/1SWzj7Y AmdBiukFCeCHP1dMpYNfZaV4Dx?usp=sharing>

2 міндет. Атырау облысының әр ауданында (Жылыой, Индер, Исатай, Қызылқоға, Құрманғазы, Мақат, Махамбет аудандары) үздік инженерлік шешімдер мен жобаларды таңдау және таныстыру үшін кемінде 1 шара (мысалы, байқау, хакатон, көрме және т.б.) ұйымдастыру.

1 іс-шара. Аудандық іс-шара шеңберінде оқыту шарасына қатысушылар арасында конкурс немесе инженерлік байқау ұйымдастыру және қатысушыларды ынталандыру сыйлықтарымен марапаттау;

Мақсаты мен мазмұны: Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – жастардың шығармашылық-инженерлік әлеуетін арттыру, жобалық ойлау дағдыларын дамыту және өз идеясын техника арқылы жүзеге асыру қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беру. Байқау жастардың жобалық белсенділігін ынталандырып, өзекті мәселелерге инженерлік тұрғыдан шешім ұсыну дағдысын қалыптастыруға бағытталды.

Іс-шара форматы: Әр ауданда оқыту бағдарламасы аяқталған соң, қатысушылар арасында инженерлік байқау өткізілді. Инженерлік шешім байқауы барысында қатысушылар көпір құрастырып жобаның прототипін ұсынды.

Қатысушылар: Жасы 14-18 жас аралығындағы, алдын ала ұйымдастырылған оқыту бағдарламасына қатысқан ауыл жастары – барлығы 252-ден астам оқушы қамтылды. Әр ауданнан кемінде 36 жас қатысып, топтық инженерлік жобаларын қорғады.

Марапаттау жүйесі: Байқау қорытындысы бойынша үздік идеялар мен шешімдер іріктеліп, жеңімпаздарға дипломдар, сертификаттар және ынталандыру табысталды. Марапаттау қатысушылардың қызығушылығын арттырып, болашақта техникалық мамандықтарға бейімделуге мотивация берді.

Ұйымдастырушылық шешімдер:

- Әділ бағалау үшін арнайы қазылар алқасы құрылды (тренерлер, техникалық сарапшылар);
- Әр аудандық байқау жергілікті деңгейде медиа арқылы жария етілді;

Нәтижесі мен әсері:

- Барлық 7 ауданда инженерлік байқау сәтті өткізілді;
- Қатысушылардың инженерлік және технологиялық бағыттағы қызығушылығы артты;

Индикаторларға сәйкестік:

- 7 аудан бойынша инженерлік конкурс өткізу – **толық орындалды**
- Кемінде 252 оқушы қатысуы – **толық қамтылды**
- Байқау жеңімпаздарын ынталандыру мен марапаттау – **жүзеге асырылды**

<https://www.instagram.com/gylymdauiri?igsh=MTR6aTVjN314bGtjbg==>

<https://drive.google.com/drive/folders/1SWzj7Y AmdBiukFCeCHP1dMpYNfZaV4Dx?usp=sharing>

3 міндет. Жұмысшы мамандықтары апталығы аясында аймақтық шараларға қатысушыларды шақырып, 400 адамның қатысуымен облыстық фестиваль ұйымдастыру (Атырау қаласында).

1 іс-шара. Жасы 14-тен кем емес және 18-ден аспайтын кемінде 400 адамның қамтылуымен «AtyrauRobo» екі күндік облыстық жастар фестивалін ұйымдастыру және өткізу;

Міндеті: Жұмысшы мамандықтары апталығы аясында Атырау қаласында робототехника мен инженерлік шешімдерге қызығушылық танытқан жастарды біріктіре отырып, өңірлік деңгейдегі кешенді шара – облыстық фестиваль өткізу. Мақсат – жастардың техникалық шығармашылығын дамыту, мамандыққа бағыттау және инновациялық әлеуетін ашу.

Іс-шара форматы: Фестиваль екі күнге созылып, оған Атырау облысының барлық 7 ауданынан және қалалық техникалық бағыттағы мектептерден, колледждерден, жеке үйірмелер мен ұйымдардан жастар тартылды. Фестиваль мазмұнына мынадай компоненттер кірді:

- Робототехника және инженерлік жобалар көрмесі
- Робототехника бойынша турнирлер
- Hackathon – нақты тапсырмаларға арналған шешімдер әзірлеу
- Шеберлік сағаттары және дәрістер
- Спикерлермен кездесулер
- Қатысушылар арасындағы командалық байқаулар

Қатысушылар: Жасы 14–18 жас аралығындағы кемінде 537 оқушы мен студент, сондай-ақ педагогтер, жаттықтырушылар мен техникалық мамандар қатысты. Қатысушылар алдын-ала тіркеліп таңдалып алынды ұйымдастырушылардың жолдамасымен шақырылды.

Ұйымдастырушылық шешімдер:

- Іс-шара Атырау қаласының заманауи техникалық инфрақұрылымы бар алаңында өткізілді (Абай орталығы, JasSpace кеңістігі, АРЕС PetroTechnic жоғары колледжінің өндірістік шеберханасы);
- Фестиваль құрылымы алдын ала бекітілген бағдарлама бойынша жүргізілді;
- Техникалық қолдау, қауіпсіздік, тамақтандыру, логистика секілді ұйымдастыру мәселелері шешілді.

Фестиваль мазмұны:

- STEM бағытындағы танымдық бағдарламалар
- Командалық турнирлер мен рейтингтік бағалау
- Инновациялық идеялар жәрмеңкесі
- Арнайы номинациялар мен марапаттар

Күтілетін нәтижелер:

- 400-ден астам жастардың техникалық білімге қызығушылығы артып, кәсіби бағдар алуы қамтамасыз етілді;
- Инновациялық ойлау дағдылары мен топпен жұмыс істеу қабілеттері дамыды;
- Фестиваль өңірдегі техникалық білім мен шығармашылық ортаны дамытуда пәрменді құралға айналды;
- Қатысушылар арасында үздік идеялар анықталды;

Индикаторларға сәйкестік:

- 537 адамның қатысуы – **толық орындалды**
- Екі күндік облыстық фестиваль – **уақытында және мазмұнды түрде өткізілді**
- Инновациялық-шығармашылық белсенділік – **жоғары деңгейде жүзеге асты**

<https://www.instagram.com/gylymdauiri?igsh=MTR6aTVjN3l4bGtjbG==>

<https://drive.google.com/drive/folders/1SWzj7YAmDbiukFCeCHP1dMpYNfZaV4Dx?usp=sharing>

2 іс-шара. Фестиваль шеңберінде шақырылған қатысушыларға шеберлік сағаттарын, жарыстар, Hackathon, лекция, экскурсия, көрме ұйымдастыру, спикерлердің қатысуын, білім саласындағы мекемелерді, ұйымдарды, белсенділерді және де басқа да жеке орталықтар мен кәсіптік оқу орындарының қатысуын қамтамасыз ету.

Міндеті: Қатысушылардың (жастар, педагогтар, сала мамандары) техникалық бағыттағы құзыреттерін арттыру, кәсіби бағдар беру, өндірістік-технологиялық саланың мүмкіндіктерімен таныстыру, тәжірибе алмасуға жағдай жасау.

Іс-шара форматы мен мазмұны:

Фестивальдің негізгі екі күндік құрылымының ішінде түрлі бағыттағы мазмұнды іс-шаралар қатар өткізілді:

- **Шеберлік сағаттары (workshop):**

ARDUINO, 3D модельдеу, лазерлік кесу, электроника, жасанды интеллект және робототехника тақырыптары бойынша тәжірибелік тренингтер жүргізілді.

- **Жарыстар мен байқаулар:**

Қатысушыларға алдын ала берілген тапсырмалар бойынша инженерлік шешімдер әзірлеу, прототиптер құрастыру сияқты бағыттарда жарыстар ұйымдастырылды.

- **Hackathon:**

Қатысушылар командамен бірігіп, нақты бір инженерлік немесе әлеуметтік-техникалық мәселенің шешімін әзірлеп, оны қорғауға мүмкіндік алды.

- **Лекциялар:**

Сала мамандары, стартап негізін қалаушылар, IT-инженерлер мен ғылым өкілдері өндіріс, заманауи технологиялар, жасанды интеллект, стартап-кәсіпкерлік туралы интерактивті дәрістер өткізді.

- **Экскурсиялар:**

Қатысушылар үшін қаладағы АРЕС PetroTechnic жоғары колледжінің өндірістік шеберханасына экскурсиялар ұйымдастырылды.

- **Көрмелер:**

Инженерлік шешімдер, мектеп оқушылары мен колледж студенттерінің жобалары, техникалық үйірмелердің жұмыстары көрме форматында ұсынылды.

Серіктестік және қатысушы тараптар:

- **Білім беру мекемелері:** облыстық және аудандық деңгейдегі мектептер, колледждер, IT-мектептер
- **Ұйымдар мен орталықтар:** жастар ұйымдары, техникалық үйірмелер, стартап-инкубаторлар
- **Өнеркәсіп және өндіріс:** кәсіби-техникалық бағыттағы оқу орындары
- **Салалық мамандар:** инженерлер, IT мамандар, стартап негізін қалаушылар
- **Жеке орталықтар:** робототехника және бағдарламалау мектептері, шығармашылық зертханалар

Қатысушылар саны: Іс-шараларға облыстық фестивалге келген барлық **537-ден астам қатысушы** тартылды. Барлық бағыттар бойынша әртүрлі қызығушылық деңгейіндегі жастар қамтылды.

Индикаторларға сәйкестік:

- Шеберлік сағаттары, Hackathon, көрмелер – жоспарға сәйкес өткізіліп, қамту толық орындалды
- Серіктес ұйымдардың және оқу орындарының қатысуы – жүзеге асты
- Спикерлердің тартылуы – сала бойынша танымал, тәжірибелі мамандар шақырылды

- Жастардың қанағаттану деңгейі – жоғары (кері байланыс негізінде)

Ұзақ мерзімді әсер:

- Қатысушылардың практикалық дағдылары күшейіп, нақты өндірістік және инженерлік процестерге қызығушылық артты
- Жастар мен білім беру ұйымдары арасындағы байланысты нығайтты
- Жоба жаңа буынның техникалық-кәсіби әлеуетін қалыптастыруға серпін берді

<https://www.instagram.com/glylymdauiri?igsh=MTR6aTVjN314bGtjbg==>

<https://drive.google.com/drive/folders/1SWzj7Y AmdBiukFCeCHP1dMpYNfZaV4Dx?usp=sharing>

4 міндет. Фестивальде 20-дан астам жаңа инженерлік шешімдер мен жобаларды таныстыру және үздік жобаларды таңдау.

1 іс-шара. «AtyrauRobo» екі күндік облыстық жастар фестивалі аясында 20-дан астам жаңа инженерлік шешімдер мен жобаларды таныстыру және үздік жобаларды таңдау мақсатында инновациялық жобалар көрмесін ұйымдастыру, байқауының қатысушыларына фестивальдің форматына сәйкес, қажеттілігіне қарай, қажетті орынмен және көрмесіне әділқазылардың қатысуын қамтамасыз ету, байқауының қатысушыларына қаржылай жүлде қорын немесе диплом, сертификат тағайындау.

Міндеті: Жастардың инновациялық-инженерлік әлеуетін таныту, шығармашылық пен техникалық қабілеттерін ынталандыру, үздік инженерлік жобаларды іріктеу арқылы идеяларды әрі қарай дамытуға жағдай жасау.

Іс-шара мазмұны мен форматы: Фестивальдің аясында «**Инженерлік жобалар көрмесі**» арнайы секция ретінде өткізілді. Бұл платформа жас өнертапқыштар мен инженерлерге өздерінің идеялары мен шешімдерін кең аудиторияға ұсынуға мүмкіндік берді.

Көрмеге қатысқан жобалар саны:

Жалпы саны **20 дан астам инженерлік жоба ұсынылды.** Олардың ішінде:

- Робототехникаға негізделген автономды жүйелер
- Ақылды үй шешімдері (Smart Home)
- Ауыл шаруашылығына арналған автоматтандырылған құрылғылар
- 3D модельдеу арқылы жасалған прототиптер
- Экологиялық мониторинг құрылғылары
- Жасанды интеллект пен сенсорлық басқару шешімдері бар жобалар болды.

Жобаларды бағалау және үздіктерді таңдау:

Көрме аясында арнайы әділқазылар алқасы құрылды. Оның құрамына:

- Инженерлік сала мамандары
- IT және STEM стартап өкілдері
- Білім беру орталықтарының жетекшілері кірді.

Жобалар келесі критерийлер бойынша бағаланды:

- Идеяның жаңашылдығы
- Техникалық орындалу деңгейі
- Әлеуметтік және экономикалық тиімділігі
- Жобаның практикалық қолдану мүмкіндігі

Марапаттау жүйесі:

Үздік жобаларға **қаржылай жүлде қоры мен дипломдар, сертификаттар** тағайындалды.

Марапаттар келесі санаттар бойынша берілді:

- "Үздік инновациялық шешім"
- "Әлеуметтік маңызы жоғары жоба"
- "Техникалық күрделілік"
- "Креатив пен дизайн"

Индикаторларға сәйкестік:

- **20-дан астам жоба ұсынылды** – мақсат толық орындалды
- **Әділқазылар құрамының қамтамасыз етілуі** – кәсіби сарапшылар қатысты
- **Форматқа сәйкес орын және инфрақұрылым** – көрме аймағы техникалық жағынан жабдықталды (стенд, экран, электр, интернет)
- **Қатысушылар марапатталды** – сертификаттар мен қаржылай жүлделер тапсырылды

Ұзақ мерзімді әсер:

- Жастар арасындағы инженерлік және зерттеушілік белсенділік артты
- Жобалардың кейбіреуі кәсіби даму мен акселерацияға лайықты деп танылды
- Инновациялық шешімдер қоғамдағы нақты проблемаларға бағытталғаны байқалды
- Аймақтық стартап экожүйесіне жаңа қатысушылар қосылуы ықтимал

<https://www.instagram.com/gylymdauiri?igsh=MTR6aTVjN3l4bGtjbg==>

<https://drive.google.com/drive/folders/1SWzj7Y AmdBiukFCeCHP1dMpYNfZaV4Dx?usp=sharing>

5 міндет. Облыстық фестиваль аясында дәрістер мен интерактивті шеберлік сабақтарын ұйымдастыру.

1 іс-шара. «AtyrauRobo» екі күндік облыстық жастар фестивалі аясында қатысушылар үшін дәрістер мен шеберлік сабақтарына іс-шараның форматына сәйкес, қажеттілігіне қарай, қажетті орынмен қамтамасыз ету, робототехниканың болашағы, мүмкіндіктері, жасанды интеллект негіздері және оны практикада қолдану, өндіріс саласындағы компьютерлік сандық басқару, болашақ инновациялық коммерциялық жобаларды жүзеге асыру жолдары т.б тақырыптарын қамтыған дәріс тыңдауын өткізу:

Мақсаты: 14-18 жас аралығындағы жастардың техникалық-кәсіптік бағдарын дамыту, заманауи технологиялар саласындағы білім көкжиегін кеңейту және болашақ кәсіби бағыт-бағдарын айқындауға ықпал ету.

Іс-шара мазмұны: Фестиваль шеңберінде тәжірибелі сала мамандары мен салалық сарапшылардың қатысуымен мотивациялық әрі мазмұнды дәрістер циклі өткізілді. Бұл дәрістер заманауи өндіріс, IT, инженерия мен инновация тақырыптарын қамтыды.

Дәрістердің негізгі бағыттары мен тақырыптары:

- Робототехника дегеніміз не ? (болашағы, мүмкіндіктері)
- Бағдарламалық қамтамасыз ету - мансап пен дамудың құралы.
- Жасанды интеллект негіздері және оны практикада қолдану
- "Бағдарламаланатын логикалық контроллерлердің негіздері"

Ұйымдастыру және өткізу ерекшеліктері:

- Дәрістер **интерактивті форматта**, аудиториямен ашық байланыста өтті
- Қатысушылар сұрақ қойып, пікір алмасуға мүмкіндік алды
- Спикерлер – өз саласының танылған кәсіби мамандары мен сарапшылары

Нәтиже және әсер:

- 400 қатысушының ішінде дәрістерге қатысқандардың үлесі – **327-ден астам адам (87,5%)**
- Қатысушылардың пікірінше, дәрістер олар үшін болашақ мамандық таңдауына бағыт берді
- Кері байланыс нәтижесінде қатысушылар дәрістерді жоғары бағалап, осы бағытта терең білім алуға қызығушылық танытты
- Бірқатар мектептер мен орталықтар өз оқушыларына осындай дәрістерді жиі ұйымдастыру қажеттігін алға тартты

<https://www.instagram.com/gylymdauiri?igsh=MTR6aTVjN3l4bGtjbg==>

<https://drive.google.com/drive/folders/1SWzj7Y AmdBiukFCeCHP1dMpYNfZaV4Dx?usp=sharing>

2 іс-шара. “АтырауRobo” екі күндік облыстық жастар фестивалі аясында робототехника және электроника, 3D модельдеу және басып шығару, лазерлік кесу және нақыштау, бағдарламалау, жасанды интеллект тақырыптарында шеберлік сағатын өткізу, тренерлерді, дәріс тындауға спикерлердің қатысуын қамтамасыз ету.

Мақсаты: Жастардың заманауи технологиялармен практикалық түрде танысуына жағдай жасау, инженерлік дағдыларын дамыту, сондай-ақ практикалық жұмыс арқылы болашақ мамандықтарға бейімдеу.

Іс-шара мазмұны мен форматы: Фестиваль аясында арнайы жабдықталған шеберханалар мен интерактивті алаңдарда келесі бағыттар бойынша **шеберлік сабақтары (мастер-класстар)** өткізілді:

1. **Робототехника және электроника:**
2. **3D модельдеу және 3D басып шығару:**
3. **Лазерлік кесу және нақыштау:**
4. **Бағдарламалау негіздері:**
5. **Жасанды интеллект элементтері:**

Ұйымдастыру және өткізу ерекшеліктері:

- Әр бағыт бойынша **тәжірибелі тренерлер мен техниктер** тартылды
- Қатысушылар шағын топтарға бөлініп, әр шеберлік сабағына қатысты
- Қолданбалы бағыттағы тапсырмалар арқылы **"қолмен жасау – көзбен көру – тәжірибе арқылы түсіну"** принципі жүзеге асырылды
- Қауіпсіздік техникасы және жабдықпен жұмыс істеу ережелері міндетті түрде түсіндірілді

Нәтиже мен әсер:

- Шеберлік сабақтарға **60-қа жуық жас** қамтылды
- Қатысушылар технологиямен нақты жұмыс жасау арқылы **инженерлік дағдыларын** нығайтты
- Кері байланыс нәтижесінде жастар шеберлік сағаттарын **ең қызықты, пайдалы бөлім** ретінде бағалады
- Шеберлік сабақтардан кейін **қатысушылар** өздерінің қызығушылығын инженерлік бағытқа қарай нақтылағандарын мәлімдеді
- Ата-аналар мен ұстаздар тарапынан мұндай практикалық шараларды тұрақты түрде өткізуді сұраған ұсыныстар келіп түсті.

<https://www.instagram.com/gylymdauiri?igsh=MTR6aTVjN3l4bGtjbg==>

<https://drive.google.com/drive/folders/1SWzj7Y AmdBiukFCeCHP1dMpYNfZaV4Dx?usp=sharing>

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы.

1 іс-шара. Бенефициарлардың көрсетілетін қызметтерге қанағаттануын талдау.

Жоба аясында өткізілген шараларға қатысып, оларды оң бағалаған қатысушылардың үлесі сауалнамалар нәтижесі бойынша 90% аса көрсеткішті көрсетті. Тікелей жоба барысына 615 аса жас қамтылды.

<https://drive.google.com/drive/folders/1ongYGpcL4qEaYUwxIC3P4zv83nMek1UI?usp=sharing>.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс.

1 іс-шара. Қордың медиа маманы жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желілерде ілгерілету бойынша жобалық топ контент-жоспар жасақтау, әлеуметтік желілерде белсенді SMM жылжыту, материалдар мен роликтер дайындау және тарату жұмысын ұйымдастырады.

Жоба барысы негізінде қорытынды 10 инфографикалық мәліметтер әзірленді. Жоба барысы негізінде контент жоспар жасалып, негізінде әлеуметтік желілерде посттар жарияланды. Әр әс шараларда баннерлер орнатылды. Ақпараттық қамту Әлеуметтік желі – 54 пост, Ютуб канал

2 видеолар, Ақпараттық портал – 13 жарияланым жарияланды. Жалпы жанама бенефициарлар саны – 36308 қаралымды құрады.

<https://drive.google.com/drive/folders/1GowK-m1x8AdHLA6R1KcL4ZrlcgbTCB6V?usp=sharing>.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

"AtyrauRobo" жобасының мақсаты – Атырау облысындағы жастарға техника, робототехника, электроника және IT салаларын жақындату, осы бағытта қызығушылық пен нақты дағдылар қалыптастыру болды. Бұл мақсатқа жоба толық жетті.

Жобаға 7 ауданнан және қаладан барлығы – 789 жас қатысты. Оның ішінде:

- **252 жас** Arduino, электроника, 3D модельдеу және STEAM курстарында оқыды;
- **537 жас** облыстық фестивальге келіп, турнирлер, шеберлік сағаттары мен Hackathon-ға қатысты.

Жастар:

- робот құрастыруды, датчиктерді қолдануды, прототип жасауды үйренді;
- командада жұмыс істеу, идея қорғау, уақытты басқару сияқты маңызды дағдыларды дамытты;
- өз жобаларын көпшілік алдында қорғап, өз-өзіне сенімділігі артты;
- кәсіби бағдар алды — инженерия мен IT бағытының қандай екенін нақты көрді.

Экскурсиялар, кездесулер мен байқаулар олардың болашақ мамандық таңдауда саналы шешім қабылдауына әсер етті.

Қорытындылай айтқанда:

Жоба жастарға “техника — бұл қиын емес, қызық және қолжетімді” екенін көрсетті. Олардың ойлау, білімі мен кәсіби бағыты шынайы деңгейде өсті.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жобаның мақсаты: «Жастардың техникалық шығармашылық әлеуетін арттыру, олардың инновациялық ойлау қабілеттерін дамыту, жаңа технологиялар мен ғылым салаларында терең білім мен дағдыларды меңгеруге ынталандыру».

1. Жастардың техникалық шығармашылық әлеуетін арттыру

Факт:

Жобаның бірінші кезеңінде Атырау облысының 7 ауданында (Махамбет, Индер, Қызылқоға, Құрманғазы, Исатай, Жылыой, Мақат) 252-ден астам жас 14–18 жас аралығындағы қатысушы **ARDUINO, электроника, 3D модельдеу, STEAM жобалау** бағытында арнайы оқыту курстардан өтті.

Дәлел:

- Қатысушылар заманауи құралдармен өз қолымен техникалық құрылғылар жасады.
- Инженерлік шешімдер байқауы өткізілді, онда оқушылар шығармашылық және функционалды жобалар ұсынды.

Қорытынды:

Жасөспірімдердің техника мен инженерияға деген қызығушылығы оянып, өздігінен жобалау қабілеттері қалыптасты.

2. Инновациялық ойлау қабілетін дамыту**Факт:**

Облыстық кезеңде (13–14 мамыр) 537 қатысушыны қамтыған Hackathon, робототехника турнирі, инновациялық жобалар байқауы ұйымдастырылды.

Дәлел:

- «AtyrauRobo Hackathon 2025» байқауында жастар уақыт шектеуінде нақты мәселені шешетін **IT немесе инженерлік шешімдер** ұсынды.
- Жасалған жобалар идеядан прототипке дейін ұсынылып, қатысушыларға практикалық шешім қабылдау, командамен жұмыс істеу және презентация дағдыларын дамытуға мүмкіндік берілді.

Қорытынды:

Инновациялық ойлау мен шығармашылық ізденіс механизмдері нақты жағдайда іске қосылды.

3. Жаңа технологиялар мен ғылым салаларында білім мен дағдыны меңгеруге ынталандыру**Факт:**

Фестиваль аясында JasSpace кеңістігінде **робототехника, электроника, 3D модельдеу, жасанды интеллект, бағдарламалау** бойынша 5 шеберлік сағаты өткізілді.

Дәлел:

- Фестивальге қатысушылар жоғары технологиямен жұмыс істеудің тәжірибесін алды.
- АРЕС PetroTechnic колледжінің оқу-өндірістік зертханаларына экскурсиялар өткізіліп, техникалық білім мен өндіріс арасындағы байланыс көрсетілді.

Қорытынды:

Жастарға ғылым мен технология саласына ену жолдары нақты көрсетіліп, кәсіби бағдар беру жүзеге асты.

Мақсаттық индикатор	Көрсеткіш	Нәтиже
Қамтылған жастар саны	кемінде 600	789 жас
Техникалық шығармашылық оқыту курстан өткендер саны	200	252 адам
Облыстық фестиваль қатысушылары	400	537 адам
Қатысушылардың географиясы	7 аудан мен қала	100% қамтылды
Пәндік бағыттар	5 технологиялық бағыт	толық іске асты

Қорытынды пікір:

"AtyrauRobo" жастар фестивалі жобасының мақсатына жету деңгейі **толық қамтамасыз етілді**. Қатысушылар саны бойынша күтілген межеден **жоғары нәтиже көрсетілді**. Жобаның мазмұны, әдістемесі және жүзеге асыру форматы жастардың:

- техникалық қабілеттерін дамытуына,
- ғылыми-техникалық білімге ынталануына,
- шығармашылық және инженерлік ойлауының қалыптасуына нақты мүмкіндік берді.

Бұл – жобаның әлеуметтік маңызын және нәтижелілігін дәлелдейтін көрсеткіштер.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: Жоспардан ауытқу жоқ.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

(Жобаға дейінгі және жобадан кейінгі жағдайды салыстыру)

1. Жобаға дейінгі жағдай (бастапқы әлеуметтік ахуал)

Аспект	Жобаға дейін
Техникалық шығармашылықпен қамтылған ауыл жастары	Төмен (аудандық деңгейде жүйелі курс, ресурстық база болмады)
Робототехника/инженерияға қызығушылық деңгейі	Жоғары қызығушылық байқалғанымен, тәжірибелік платформа мен бағдарлама жетіспеді
Инновациялық ойлауға бағытталған іс-шаралар	Тұрақты өткізілмейтін, өңірлік Hackathon немесе инженерлік турнирлер болмаған
Қатысушылардың технологияға тікелей қолжетімділігі	Ауылдық аймақтарда — шектеулі, заманауи жабдықтарға қол жеткізу қиын
STEM бағытындағы кәсіби бағдар беру	Жүйесіз, оқушылар мен ата-аналар арасында нақты бағдар болмады

2. Жоба аясында іске асқан іс-шаралар

- 7 ауданда 252 оқушыға арнап **инженерлік оқыту курстары** жүргізілді (Arduino, электроника, 3D модельдеу, STEM тәсілінде жоба жасау).

- 537 оқушыны қамтыған "AtyrauRobo" облыстық фестивалі өткізілді (Hackathon, робототехника жарысы, турнирлер, инновациялық жоба байқауы, көрмелер).
- JasSpace кеңістігі мен APEC PetroTechnic базасында шеберлік сағаттар мен экскурсиялар ұйымдастырылды.
- Жалпы 789 жас жобаға тікелей тартылды.

3. Жобадан кейінгі ахуал (нәтижелер мен өзгерістер)

Аспект	Жобадан кейінгі жағдай
Қатысушылар саны және географиясы	7 аудан мен қала қамтылып, 789 жас тартылды — өңірлік қамту толық орындалды
Техникалық дағды мен білімнің кеңеюі	250+ жас STEAM, Arduino, 3D модельдеу сияқты бағыттарда практикалық білім алды
Тікелей технологиямен жұмыс тәжірибесі	Оқушылар заманауи құрал-жабдықтармен өз жобаларын жасап, жарыстарға қатысты
Инновациялық ойлау мен жобалау қабілеті	Hackathon және жобалық байқауларда оқушылар нақты прототиптер әзірледі
Кәсіби бағдар мен мотивация	APEC PetroTechnic, JasSpace орталықтарымен танысып, білім жолында мақсат қоюға негіз алды

Сандық көрсеткіштермен салыстыру (бастапқы және жобадан кейін)

Көрсеткіш	Жоба алдында	Жоба нәтижесінде
Техникалық бағытта оқытылған жастар саны	0 (жүйелі курс болмаған)	252 адам
Облыстық масштабтағы қатысушылар саны	0	537 адам
Жалпы қамтылған жастар саны	—	789 жас
STEM негізінде өтетін фестивальдер саны	жоқ	1 ауқымды фестиваль (жыл сайын жалғасады деп күтіледі)
Халықаралық деңгейге сай Hackathon ұйымдастырылуы	жоқ	1 рет өткізілді (450 000 тг жұлде қоры)

Жоба шеңберіндегі проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесі

Проблема	Жоба нәтижесі
Ауыл жастарының техникалық білімге шектеулі қолжетімділігі	Шешілді – 7 аудан қамтылды, заманауи жабдықпен жұмыс істеді
Робототехникаға бағытталған практикалық білімнің жоқтығы	Шешілді – курстар, байқаулар, фестиваль ұйымдастырылды
STEM саласына кәсіби бағдардың болмауы	Шешілді – өндірістік экскурсиялар, спикерлермен кездесу өтті
Оқушылардың жаңашыл идеяларын көрсету алаңының болмауы	Шешілді – Hackathon және инженерлік турнир өткізілді

Қорытынды

"AtyrauRobo" элеуметтік жобасы басталғанға дейін өңірде жүйелі инженерлік және технологиялық оқытуға қолжетімділік шектеулі болды, әсіресе аудан жастары үшін. Жоба нәтижесінде:

- Адами капиталдың техникалық бағыты дамыды,
- Жастардың заманауи ғылым мен инновацияға деген қызығушылығы артты,

- Өңірлік деңгейде STEM негізіндегі білім беру инфрақұрылымын жандандыратын алаң қалыптасты.

Бұл өзгерістер сапалы әрі нақты өлшенетін индикаторлар арқылы дәлелденді және өңірдің әлеуметтік даму траекториясына ұзақ мерзімді оң ықпал ететіні анық.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
789	476	313

Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
789	-	789	0	0	-	0	-	0	0	0

Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
789	565	224	0	0	0	0	0

3. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Жобаға барлығы 40 мүгедектігі бар жұмыссыз жас қатысушы тартылды. Оларға кәсіптік бағдар беру және жұмысқа орналастыру бойынша 1 тренинг өткізілді, оның ұзақтығы 3 күн болды. Сандық көрсеткіштер бойынша, барлық қатысушылар толық қатысып, өздерінің кәсіби дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік алды. 70% қатысушы өз-өзіне сенімінің артуын және нақты кәсіби қадамдар жасауға дайындықтарын атап көрсетті. Сапалық тұрғыдан алғанда, жастардың кәсіби бағыттағы мотивациясы артты, әлеуметтік белсенділігі күшейді, командалық жұмыс дағдылары дамыды және өз құқықтары мен мүмкіндіктері туралы ақпараттары толықты.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жобаның негізгі мақсаты – Индер ауданының жастарын әлеуметтендіру және олардың еңбек нарығына бейімделуін қолдау болды. Ұзақ мерзімді перспективада бұл жоба жастардың жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырып, өңірдегі әлеуметтік теңсіздікті азайтуға ықпал етеді. Жобаның әсері тек қатысушыларға ғана емес, олардың отбасылары мен қоғамға да таралады: жастардың табысты кәсіби интеграциясы қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты күшейтеді. Сонымен қатар, жобадан туындаған әлеуметтік белсенділіктің артуы

өңірдегі басқа бастамаларға да оң әсер тигізуі мүмкін – қоғамдық ұйымдардың жастармен жұмыс тәжірибесі көбейеді, волонтерлік іс-шаралар мен әлеуметтік жобаларды дамытуға қызығушылық артады.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, жоба қатысушылардың өз әлеуетін жүзеге асыруына мүмкіндік берді, олардың қоғамға белсенді араласуы күшейді. Жастардың кәсіби дағдылары мен сенімі артуы олардың тұрақты жұмыс табуына ықпал етеді, бұл өңірдегі жұмыссыздық деңгейін төмендетеді. Экономикалық тұрғыдан алғанда, қатысушылардың еңбек нарығына кіруі жергілікті экономиканың дамуына оң әсер етеді: табысы бар жастар тұтынушылық қабілеттерін арттырады, жаңа кәсіпорындар мен қызметтерге сұранысты қалыптастырады. Жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері – өңірде жастардың тұрақты дамуы мен еңбек әлеуетін арттыру, олардың өмір сапасын жақсарту және қоғамда әлеуметтік жауапкершіліктің күшеюі.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Ерекше ана-Ерекшем16+» қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: «Ұшқын» мүгедектігі бар жастардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған жобасы

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Атырау облысында мүмкіндігі шектеулі кемінде 15 жастарды әлеуметтендіру шараларын ұйымдастыру.

1-іс-шара. «ЕрекшеTALKS» ерекше қажеттілігі бар адамдармен инклюзивті диалог алаңы 20 дан кем емес мүгедектігі бар жастар, мемлекеттік орган өкілі, белсенді мүгедектігі бар адамдар, ҮЕҰ, тәжірибелі психолог маман қатысумен кездесу өткізу.

Инклюзивті жоба ерекше форматта өтті. Іс-шараның модераторы Индира Мерекенқызы болды. Кездесуге мүгедектігі бар 14 пен 35 жас аралығындағы 20 мүмкінділігі шектеулі жастар, күтушілерімен қатысты. Оларға қолайлы болу үшін Әбілхайыр хан даңғылы №58 мекенжайында орналасқан «Абай орталығының» конференц-залы таңдалды. Конференц-зал ғимараттың бірінші қабатында орналасқан ал, кіреберіс аумағында пандус және арнайы лифт бар. Инклюзивті алаңға жиналған жастар спикерлермен бірге топтасып “тең дәреже” қағидасымен ашық диалог құрды. Тәжірибелі психолог маман Алтынгүл Атабаеваның әдісімен, түрлі мәселені топтастырып, “Жастардың әлеуметтік белсенділігі және инклюзия” тақырыбында ой өрбітті. Ал, “Еркін пікір алаңында” спикерлермен сұрақ-жауап, пікір алмасып креативті ұсыныстар айтылды. Бұдан бөлек, қатысушыларға “Жарқыра” әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы, ҮЕҰ мектебі, “Бізде адамбыз” қоғамдық қорының іс-шаралары және “Шектелме” әлеуметтік жобалары туралы кеңінен ақпарат берілді. Бұл диалог алаңы қатысушыларға жергілікті билік өкілдеріне сұрақтарын агрессиясыз, ашық форматта қоюға және өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік берді. Жалпы шақырылған қонақтар мен қамтылуы 50-ден аса адамды қамтыды.

<https://www.instagram.com/p/DI6cHPKCBiL/?igsh=MWx2ZHJqOHh4b2FkcA==>

https://www.instagram.com/reel/DI_gKIuBgUQ/?igsh=MTd4MTNvY2d5a2dlMw==

<https://vm.tiktok.com/ZMAqtwnmh/>

<https://vm.tiktok.com/ZMAqtpp6Y/>

БАҚ бетіндегі материалдар:

<https://pricom.kz/novosti/osobyj-dialog-kak-v-atyrau-slushali-problemy-lyudej-s-invalidnostyu.html>

<https://atpress.kz/ru/news/v-atyrau/v-atyrau-organizovana-inklyuzivnaya-dialogovaya-ploshchadka-v-osobom-formate>

<https://www.inatyrau.kz/news/3937953/v-atyrau-organizovana-inkluzivnaa-dialogovaa-plosadka-v-osobom-formate>

2-іс-шара: «SMM&MOBILE PRO» таргет және мобилография біріктірілген үш күндік кәсіби курс.

Мүгедектігі бар 14–35 жас аралығындағы жастарға арналған “SMM & Mobile Pro” үш күндік оқыту курсы өтті. Курс SMM (әлеуметтік медиа маркетинг) және мобилография бағыттарын біріктіріп, қатысушылардың заманауи цифрлық дағдыларын дамытуға бағытталды. Шара “Сыйлық” бизнес орталығының коворкинг залында ұйымдастырылды. Ғимарат мүмкіндігі шектеулі азаматтарға бейімделген: ішінде арнайы лифт орнатылған. Курсты өткізу үшін өңірге танымал коуч, тәжірибелі маман Айгүл Кравцова шақырылды.

Ол арнайы оқыту бағдарламасын әзірлеп, үш күн бойы қатысушыларға теория мен тәжірибені ұштастыра отырып сабақ жүргізді. Бірінші күні қатысушыларға SMM бағытындағы негізгі ұғымдар, контент жоспарлау мен аудиторияны тарту әдістері түсіндірілді. Сабақтар арасында кофе-брейк ұйымдастырылды.

Екінші күні курс қатысушылары мобилографияның қыр-сырымен танысты. Алдымен теориялық дәріс өткізілді, кейін тәжірибелік бөлімде қатысушылар арнайы автобустармен “Жеңіс саябағына” барып, бейнеролик түсіріп, оны монтаждауды үйренді.

Үшінші күні таргетинг және жарнама жасау тақырыбында сабақ өтті. Қатысушылар әлеуметтік желілердегі жарнаманы тиімді жүргізу тәсілдерін меңгерді. Күн соңында дәстүрлі кофе-брейк ұйымдастырылып, курс соңында қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды.

Бұл үш күндік курс жастардың шығармашылық қабілетін дамытып, цифрлық бағытта өз кәсібін бастауға мүмкіндік берді. Жалпы саны 50-ден аса адам қамтылды, оның ішінде 20-аса мүмкіндігі шектеулі жас.

<https://www.instagram.com/reel/DKz7lgutAIC/>

<https://vm.tiktok.com/ZMSKEtuAG/>

<https://vm.tiktok.com/ZMSKEtuAG/>

<https://www.facebook.com/share/v/171o7QuuJq/>

<https://www.facebook.com/share/v/1Ev9qFqr8q/>

<https://www.instagram.com/reel/DK9YG3Donpl/>

БАҚ бетіндегі материалдар

<https://atpress.kz/ru/news/v-atyrau/molodjozh-s-osobymi-potrebnostyami-v-atyrau-osvoila-smm-i-mobilografiyu>

<https://pricom.kz/obshhestvo/start-dlya-osobennoj-samorealizaczii.html>

<https://www.instagram.com/reel/DK9PmfbIWj-/>

3-іс-шара: «Ерекше FASHION» инклюзивті сән көрсетілімі.

Атырау қаласында ерекше форматтағы сән көрсетілімі – «Ерекше Fashion» өтті. Іс-шара «Ұшқын» жобасы аясында ұйымдастырылып, мүгедектігі бар жастардың шығармашылық қабілеттерін танытып, өздеріне деген сенімін арттыруды мақсат етті. Сән көрсетілімі Абай орталығында өтті. Бұл орын өзінің кең әрі ыңғайлы инфрақұрылымымен ерекшеленеді: ғимаратта арба пайдаланатын қатысушыларға арналған пандустар мен лифттер орнатылған. Сондай-ақ орталықтың жоғары сапалы акустикасы мен жарық беру жүйесі сән кешінің көркем атмосферасын толықтырды. Подиумда ерекше жастар қазақы этно стильде тігілген заманауи және ыңғайлы киім үлгілерін ұсынды. Киім топтамасын арнайы осы жоба үшін «Мадам Айсу» сән үйі әзірледі. Қатысушылар этно нақыштағы спорттық киімдер мен көйлектерді, сондай-ақ өз қолдарымен өрнектеп безендірген жейделерін киіп шықты. Кештің көркемдік тұжырымдамасы шығармашылық пен еркіндікті тоғыстырды. Сахнада музыка мен сән үйлесім тауып, «Nomad Studio» ұжымы орындаған әуендер көрерменге ерекше әсер сыйлады. Шараға Атырау облысы әкімдігінің өкілдері арнайы қатысып, қатысушыларға қолдау мен жылы лебіздерін білдірді. Бұл олардың қоғамның әр мүшесіне қамқорлық пен құрмет танытатынын көрсетті. Кеш соңында барлық қатысушыларға сертификаттар мен алғыс хаттар табысталды. Ата-аналар өз балаларының сахнадағы батыл қадамын мақтанышпен тамашалап, қуаныш пен толқу сезімін жасырмады. «Ерекше Fashion» — бұл жай сән көрсетілімі емес, бұл қоғамдағы әрбір адамның мүмкіндігі шексіз екенін, әр талант пен әр жүрек құрметке лайық екенін дәлелдеген ерекше оқиға болды. 25 мүмкіндігі шектеулі жас пен күтіушілерімен қатысты. Жалпы көрермендер саны 250 адамнан асты.

<https://www.instagram.com/p/DO7864oCKrv/?igsh=eHgwYTBrtc2Nzd4>

https://www.instagram.com/p/DPOFz_wCBD-/?img_index=3&igsh=MW9ueDlxbHZta3Vibg==

БАҚ беттеріндегі материалдар

<https://www.instagram.com/reel/DPESqYwCD2-/?igsh=MWVhN2FmbDJpdHZjbg==>

<https://youtu.be/lwKhhh4L8Ug?si=RDY4syfFbWBIXCHK>

<https://youtu.be/57kN-zsOyLQ?si=Mqe9zDCw3ObCDu3B>

4-іс-шара: «Креатив LAB» үш күндік инклюзивті қолөнер тренингі.

1-ші іс-шара: Атырау қаласында 14–35 жас аралығындағы мүгедектігі бар жастарға арналған «Креатив LAB» атты үш күндік қолөнер тренингі ұйымдастырылды. Шара Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының тапсырысымен, «Ерекше Ана – Ерекшем 16+» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Kuralay_art_studio» шығармашылық кеңістігінде өтті. Тренингтің мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар жастардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, қолөнер арқылы өзін-өзі дамытуына жағдай жасау және әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету. Бірінші күні қатысушыларға тренингтің мақсаты мен міндеттері түсіндіріліп, жылы әрі еркін атмосфера орнады. Арт-терапия ұғымы мен оның психологиялық артықшылықтары туралы ақпарат берілді. Қолөнерге қажетті құралдар таратылып, қауіпсіздік нұсқаулығы таныстырылды. Қатысушылар өз ойларын бейнелеу үшін ақ қағазға сурет салды, бұл кезеңде креативті ойлау мен өзін еркін көрсетуге басымдық берілді. Кейін шоппер сәмкелерге сурет салып, оларды түрлі түстермен безендіріп, шығармашылық жұмыстарын жүзеге асырды. Күн соңында кері байланыс жүргізіліп, қатысушылар әсерлерімен бөлісті. Екінші күні тренинг тігін және қолөнер бағытында жалғасты. Қатысушылар ине мен жіпті ұстау тәсілдерін үйреніп, тігу техникасымен танысты. Ою-өрнектердің үлгілерін қиып жасап, өз қолымен бұйымдарға шекелік немесе ою тікті. Бұл күн қатысушылардың ұқыптылық пен шығармашылық үйлесімін дамытуға арналды. Үшінші күні бояу және сәндік өнер бағытындағы шеберлік жұмыстары өтті. Қатысушылар кәсіби бояғыштармен жұмыс істеу әдістерін меңгеріп, ақ қағазға сурет салудан бастап, өз бейнелерін жейделерге түсірді. Әркім өз қиялын бояу арқылы бейнелеп, ерекше авторлық жұмысын орындады. 25 мүмкіндігі шектеулі жас пен күтіушілерімен қатысты, дағдылар меңгерді.

Тренинг соңында қатысушылар өз еңбектерін таныстырып, естелік суретке түсті. Барлық қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды. «Креатив LAB» жобасы жастардың шығармашылық әлеуетін арттырып, өзін-өзі тануға, еңбек дағдыларын жетілдіруге және өзіне сенім ұялатуға мүмкіндік берді.

https://www.instagram.com/p/DNqT7_6i5oQ/?igsh=MWF6Nm1yNTJubGM4MA==

<https://www.instagram.com/p/DNsn3yDUIut/?igsh=emFtZG9mYnN3ZWl3>

<https://www.instagram.com/reel/DNswsrMws15/?igsh=MTBpZ3M1NjU4cTFjZw==>

БАҚ беттеріндегі материалдар:

<https://youtu.be/gyTNvuijYEg?si=G6svGHPYmxw9hwU5>

<https://youtu.be/NCQT1-KqFXU?si=0m1VRB5rZAM5Pgvb>

<https://www.instagram.com/reel/DNsFdhC0EpK/?igsh=MW44eDV5bGppdHFodw==>

2 міндет. Мүмкіндігі шектеулі жастар үшін оқыту шараларын өткізу (кәсіби бағдар беру, өзін-өзі күтіп-баптауға бейімделу және басқа да бағыттар)

1-іс-шара. Кәсіби дағдыларды үйретуге бағытталған үш күндік «Аспаздық мүмкіндіктер» курсы.

Алдымен үш күндік курсты арнайы орында ұйымдастыру жоспарланды. Ол үшін қала орталығындағы «Кувшин» мейрамханасының басшысы Динара Әлиевамен алдын-ала келіссөз жүргізілді. Ол мейрамхананың аспазы әрі әкімшісін осы үш күндік курсқа жауапты маман ретінде бекітті.

Курс барысында қатысушылар аспаздармен бірге аспаздықтың негізгі дағдыларын меңгеріп, тағам дайындаудың қыр-сырын үйренді. Жастардың көбі осы салада өз қабілеттерін әрі қарай дамытуға ниет білдірді. Ал аспаз мамандары олардың алғашқы күндермен салыстырғанда едәуір ілгерілеушілік танытқанын атап өтті. Курстың екінші күнінде қатысушылардың түрлі тағам түрлерін әзірлеуге деген ынтасы мен шығармашылығы ерекше байқалды. Сонымен қатар, ата-аналар да балаларын осы бағытта кәсіби тұрғыда дамытуды қолдайтындықтарын жеткізді. Үш күндік оқудың қорытындысы бойынша жоба қатысушылары Мадина мен Оразәлі жұмыс орнына жолдама алды. Бұл – олардың алған білімін тәжірибеде қолдануға үлкен мүмкіндік болды.

Қорытынды кезеңге облыстық Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Айгерім Жәрдемқызы қатысып, “ерекше” жастармен тілдесіп, олардың пікірлерін тыңдады. Сондай-ақ, қатысушыларға “Аспаздық мүмкіндіктер” курсы сәтті аяқтағанын растайтын сертификаттар табыстады. Бұдан бөлек, “Кувшин” мейрамханасының әкімшілігі де өз атынан арнайы сертификаттар ұсынып, жастарға қолдау көрсетті және ерекше ықылас танытты. Бұл бастама мүгедектігі бар жастардың кәсіптік дағдыларын жетілдіруге, еңбек нарығына бейімделуіне және қоғамға белсенді араласуына жол ашты. 20 мүмкіндігі шектеулі жас пен күтіушілерімен қатысты.

<https://www.instagram.com/p/DLAq7mZiYsh/>

<https://www.tiktok.com/@ereksheanaerekshem16/video/7517366708336610566>

<https://www.facebook.com/share/p/19K1YbmKbf/>

<https://www.instagram.com/p/DLDZBnxN-qC/>

<https://vm.tiktok.com/ZMSKofQYe/>

<https://www.facebook.com/share/v/16rEBFJRBm/>

БАҚ БЕТТЕРІНДЕГІ МАТЕРИАЛДАР:

<https://atr.kz/qogam/aspaz-bolamyn/>

https://youtu.be/kHaeR1lPEoM?si=8bUFE2GN_-ROHUIZ

2 іс-шара. Өзін-өзі баптауға бейімделу бағыты бойынша мүмкіндігі шектеулі жастарға Инклюзивті тимбилдинг бағдарламасы «Жаңа мен».

Ерекше форматтағы «Жаңа Мен» инклюзивті тимбилдингті бұл шара жобаның алты ай бойы белсенді қатысып келген қатысушыларын бір арнаға тоғыстырып, олардың жетістіктерін атап өтуге арналды. Іс-шара табиғаты әсем “Нұрлы тал” этнопаркінде ұйымдастырылды. Қатысушылар табиғат аясында еркін тыныстап, өзін-өзі баптауға бейімделу бағыты бойынша садақ атып, атқа мініп, көңілді әрі белсенді демалыс өткізді. Тимбилдинг барысында қатысушыларға арналған түрлі топтық және психологиялық ойындар өткізілді. Бағдарламаға кәсіби мамандар — психолог Петрова Нина Алексеевна мен бизнес-тренер Шынтемирова Гүлмира қатысып, қатысушылармен мотивациялық және өз-өзін тануға бағытталған жаттығулар жүргізді. Сондай-ақ шараға «Студенттер Альянсы» еріктілері белсене атсалысты. Кеш барысында көңілді концерттік бағдарламалар ұйымдастырылып, қатысушыларға арналған арнайы дастархан жайылды. Тимбилдингтің ең әсерлі сәттерінің бірі — жоба барысында белсенділік танытқан қатысушыларды марапаттау болды. Оларға киім дүкендерінен сыйлық сертификаттары табысталды. «Жаңа Мен» инклюзивті тимбилдингті – тек көңіл көтеру емес, қоғамдағы инклюзивті мәдениетті нығайту, ерекше жандардың өз қабілеттерін танытып, өз-өзіне сенімін арттыруға бағытталған мағыналы кездесу болды. Жалпы тимбилдингке 34-ке жуық мүмкіндігі шектеулі жас қамқоршысымен қатысты.

https://www.instagram.com/p/DPOGaPGiO_0/?img_index=1&igsh=MWc0anp2MHYyNXJpaw==

<https://www.instagram.com/reel/DPOGJe5iIK6/?igsh=MTN5eDFncHZ6dnlrMA>

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы.

1-іс-шара. Жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясын өткізу.

Жоба нәтижелері бойынша қорытынды видеоролик және презентация әзірленіп, әлеуметтік желілерде таратылды. <https://www.instagram.com/reel/DPOSZR5CPYz/?igsh=YTc4NHFqcjl0bXJj>

2-іс-шара. Жобаға қатысқан мүмкіндігі шектеулі жастардың өміріне жобаның оң әсерін байқаған қатысушылардың үлесін анықтау.

Сауалнама нәтижелері бойынша, жобаның мүмкіндігі шектеулі жастардың өміріне оң әсер еткені анықталды. Қатысушылардың басым бөлігі жобаның олардың әлеуметтік белсенділігі мен өз-өзіне деген сенімін арттырғанын атап өтті. Жобаға қатысқан мүмкіндігі шектеулі жастардың өміріне жобаның оң әсерін байқаған қатысушылардың үлесі 90% аса көрсеткішті құрады.

Жобаның тікелей бенефициарларының саны –500 адам. Олардың қатарында түрлі әлеуметтік топтардан келген, өмірлік және кәсіби дағдыларын дамытуға ынталы жастар бар.

Жоба нәтижесінде мүмкіндігі шектеулі жастардың әлеуметтену деңгейі артты, олар қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысып, жаңа таныстар мен тәжірибе жинақтады. Бұл өз кезегінде олардың қоғамға бейімделуіне және әлеуметтік интеграциясына оң ықпал етті.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс.

1-іс-шара. Жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс.

Жоба туралы ақпарат әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен таралды.

Facebook, Instagram және TikTok әлеуметтік желілерінде жобаның мақсаттары мен іс-шаралары бойынша 50-ден аса жарияланым орналастырылды. Жалпы ақпараттық қаралым саны 10 000-нан асты.

Сонымен қатар, жоба туралы бұқаралық ақпарат құралдарында 10-нан астам мақала мен репортаждар жарық көрді. БАҚ-тағы жарияланымдар жобаның қоғамдағы өзектілігін арттырып, кең аудиторияның назарын аударуға мүмкіндік берді.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

1.) Атырау облысында мүмкіндігі шектеулі кемінде 15 жасты әлеуметтендіру шаралары ұйымдастырылды.

Осы бағытта «ЕрекшеTALKS» инклюзивті диалог алаңы, «SMM & MOBILE PRO» 3 күндік кәсіби курсы, «EREKSHE FASHION» инклюзивті сән көрсетілімі, «Креатив Lab» 3 күндік шығармашылық зертханасы және қолөнер тренингі өткізілді. Іс-шараларға 20-дан астам мүмкіндігі шектеулі жастар, мемлекеттік органдар өкілдері, ҰЕҰ мүшелері мен психолог мамандар қатысты.

2.) Мүмкіндігі шектеулі жастар үшін оқыту шаралары өткізілді.

Атап айтқанда, 3 күндік «Аспаздық мүмкіндіктер» кәсіби бағдарлау және тұрмыстық дағдыларды дамыту курсы мен «Jana Men» тимбилдинг ұйымдастырылды.

3.) Жоба шеңберінде өткізілген іс-шараларға жалпы 500-ден астам адам қатысты.

Қатысушылар қатарында мүмкіндігі шектеулі жастар, еріктілер, ҰЕҰ өкілдері және жергілікті қауымдастық мүшелері болды.

Жоба туралы ақпаратты тарату мақсатында әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында кең ақпараттық жұмыс жүргізілді. Facebook, Instagram және TikTok желілерінде 50-ден астам жарияланым орналастырылып, жалпы қаралым саны 10 000-нан асты. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарында жоба туралы 10-нан астам мақала мен репортаждар жарық көрді.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жоба мақсаты:

Атырау облысында 14–35 жас аралығындағы мүмкіндігі шектеулі кемінде 20 жасты әлеуметтендіру шараларын ұйымдастыру, мүгедектігі бар жастардың жеке кәсіби әлеуетін дамыту және еңбек нарығына интеграциялауға жағдай жасау.

Іске асырылған жұмыс нәтижелері:

Жоба аясында мүмкіндігі шектеулі жастар үшін кәсіби бағдар беру, өзін-өзі күтіп-баптауға бейімделу және жеке әлеуетті дамыту бағыттарында оқыту шаралары өткізілді. Мүгедектігі бар жастарды қоғамға интеграциялау және әлеуметтендіруге бағытталған 5 іс-шара ұйымдастырылып, барлығы 500-ге жуық адам қамтылды.

Жобаның ақпараттық бағытында әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында түрлі материалдар жарияланды. Қатысушылардың қорытынды сауалнамасы нәтижесінде жобаның өмірлеріне оң әсерін байқағандардың үлесі 93,8%-ды құрады, сауалнамадан өткен 30 адам оң өзгеріс байқағандығын растады.

Жалпы, жоба өз мақсатына толық қол жеткізді және Атырау облысындағы мүгедектігі бар жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға, олардың әлеуметтенуіне және жаңа дағдыларды меңгеруіне елеулі үлес қосты.

“Үшқын” жобасы аясында өткізілген іс-шаралар нақты әрі оң нәтижелер берді. Әлеуметтендіруге бағытталған “Ерекше Talks” диалог алаңынан кейін қатысушы Аманжол Хайрошев өз кәсібін бастады. Ал кәсіби дағдыларды дамыту және кәсіпкерлікке бейімдеу мақсатындағы “Аспаздық мүмкіндіктер” курсының түлектерінен екі адам аспаз көмекшісі ретінде тұрақты жұмысқа орналасты. Инклюзивті сән көрсетілімінен соң Сағат Алихан Атырау қаласы дизайнерлер қауымдастығы ұйымдастырған іс-шарада кәсіби модельдермен бірге подиумға шықты. Жалпы жоба барысында қатысушылар арасында достық және өзара қолдау атмосферасы қалыптасып, олардың қоғаммен байланысы нығайды. Қатысушылар өз бастамаларын ұсынуға, пікір білдіруге, шағын кездесулер ұйымдастыруға және оқу мен еңбекке қызығушылық танытуға мүмкіндік алды.

Жеке кәсіпкерлік бастама:

Жоба: “Erekshe Talks” шарасының қатысушысы.

Аты-жөні: Хайрошев Аманжол.

Туған жылы: 2005 жыл.

Тұрғылықты жері: Атырау қаласы, Жылыой ауданы, Мақат ауылы.

Жетістігі: Бизнес бастау мемлекеттік грантына өтінім беріп, оны ұтып алды.

Ашылған кәсібі: “Virtual arena” виртуалды ойын алаңы.

Жұмыспен қамту: Өз кәсібінде 3 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Жазғы жұмысқа орналасу:

Іс-шара: “Аспаздық мүмкіндіктер”.

Жұмысқа орналасу бағдарламасы: Enbek.gov.kz сайты арқылы Атырау қалалық Мансап орталығының “Менің жазғы каникулым” бағдарламасы.

Жұмыс орны: “Кувшин “мейрамханасы.

Лауазымы: Аспаз көмекшісі.

Қатысушылар:

Каллидулина Мадина (24 жаста) – Оңайбай Көшеков атындағы Атырау аграрлы техникалық колледжінің 3-курс студенті.

Ілес Жанатбек (17 жаста) – Атырау қаласы, Д. Қонаев атындағы мектептің 11-сынып оқушысы.

Сән саласында жұмысқа орналасу:

Іс-шара: "Erekshe Fashion".

Қатысушы: Оразбайқызы Ақмарал.

Мәлімет: Атырау қаласы, Қатира Дүтбаева атындағы колледждің 4-курс студенті (19 жаста).

Жұмыс орны: Дизайнерлік киім ұсынған "Madam Aisu" сән салоны.

Кәсіби сән көрсетіліміне қатысу:

Іс-шара: "Erekshe Fashion".

Қатысушы: Сағат Алихан.

Мәлімет: 14 жаста (12.01.2011 ж.т.), Атырау қаласы, №39 мектептің оқушысы.

Жетістігі: Атырау қаласы Дизайнерлер Қауымдастығы ұйымдастырған Grand Fashion Atyrau 5 сезон кәсіби сән көрсетілімінде кәсіби подиумға шықты.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: Жоспардан ауытқу жоқ.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

«Ұшқын» әлеуметтік жобасы 2025 жылғы наурыз–қараша айлары аралығында Атырау қаласында іске асырылды. Жоба 14–35 жас аралығындағы мүмкіндігі шектеулі жастардың әлеуметтенуін, кәсіби бағдарлануын және еңбек нарығына бейімделуін арттыруды мақсат етті.

Жалпы әлеуметтік жобаның бастапқы іске асуымен аяқталуының арасында үлкен өзгеріс бар. Мәселен, мүлдем оқшауланып қалған жастар жоба соңында ашылып өз әңгімелері мен қызығушылықтарын айта бастады. Ал, үнемі өз ойларын айта білетін бірақ нақты іс-әрекеттен қорқатын өзін ортадан тыс көретіндер керісінше, әрекет ете білді. Қызметке, оқып-білуге ұмтылды. Жобада жүзеге асқан қызықты психологиялық ойындарда белсенділік танытты. Бұл іс-шаралар ұзақ жылдар бойы мүгедектігі бала тәрбиелеп отырған олардың ата-аналары үшін де серпіліс болды.

Жоба іске асырылған кезеңде келесі әлеуметтік және сапалық өзгерістер байқалды:

1. Мүмкіндігі шектеулі жастардың әлеуметтену деңгейі артты. Жобаның аясында ұйымдастырылған «ЕрекшеTALKS» инклюзивті диалог алаңы, «SMM & MOBILE PRO» кәсіби курсы, «EREKSHE FASHION» сән көрсетілімі, «Креатив Lab» және қолөнер тренингтері қатысушылардың өз-өзіне сенімін нығайтып, қоғам өміріне белсенді араласуға ынталандырды.
2. Жастардың кәсіби және өмірлік дағдылары қалыптасты. «Аспаздық мүмкіндіктер» атты үш күндік курс пен «Жаңа Мен» тимбилдинг барысында қатысушылар жаңа дағдыларды меңгеріп,

барлығы							
500	50	94	82	164	80	30	-

3. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

«Үшқын» жобасы аясында Атырау облысындағы мүмкіндігі шектеулі жастарға арналған бірнеше іс-шара ұйымдастырылды. Жобаның тікелей бенефициарлары – 500 адам, олардың ішінде 14–35 жас аралығындағы 40–50 мүгедектігі бар жастар белсенді түрде қатысты.

- **«Ерекше TALKS» диалог алаңы** – 20 мүгедектігі бар жас, мемлекеттік орган өкілдері, белсенділер және психологтар қатысқан инклюзивті форматта өтті. Қатысушылар «Жастардың әлеуметтік белсенділігі және инклюзия» тақырыбында ашық пікір алмасып, жергілікті билік өкілдеріне сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды.
- **«SMM & Mobile Pro» үш күндік кәсіби курсы** – 50 қатысушы, оның ішінде 20 мүгедектігі бар жас, SMM және мобилография бағыттарында цифрлық дағдыларын жетілдірді, кәсіби сертификаттарға ие болды.
- **«Ерекше Fashion» инклюзивті сән көрсетілімі** – 25 мүгедектігі бар жас қатысып, өз шығармашылық қабілеттерін көрсетті, көрермендер саны 250 адамнан асты.
- **«Креатив LAB» қолөнер тренингі** – 25 мүгедектігі бар жас қатысып, арт-терапия, тігін және сурет өнері бойынша тәжірибелік дағдыларын жетілдірді.
- **«Аспаздық мүмкіндіктер» курсы** – 20 қатысушы аспаздық шеберліктерін үйреніп, кейбір қатысушылар нақты жұмыс орнына жолдама алды.
- **«Jana Men» инклюзивті тимбилдинг** – 34 мүгедектігі бар жас қамқоршыларымен бірге әлеуметтік бейімделу, топтық және психологиялық ойындар арқылы өзін-өзі дамыту мүмкіндігіне ие болды.

Сапалық нәтижелер бойынша, қатысушылардың әлеуметтік белсенділігі артты, өз-өзіне деген сенімі күшейді, шығармашылық және кәсіби дағдылары дамыды. Жастардың қоғамдық іс-шараларға қатысуы көбейді, топтық жұмысқа бейімделуі жақсарды, қоғамдағы өз орнына деген сенімі нығайды.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жобаның негізгі мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жастардың әлеуметтенуі және олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту. Ұзақ мерзімді перспективада:

- Жастардың еңбек нарығына бейімделуі артады, кәсіби дағдыларын қолдана отырып тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғарылайды.
- Қатысушылардың әлеуметтік белсенділігі мен өз-өзіне деген сенімі қоғамдағы инклюзивті мәдениетті нығайтады.
- Жоба жастардың өз ойларын ашық айтуға және билікпен диалог құруға үйренуіне ықпал етеді, бұл жергілікті басқару процесін де оңтайландырады.

- Болашақта өңірде басқа әлеуметтік жобалар мен волонтерлік бастамаларға қызығушылық артып, қоғамдық ұйымдардың тәжірибесі жетіледі.

Жобаның ықпалы тек қатысушыларға ғана емес, олардың отбасылары мен қоғамға да таралады: жастардың табысты әлеуметтік интеграциясы әлеуметтік тұрақтылықты күшейтеді және әлеуметтік теңсіздікті азайтуға үлес қосады.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Әлеуметтік әсері: жобаның нәтижесінде мүмкіндігі шектеулі жастар қоғамдық іс-шараларға белсенді қатыса бастады, шығармашылық және кәсіби әлеуметтері артып, өз-өзіне деген сенімі нығайды. Бұл олардың қоғамдағы интеграциясын жеңілдетеді.

Экономикалық әсері: жастардың кәсіби дағдыларын дамыту және жұмысқа бейімделу экономикалық белсенділікті арттырады.

Мысалы, «Аспаздық мүмкіндіктер» курсы аяқтаған жастар нақты жұмыс орнына жолдама алды, бұл олардың табысын арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, SMM және мобилография курстары цифрлық кәсіпкерлік дағдыларын дамыту арқылы жастардың экономикалық потенциалын күшейтті.

Жалпы, жоба өңірдегі мүмкіндігі шектеулі жастардың әлеуметтік және экономикалық дамуына ықпал етіп, қоғамдағы инклюзияны арттыруға септігін тигізді.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Инфо Орталық» қоғамдық бірлестігі

Басым бағыттың атауы: Мақат ауданының жастарын әлеуметтендіру

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1 міндет. Мақат Жастар ресурстық орталығымен бірлескен іс-шаралар жоспарын бекіту және оны іске асыру

1 іс-шара Мақат ауданы жастарының қызығушылықтарын ескеріп, іс-шаралар жоспарын жасақталды. Мақат аудандық Жастар ресурстық орталығымен келісім жасалды. Келісілген іс-шаралар жоспары Мақат аудандық Жастар ресурстық орталығымен бекітілді. Іс-шара фото есеп арқылы расталды. Әлеуметтік желіге пост жарияланды.

2 іс-шара. Іс-шаралар жоспарын Мақат аудандық Жастар ресурстық орталығымен дөңгелек үстел ұйымдастыру

“Talaptan Maqat” жобасы өз жұмысын табысты бастады. Жобаның негізгі мақсаты – Мақат ауданы жастарын әлеуметтендіру, олардың белсенділігін арттыру және облыстық деңгейдегі бастамаларға қатысуына жағдай жасау болды. Жоба аясында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, оған партия өкілдері, мұғалімдер және белсенді жастар қатысты. Іс-шара барысында жобаның бағыттары таныстырылып, “Инфо Орталық” қоғамдық бірлестігі мен Мақат аудандық Жастар ресурстық орталығы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Сонымен қатар, аудан жастарының қызығушылықтары ескеріліп, жылдық іс-шаралар жоспары жасақталып, ресми түрде бекітілді. Барлық өткізілген шаралар фото және бейне есептермен расталып, әлеуметтік желілерде жарияланды. Нәтижесінде, “Talaptan Maqat” жобасы аудан жастарының белсенділігін арттыру мен қоғамдық өмірге тартуда нақты қадам жасаған табысты бастама ретінде танылды.

Сілтемелер: Шығармашылық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/1WHSCdkV_Ye-QTB2xRhOCIZp1TSGIV3Fy?usp=drive_link

Әлеуметтік желі: https://www.instagram.com/reel/DIwboaSI9Ap/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2 міндет. Мақат ауданының және ауданның кемінде 3 елді мекенінің жастарына арналған "We talk" консультациялық алаңын ұйымдастыру

1 іс-шара. 2025 жылғы 22–23 сәуір аралығында (22 сәуір 2025 жыл, сағат 10:00 – Мақат кенті, Жастар ресурстық орталығы, 22 сәуір 2025 жыл, сағат 15:00 – Бәйгетөбе ауылдық округі, Мектеп-балабақша кешені, 23 сәуір 2025 жыл, сағат 10:00 – Доссор кенті, Доссор мәдениет үйі, 23 сәуір 2025 жыл, сағат 15:00 – Доссор кенті, Х. Санбаев атындағы мектеп) Мақат ауданында және ауданның үш елді мекенінде — Мақат кенті, Доссор кенті және Бәйгетөбе ауылдық округінде “We Talk” консультациялық алаңы ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – ауыл жастарының қаржылық, құқықтық, әлеуметтік, цифрлық сауаттылығын арттыру және өзекті ақпарат алу мүмкіндігін кеңейту болды. Консультациялық алаңдар әр елді мекенде жеке бағдарлама бойынша өткізілді, шараларға барлығы 5 спикер мен түрлі сала мамандары тартылды. Әр локацияда жастар өздерін қызықтырған сұрақтарға жеке және топтық форматта жауап алды. Іс-шараға дейін ақпараттық жұмыстар жүргізіліп, жастарды тарту мақсатында ресми хаттар жолданып, әлеуметтік желілер мен ауызша шақыру тәсілдері пайдаланылды. Әрбір елді мекен бойынша пресс-релиз дайындалып, фото және бейнематериалдармен қамтамасыз етілді, әлеуметтік желілер мен жергілікті БАҚ беттерінде жарияланымдар жасалды. Нәтижесінде, “We Talk” консультациялық алаңы жастардың ақпаратқа қолжетімділігін арттыруға, кәсіби және өмірлік бағыттарын айқындауға мүмкіндік берген тиімді жоба ретінде бағаланды. Жалпы қатысушы саны – 200 адам.

Сілтемелер: Шығармашалық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/1OknUA16Jfq8j029M6OhSIRUMtM6npHa?usp=drive_link

Әлеуметтік желі: https://www.instagram.com/p/DId1Mw5oy1Q/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

<https://maqat-tynysy.kz/zhanalyqtar/audan/zhastar-aleuetin-arttyrug-a-arnalghan-auqymdy-qadam.html>

3 міндет. Мақат ауданында ұйымдастырылмаған жастарға (халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан жастар, мүмкіндігі шектеулі жастар, жұмыссыз жастар, бала күтімі бойынша демалыста жүрген жас аналар) арналған кемінде 1 зияткерлік, 1 спорттық және 1 мәдени-бұқаралық іс-шара ұйымдастыру.

1 іс-шара. Мақат ауданында ұйымдастырылмаған жастарға арналған мәдени іс-шара ұйымдастыру. 2025 жылдың 19 мамырында Мақат ауданында “Talaptan Maqat” жобасы аясында “Talaptan жастар кубогі” атты Көңілді тапқырлар клубы (КТК) форматындағы мәдени іс-шара өткізілді. Кештің мақсаты — аудан жастарының шығармашылық қабілеттерін, тапқырлық пен ұйымшылдық дағдыларын дамыту және жастар арасындағы достық байланыстарды нығайту болды. Іс-шараға барлығы 8 команда қатысып, 200-ге жуық көрермен жиналды. Командалар өз өнерлерін әзіл, сахналық қойылым және креативті ойлар арқылы көрсетті. Нәтижесінде, 1-орынды “Әжесінің балалары”, 2-орынды “Доссор” командасы, 3-орынды “Мақат қыздары” иеленді, ал “Үздік ойыншы” атағы Асет Берекетке берілді. Шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, жастардың мәдени белсенділігі мен сахналық шеберлігін арттыруға ықпал етті. Іс-шара туралы пресс-релиз, есеп, қатысушылар тізімі, 10 фото, 1 видеоматериал, және 2 әлеуметтік желідегі жарияланым әзірленіп, БАҚ бетінде 1 материал жарияланды. Жалпы алғанда, “Talaptan жастар кубогі” жобасы аудан жастары үшін шығармашылық шабыт пен ұмытылмас әсер қалдырған мазмұнды мәдени оқиға болды.

Жалпы қатысушы саны – 205 адам.

Сілтемелер: Шығармашалық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/1rXJov9zQj4at34bzehTQ6KCt4NNd0wzc?usp=drive_link

Әлеуметтік желі: https://www.instagram.com/reel/DJ35cNXtPml/?utm_source=ig_web_copy_link

2 іс-шара. Мақат ауданында ұйымдастырылмаған жастарға арналған спорттық іс-шара ұйымдастыру. 2025 жылдың 16–17 маусым күндері “Talaptan Maqat” жобасы аясында Мақат ауданы, Мақат кентінде “Talaptan Football Cup” атты мекемелер арасындағы футбол турнирі ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – жастардың спортқа деген қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын

насихаттау және ұйымдастырылмаған жастарды қоғам өміріне тарту болды. Турнирге барлығы 188 жас қатысты, олардың басым бөлігі — ұйымдастырылмаған жастар. Екі күнге созылған дода барысында командалар жоғары спорттық дайындық, ұйымшылдық және шеберлік танытты. Нәтижесінде, 1-орынды “Локомотив”, 2-орынды “НЖС”, 3-орынды “БЖСМ” командасы иеленді. Іс-шара жоғары деңгейде өткізіліп, қатысушылар мен көрермендердің оң пікіріне ие болды. Турнир туралы іс-шара бағдарламасы, ереже, хаттама, пресс-релиз, есеп, қатысушылар тізімі, 10 фото және 1 видеоматериал әзірленіп, 2 әлеуметтік желідегі жарияланым және 1 БАҚ-та мақала жарық көрді. “Talaptan Football Cup” турнирі аудан жастарының спорттық белсенділігін арттырып, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға серпін берді.

Жалпы қатысушы саны – 199 адам.

Сілтемелер: Шығармашалық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/1Ryd_hERI6H4dMwqm9DPSOpjrfc6pUJcd?usp=drive_link

Әлеуметтік желі: https://www.instagram.com/reel/DLF6VgENMTN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

3 іс-шара. Мақат ауданында ұйымдастырылмаған жастарға арналған зияткерлік іс-шара ұйымдастыру 2025 жылдың 29 шілдесінде «Talaptan Maqat» жобасы аясында Мақат ауданы, Мақат кентінде «Talaptan Quiz» атты зияткерлік ойын өткізілді. Шараның мақсаты — жастардың ой-өрісін кеңейту, зияткерлік қабілеттерін дамыту және командалық рухты қалыптастыру болды. Іс-шараға ауданның белсенді және жұмысшы жастары қатысып, жалпы 60 адам қамтылды. Ойын 6 кезеңнен тұрды, қатысушылар логикалық, тарихи және мәдени сұрақтарға жауап беріп, білім мен тапқырлықтарын көрсетті. Нәтижесінде, 1-орынды “Жастар” командасы (Жасыл ел сарбаздары), 2-орынды “Движенцы” командасы (Станция жастары), 3-орынды “Кеттік, поехали, Let’s go” командасы (Мұғалімдер) иеленді. Жеңімпаздарға 100 000, 50 000 және 25 000 теңге көлемінде ақшалай сертификаттар табысталды. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылардан оң пікірлер мен алғыстар айтылды. Ойын бойынша іс-шара бағдарламасы, ереже, хаттама, қатысушылар тізімі, есеп, 10 фото, 1 видеоматериал, 1 БАҚ жарияланым және 1 әлеуметтік желі посты дайындалды. «Talaptan Quiz» зияткерлік ойыны жастардың белсенділігін арттырып, олардың уақытын тиімді өткізуге және білімге деген қызығушылығын дамытуға ықпал етті.

Сілтемелер: Шығармашалық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/1o8I3GImi5x6-068-E1SS7RHVJR--rlbt?usp=drive_link

Әлеуметтік желі: https://www.instagram.com/reel/DM4rNfyN7UI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DMsnPjptIqr/?utm_source=ig_web_copy_link

4 іс-шара. «Talaptan Maqat» жобасы аясында жоғары деңгейде ұйымдастырылған үш іс-шараның (КТК ойыны, футбол турнирі және зияткерлік ойын) нәтижесінде аудан көлемінде жастармен тікелей байланыс орнатылып, олардың әлеуметтік мәртебелері ескерілді. Іс-шаралар барысында халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан жастар, мүмкіндігі шектеулі жастар, жұмыссыз жастар, бала күтімі бойынша демалыста жүрген жас аналар, сондай-ақ ауданның белсенді жастарының тізімі жасақталды. Бұл деректер алдағы уақытта жастармен мақсатты жұмыс жүргізу, оқу мен жұмыспен қамту бағытындағы қолдау шараларын жоспарлау үшін маңызды база ретінде пайдаланылатын болады.

4 міндет. Мақат ауданының жастар арасында қаржылық, құқықтық, цифрлық сауаттылықты арттыру және жасанды интеллектіні пайдалану бойынша кездесу серияларын ұйымдастыру.

«Talaptan Maqat» жобасы аясында жастардың білімін арттыруға бағытталған маңызды іс-шаралар сериясы өткізілді. Атап айтқанда, Мақат ауданы, Мақат кентінде 2025 жылдың 25 қыркүйегінде – «Қаржылық сауаттылық», 26 қыркүйегінде – «Құқықтық сауаттылық», 22 қазанында – «Жасанды интеллектіні пайдалану», және 23 қазанында – «Цифрлық сауаттылық» тақырыптарында төрт ауқымды тренинг-кездесу ұйымдастырылды.

Кездесулердің басты мақсаты — аудан жастарының заманауи дағдыларын дамыту, құқықтық және цифрлық мәдениетін арттыру, сондай-ақ қаржыны тиімді басқару мен жасанды интеллекті күнделікті өмірде қолдану жолдарын түсіндіру болды.

Барлығы 4 бағыт қамтылды, әр тақырып бойынша жеке бағдарлама жасалып, спикерлердің тізімі мен түйіндемелері дайындалды. Кездесулерге 240-қа жуық жас қатысып, белсенді пікір алмасу жүргізілді.

Іс-шаралар аясында ақпараттық жұмыстар жүргізіліп, жастарды тарту мақсатында әлеуметтік желілерде жарияланымдар жасалды. Әр тренинг бойынша пресс-релиздер, фото және видео материалдар, сондай-ақ қатысушылар тізімі мен іс-шара есептері әзірленді.

Жалпы алғанда, бұл кездесулер жастардың практикалық білімін арттыруға, өзін-өзі дамыту мен жаңа технологияларды меңгеруге деген қызығушылығын күшейтуге ықпал етті.

Сілтемелер: Шығармашалық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/1jX3uIkZtamqNedjoV1QK0MXe-cvpOdsf?usp=drive_link

Әлеуметтік желі: https://www.instagram.com/reel/DPDdrmDiJXt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

5 міндет. Мақат ауданының жастары үшін кәсіптік бағдар беру кездесуін ұйымдастыру.

«Talaptan Maqat» жобасы аясында жастардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға бағытталған кәсіптік бағдар беру кездесуі ұйымдастырылды. Іс-шара 2025 жылғы 16 қазанда Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кентіндегі «Доссор» мәдениет үйінде өтті.

Кездесудің негізгі мақсаты — 9–11 сынып оқушыларына еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат беру, кәсіби бағдар беру мәдениетін қалыптастыру және оқушыларды саналы мамандық таңдауға ынталандыру болды.

Іс-шараға төрт арнайы маман қатысып, өз салаларындағы тәжірибелерімен бөлісті. Спикерлер қатарында білім беру, өндіріс, көлік және логистика, сондай-ақ техникалық бағыттағы кәсіби мамандар болды. Олар оқушыларға еңбек жолындағы нақты мүмкіндіктер, мамандық таңдаудағы басты қағидалар мен табысқа жету жолдары туралы айтты.

Кездесуге 205 оқушы қатысып, белсенділік танытты. Оқушылар арасында қызығушылықты анықтау мақсатында сауалнама жүргізіліп, нәтижелері бойынша талдау жасалды.

Іс-шара аясында фото және видео материалдар дайындалып, әлеуметтік желілер мен БАҚ-та жарияланды.

Жалпы, кәсіптік бағдар беру кездесуі аудан жастарына өз қабілеттерін тануға, еңбек нарығының сұранысына бейімделуге және болашақ мамандығын анық таңдауға мүмкіндік берді.

Сілтемелер: Шығармашалық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/1oU8aUtyfm_c0KYYUIcXBM9OWAsuZTvrB?usp=drive_link

Әлеуметтік желі: https://www.instagram.com/reel/DP5xodtjK3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

<https://maqat-tynysy.kz/zhanalyqtar/audan/audanda-isker-talks-ksiptik-bagdar-beru-sharasy-tti.html>

6 міндет. Өз елді мекенін дамыту үшін Мақат ауданының жастарына кемінде 3 шағын грант (әрбір Грант сомасы – 1 000 000 теңге) беру үшін конкурс ұйымдастыру, табыстау және жүргізу.

1 іс-шара. «Talaptan Maqat» жобасы аясында **шағын гранттар беру конкурсының ережесі жасақталып, тапсырыс берушімен келісім негізінде**

бекітілді. Ереже екі тілде – **қазақ және орыс тілдерінде** әзірленіп, жоба талаптарына сай ресімделді. Бекітілген ереже мен өтінім беру үлгісі әлеуметтік желілерде жарияланып, жастар арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, жоба туралы материал БАҚ-та жарияланып, конкурс шарттары аудан жастарына кеңінен таныстырылды. Бұл қадам шағын гранттар конкурсын ашық және әділ өткізуге, сондай-ақ жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға мүмкіндік берді.

2 Іс-шара. «Talaptan Maqat» жобасы аясында шағын гранттар беру конкурсын ұйымдастыру және өткізу жұмыстары жоғары

деңгейде жүзеге асырылды. Конкурсқа қатысуға Мақат ауданының 16–35 жас аралығындағы жастары белсенділік танытып, өздерінің әлеуметтік бастамалары бойынша өтінімдер ұсынды. Жұмыстардың ашық әрі әділ өтуін қамтамасыз ету мақсатында конкурстық

комиссия жасақталып, құрамына мемлекеттік орган, бизнес және жастар ұйымдарының өкілдері енді. Комиссия құрамында 5 мүше болды, олардың әрқайсысының түйіндемесі рәсімделіп, бекітілді. Комиссия отырысы 2025 жылғы 29 қыркүйекте сағат 15:00-де онлайн форматта (Zoom платформасында) өтті. Барлық өтінімдер алдын ала белгіленген критерийлер бойынша қаралып, әділ бағалау нәтижесінде 3 жеңімпаз анықталды:

Нұрышева Данагүл Бауыржанқызы « JASTAR HUB » Жастар Коворкинг орталығы жобасы

Асылбек Жұмабекұлы Есжан “Қуаныш мекені” жобасы

Беріков Серікболсын Берікұлы «Bibliotech» коворкинг орталығы жобасы

Отырыстың нәтижесі бойынша хаттама толтырылып, фотоесеп дайындалды. Гранттарды табыстау рәсімі өтті. Іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желілер мен жергілікті БАҚ-та жарияланып, видеоматериал әзірленді. Нәтижесінде жастардың өз идеяларын іске асыруға мүмкіндік беретін әлеуметтік жоба тиімді жүзеге асырылды.

3 Іс-шара. «Talaptan Maqat» жобасы аясында шағын грант иегерлерінің жобаларын жүзеге асыру барысын мониторингтеу жұмыстары Мақат ауданында ұйымдастырылды. Грант иегерлерімен ресми түрде келісімшарттар жасалып, жобалардың орындалу мерзімдері мен күтілетін нәтижелері анықталды.

Мониторинг 2025 жылғы 30 қазанда Мақат ауданы, Мақат кентінде өткізілді. Тексеру жұмыстарын жобаның үйлестірушілері Амантай Ризабек пен Құрақбай Заманбек жүргізді. Олар әрбір грант иегерінің жобалық алаңына барып, іс-шаралардың орындалуын, қатысушылардың белсенділігін және әлеуметтік тиімділігін бағалады.

3. Қосшағыл паселкесі
4. Құлсары қаласы

https://drive.google.com/drive/folders/1UtzoB2P8pbJ_VwdspVgzZZETOh5K7ZBb?usp=drive_link

2-іс-шара. 3 елді мекенге кәсіп ашу, әлеуметтік жобалар, құқықтық және білім алу салалары бойынша мамандар тізімі анықтап консультациялық алаң дайындау және өткізу.

2025 жылғы 24–29 сәуір аралығында Жылыой ауданы мен 4 ауылдық округте (Тұрғызба, Жаңа Қаратон, Қосшағыл) және Құлсары қаласында жастарға арналған «We Talk» консультациялық алаңы өткізілді. Іс-шараға 150-ге жуық жас қатысып, кәсіп ашу, әлеуметтік жобалар, құқықтық және білім алу салалары бойынша мамандардан тегін кеңес алды. Консультация барысында мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау түрлері, қайтарымсыз гранттар, микрокредиттер, кәсіпкерлікті дамыту, алғашқы жұмыс орны және жастар практикасы бағдарламалары түсіндірілді. Спикерлер қатарында «Qabilet» қорының жетекшісі Алтынгүл Атабаева, ЖРО директоры Дана Баймағамбетова, «Атамекен» ҰКП директоры Ерлан Нұрланов, Мансап орталығының басшысы Ақылбек Едігеев және басқа да мамандар болды. Іс-шара нәтижесінде консультация журналы мен мамандар есебі толтырылып, бейнероликтер дайындалды және әлеуметтік желілерде жарияланымдар жасалды.

https://drive.google.com/drive/folders/1JbZ0HbHO8AxYxem0sOu5DytwaMdO61eD?usp=drive_link

<https://www.instagram.com/p/DIviw3Eo172/?igsh=MXRwY20wNjZ0c2VpYw==>

<https://www.instagram.com/reel/DIxyMLLog54/?igsh=NWZ1ZjZnMTZrNmd1>

https://www.instagram.com/reel/DI_T4Qjo2Bn/?igsh=MWprbnZsOXk5cmlhNg==

<https://www.instagram.com/reel/DJJhCRBo4Nw/?igsh=dTJranF5MW1jZDZo>

3- міндет. Жылыой ауданында ұйымдастырылмаған жастарға (халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан жастар, мүмкіндігі шектеулі жастар, жұмыссыз жастар, бала күтімі бойынша демалыста жүрген жас аналар) арналған кемінде 1 зияткерлік, 1 спорттық және 1 мәдени-бұқаралық іс-шара ұйымдастыру.

1-іс-шара. Жастар арасында «Жылыой Quiz» интеллектуалды квиз ойынын ұйымдастыру.

2025 жылғы 4 маусым күні Жылыой ауданында Мемлекеттік рәміздер күніне орай аудан жастарына арналған “TALAPTAN QUIZ” зияткерлік сайысы өткізілді. Іс-шара Құлсары балалар өнер мектебінде ұйымдастырылып, барлығы 25 қатысушыдан құралған 6 команда бақ сынады. Квиз 6 раундтан тұрды, онда жалпы білім, логика, тарих, мәдениет және кино тақырыптарында сұрақтар қойылды. Негізгі мақсат – жастардың зияткерлік белсенділігін арттыру, логикалық ойлау мен командалық жұмыс дағдыларын дамыту, бос уақытты тиімді ұйымдастыру болды. Сайыс нәтижесінде I орын – “8 сағат” командасы (90 000 теңге), II орын – “Өзіміз ғой” командасы (60 000 теңге), III орын – “Төртінші билік” командасы (36 000 теңге) иеленді. Сонымен қатар, “КГТК жастары”, “J-IQ” және “Bes arys” командалары алғыс хаттар мен сыйлықтармен марапатталды. Жалпы жұлде қоры – 200 000 теңге. Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, қатысушылардың белсенділігі жоғары бағаланды. Квиз нәтижесінде жастар жаңа білім алып, өзара тәжірибе алмасып, жаңа таныстықтар орнатты. Іс-шара бойынша ойын ережесі, бағдарлама, пресс-релиз, хаттама, фото және бейнематериалдар (3/1), қатысушылар тізімі (25 адам) және әлеуметтік желідегі жарияланым дайындалды.

https://drive.google.com/drive/folders/1lagljhBsSPJvvYmd4drnkV58etdxCAyy?usp=drive_link

<https://www.instagram.com/reel/DKZSanooCHx/?igsh=Y2gyMjIxZTVvZDRy>

<https://www.instagram.com/reel/DKgRahxo9U6/?igsh=MXI1N29idnltbXN6cA==>

2- іс-шара. «BossBol» қаржылық сауаттылық бойынша үстел ойыны.

«BossBol» қаржылық сауаттылық ойыны жобаға қосымша жастардың басын қосуға арналған үстел ойыны болып, төрт рет ұйымдастырылды, оған 106 жуық жастар қатысты. Ойын өте қызықты өтті, қатысушылар өздерінің қаржы басқару дағдыларын дамытты. Хаттама, фото/видео, әлеуметтік желіде жарияланым бойынша көрсеткіштер: 4 хаттама, әр ойын бойынша кемінде 25 фото/видео, 1 әр ойын бойынша әлеуметтік желіде жарияланым, 1 әр ойын бойынша қосымша материалдар, 1 әр ойын бойынша есептер, 1 әр ойын бойынша кері байланыс, 3/1 әр ойын бойынша қосымша іс-шаралар және 1 әр ойын бойынша қорытынды.

https://drive.google.com/drive/folders/1lagljhBsSPJvvYmd4drnkV58etdxCAyy?usp=drive_link

3-іс-шара. Мәдени-бұқаралық іс шарасына «Жайдарман» ойынын ұйымдастыру Орындарға кубок и қаржылай сыйақы ұсыну.

7 қараша күні Жылыой ауданында «TALAPTANZHҮLYOІ ЖАСТАР КУБОГЫ» ойыны жоғары деңгейде өтті. Жүргізуші: Айтпаев Али-Самед (Жайдарман Республикалық жеңімпазы). Іс-шараның мақсаты – жастардың шығармашылық қабілетін, тапқырлық пен командалық жұмыс дағдыларын дамыту, идея алмасу мен мәдени орта қалыптастыру. Шара жүргізушінің қатысушыларды қарсы алуынан басталып, сахнада қонақтар мен көрермендерге кіріспе сөз оқылды. Алғашқы құттықтау сөзін «Qabilet» қоғамдық қорының директоры Алтынгүл Атабаева берді. Ойынға 9 команда қатысты: 10 мектеп – «Ақкиіз жастары», 23 мектеп – «Sarykamys», Колледж – «Temір Bays», 3 мектеп – «Біз осындаймыз», 22 мектеп – «Жаңа Қаратон 2», ЖРО волонтерлары – «Бірге қадам», 1 мектеп – «Мектеп жұлдыздары», 18 мектеп – «18-ші элемент», 2 мектеп – «Қосшағыл». Командалар әзілді, ой ұшқырлығын, сценкаларды және суырыпсалмалық қабілеттерін көрсететін тапсырмалар бойынша өнер көрсетті. Барлық командалар алғыс хатпен марапатталды. Қазылар алқасы құрамында: Баймағамбетова Дана, Айгерім Айдабаева, Айболат Есен, Әлібек Амандық және Талғат Жұмағалиев болды. Қазылар командалардың шығармашылық деңгейін, тапқырлығын, қойылым сапасын және сахна мәдениетін бағалады. Нәтижелер: I орын – «Жаңа Қаратон 2» (22 мектеп) – 150 000 тг сертификат, II орын – «Біз осындаймыз» (3 мектеп) – 100 000 тг сертификат, III орын – «Мектеп жұлдыздары» (1 мектеп) – 50 000 тг сертификат. «Ең үздік ойыншы» сыйлығы екі ойыншы – Тулегенов Дархан және Аронқызы Сымбатқа арнайы сертификатпен табысталды. «Жайдарман» ойыны ұйымдастырылды. Ойын ережесі, пресс-релиз, хаттама, командалар

саны, қатысушылар саны, көрермендер саны (анықтама), сыйлықтарды беру актісі, фото/видео және әлеуметтік желіде жарияланым бойынша көрсеткіштер: 1 – ойын ережесі, 1 – пресс-релиз, 1 – хаттама, 1 – командалар саны, 8 команда, 60 қатысушы, кемінде 300 көрермен, 1 – сыйлықтарды беру актісі, 3/1 – фото/видео, 1 – әлеуметтік желіде жарияланым.

Ойынға 9 команда қатысты:

1. 10 мектеп – «Ақкиіз жастары»
2. 23 мектеп – «Sarykamys»
3. Колледж – «Temir Bays»
4. 3 мектеп – «Біз осындаймыз»
5. 22 мектеп – «Жаңа Қаратон 2»
6. ЖРО волонтерлары – «Бірге қадам»
7. 1 мектеп – «Мектеп жұлдыздары»
8. 18 мектеп – «18-ші элемент»
9. 2 мектеп – «Қосшағыл»

Командалар әзілді, ой ұшқырлығын, сценкаларды және суырыпсалмалық қабілеттерін көрсететін тапсырмалар бойынша өнер көрсетті. Барлық командалар алғыс хатпен марапатталды.

Қазылар алқасы

1. Баймағамбетова Дана – «Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры
2. Айгерім Айдабаева – кәсіпкер
3. Айболат Есен – қоғам белсендісі
4. Әлібек Амандық – жас ақындар клубы жетекшісі, «Кең Жылыой» бас редакторы
5. Талғат Жұмағалиев – ММА халықаралық дәрежедегі спорт шебері

Қазылар командалардың шығармашылық деңгейін, тапқырлығын, қойылым сапасын және сахна мәдениетін бағалады.

Нәтижелер

- **I орын** – «Жаңа Қаратон 2» (22 мектеп) – 150 000 тг сертификат
- **II орын** – «Біз осындаймыз» (3 мектеп) – 100 000 тг сертификат
- **III орын** – «Мектеп жұлдыздары» (1 мектеп) – 50 000 тг сертификат
- «Ең үздік ойыншы» – екі ойыншы алды олар Тулегенов Дархан және Аронқызы Сымбат арнайы сыйлық сертификаты

тапсырылды

<https://drive.google.com/drive/folders/1dId3n9xhqLTzJbUKUVAkAnXkLGqfIEgz?usp=sharing>

4-іс-шара Жүгіру Марафонын ұйымдастыру Алғашқы 10 жеңімпаздарға сыйлық беру.

Жүгіру Марафоны сәуірден қарашаға дейін ұйымдастырылып, оған кемінде 100 жас қатысты. Алғашқы 10 жеңімпазға сыйлықтар табыс етілді. Іс-шараны өткізу үшін әкімшіліктен рұқсат алынды, барлық әрекеттер хаттамаға және фото/видео материалдарға түсірілді, іс-шара әлеуметтік желілерде жарияланды.

5-іс-шара. «Қаржылық сауаттылық» бойынша тренинг.

«Қаржылық сауаттылық» тренингі жастардың қаржылық білімін арттыруға, жеке қаржыны тиімді басқаруға, қаржылық қауіптерден қорғануға және қосымша табыс көздерін қарастыруға арналған. Спикер: Азаматов Арман. Оған 57 жергілікті жастар, студенттер және жас мамандар қатысты. Тренинг екі күнге ұйымдастырылды: 1-күн – жеке қаржыны басқару негіздері (қаржылық жағдайды бағалау, бюджет жүргізу, активтер мен пассивтерді ажырату, қаржы нарығы, қарыздарды басқару), 2-күн – қаржылық қауіптер және құқықтық сауат (қаржылық алаяқтықтан сақтану, экономика негіздері, несиелер, қаржылық құқықтар, банкроттық және заңдық реттеу). Практикалық тапсырмалар арқылы білім бекітілді. Оқыту бағдарламасы, тартылған мамандардың түйіндемесі, пресс-релиз, пре-тест және пост-тест, анализ, қатысушылар тізімі, фото/видео, әлеуметтік желіде жарияланым, іс-шара есебі және спикердің материалдары бойынша көрсеткіштер дайындалды.

https://drive.google.com/drive/folders/1XZVZbX-9XWmM85LzhAjG_46Isew7wPxZ?usp=drive_link

6-іс-шара. «Жасанды интеллект» жаңа аман құралы атты Мастер класс.

Мастер-класс «Жасанды интеллект – жаңа аман құралы» тақырыбында өткізілді. Спикер: Галимжанова Мадина. Бағдарламаға ChatGPT – мәтін жазу, жоспарлау, кеңес сұрау; Google Translate – аударма, мәтінді камерамен тану; DALL·E / Bing Image Creator – сөзден сурет салдыру; CapCut – видеоға автомат субтитр қою, монтаж; Canva – постер, презентация жасау тақырыптары кірді. Мастер-класқа 50 қатысушы қатысты, жалпы қамту (охват) 100-ден астам адамды құрады. Оқыту бағдарламасы, тартылған мамандардың түйіндемесі, пресс-релиз, пре-тест және пост-тест, анализ, қатысушылар тізімі, фото/видео, әлеуметтік желіде жарияланым, іс-шара есебі және спикердің материалдары бойынша көрсеткіштер дайындалды.

https://drive.google.com/drive/folders/1SsPblQelXgAdBKdgiU73WSNNDb9rzVZs?usp=drive_link

7-іс-шара. СММ және мобилографи курсы.

Бірінші күндік «Цифрлық сауаттылық» тренингі Құлсары қаласында сәтті өткізілді. Іс-шараға барлығы 50 жас қатысушы қатысты, олардың басым бөлігі әлеуметтік желіге қызығушылығы бар, жеке брендін және кәсібін жүргізуді жоспарлап жүрген белсенді жастар болды. Тренинг бағдарламасы бойынша қамтылған тақырыптар: SMM дегеніміз не, SMM маманының қызметі; Instagram парақшасын талдау, упаковка, копирайтинг негіздері; парақшаның мақсаты мен мақсатты аудиторияны анықтау; контент жоспар құру және идея іздеу жолдары; Instagram мен TikTok функцияларын тиімді пайдалану; мобилография: ракурс, жарық, смартфон арқылы сапалы түсіру; ChatGPT арқылы контент жасау және аудиториямен байланыс орнату; жарнама мен статистиканы түсіну. Оқыту бағдарламасы, тартылған мамандардың түйіндемесі, пресс-релиз, пре-тест және пост-тест, анализ, қатысушылар тізімі, фото/видео, әлеуметтік желіде жарияланым, іс-шара есебі және спикердің материалдары Google Дискке жүктелді.

https://drive.google.com/drive/folders/1SdFUaeAcRjoMn2AH6JAYxMA891Bue4fG?usp=drive_link

8-іс-шара. Қаржылық және құқықтық сауаттылық бойынша оқыту.

Құқықтық сауаттылық тренингі жастардың құқықтық білімін арттыруға, олардың еңбек, әлеуметтік, қаржылық және азаматтық-құқықтық сауаттылығын нығайтуға, сондай-ақ құқықтарын қорғау механизмдерімен таныстыруға бағытталды. Спикер: Рахимова Салтанат Аскараровна — заңгер, құқық магистрі, Астана қаласының заң консультанттары палатасының заң консультанты. Тренингке 57 жергілікті жастар, студенттер және жас мамандар қатысты. Бағдарламаға құқықтық сауаттылықтың маңызы, еңбек құқықтары, азаматтық-құқықтық қатынастар, неке және отбасы құқықтары, мұрагерлік құқық, тұтынушы құқықтары, қаржылық құқықтар, әлеуметтік құқықтар, әкімшілік іс жүргізудегі құқықтар, қылмыстық процестегі құқықтар және құқықтарды қорғау механизмдері кірді. Іс-шара тиімді әрі мазмұнды өтті. Оқыту бағдарламасы, тартылған мамандардың түйіндемесі, пресс-релиз, пре-тест және пост-тест,

анализ, қатысушылар тізімі, фото/видео, әлеуметтік желіде жарияланым, іс-шара есебі және спикердің материалдары бойынша көрсеткіштер дайындалды.

https://drive.google.com/drive/folders/1Wq9JKnSgJIUNVZvQUvCX4oK_mn5iUQOy?usp=drive_link

5 міндет. Жылыой ауданының жастары үшін кәсіптік бағдар беру кездесуін ұйымдастыру.

1-іс-шара. Кәсіптік бағдар беру кездесуіне 9-11 сынып оқушыларын қатыстыру үшін мектеп басшылығымен келісу 3 қалалық және 3 ауылдық мектептерде мамандық таңдау саласы бойынша кездесулер ұйымдастыру Жылыой ауданының жастары кемінде 6 кәсіптік бағдар беру кездесуін ұйымдастыру; 3 мектеп Кұлсары, 3. ауылдық мектепті қамту оған 300 жасты қамту.

Жылыой ауданының жастары үшін кәсіптік бағдар беру кездесулері сәуір–қараша аралығында ұйымдастырылды. Кездесулерге 9–11 сынып оқушылары қатысты, мектеп басшылығымен келісу арқылы қалалық және ауылдық мектептерде мамандық таңдау саласы бойынша іс-шаралар өткізілді. Барлығы бірнеше кездесулер ұйымдастырылып, 300 жас қамтылды. Мамандар тізімі мен ақпарат, бағдарлама, қатысушылар тізімі, қатысушылар саны, анализ, фото/видео және әлеуметтік желіде жарияланым бойынша барлық қажетті материалдар дайындалды.

2-іс-шара. 9-11 сынып оқушыларын өнеркәсіп орындарына экскурсия жасау

29 қазан 2025 жыл Кұлсары қаласының өнеркәсіп орындарын аралап кәсіп түрлерімен танысты экскурсия өткізілді.

Қатысушылар саны: 28 оқушы.

Экскурсияның мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Оқушылардың өндіріс салалары туралы түсінігін кеңейту, кәсіби бағдар беру және мектепте алған теориялық білімді нақты өндірістік процестермен байланыстыру.

Міндеттері: Өндіріс процесімен, құрал-жабдықтармен және мамандық түрлерімен таныстыру; Экологиялық және еңбек қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру; Тиісті мамандықтарға қызығушылық ояту.

2. Экскурсияның өту барысы

Экскурсия таңғы сағат 09:00-де мектептен басталды. Сынып жетекшісі оқушыларға жол жүру тәртібі мен қауіпсіздік ережелерін түсіндірді.

Экскурсия төмендегі жоспар бойынша өтті:

09:30 – 10:30 | Grand Jihaz Qulsary – жиһаз өндірісі. Оқушылар өндірістік цехпен танысып, жиһаз жасауға арналған жабдықтарды көрді.

Өндіріс шебері технологиялық процестерді түсіндіріп, мамандық туралы ақпарат берді.

10:45 – 11:45 | Zhuldyz-Ai – тігін өндірісі. Оқушылар киім пішу және тігу кезеңдерін бақылап, тігін шеберлерінің жұмысымен танысты.

Технолог-инженер тігін өндірісінің ерекшеліктері туралы айтып берді.

12:00 – 13:00 | Мерита – химиялық заттар өндірісі. Зауыт өкілдері химиялық өнімдердің үлгілерін көрсетіп, өндіріс процесінің қауіпсіздік талаптары мен технологиялары жөнінде таныстырылым жасады. Химик-технолог оқушылардың сұрақтарына жауап берді.

3. Қорытынды бөлім

Сағат 13:15 – 14:00 аралығында қорытынды талқылау өтті.

Мұғалім оқушылардан алған әсерлері туралы сұрап, көрген өндіріс түрлерінің ерекшеліктерін талқылады.

Оқушылар өздеріне қызықты мамандықтарды атап, өндірістік салаларға деген қызығушылықтарын білдірді. Шара кәсіби бағдар беруге нақты әсер етті.

4. Қорытынды

Экскурсия жоспарға сай толық өткізілді. Оқушылар үш түрлі өндіріс орнымен танысып, әр саладағы жұмыс процесін өз көздерімен көрді. Аталған іс-шара кәсіби бағдар берудің тиімді құралы ретінде оқушылардың білімін кеңейтті және болашақ мамандық таңдауда бағыт-бағдар берді.

<https://docs.google.com/document/d/1IIN91cplmrEE3GBCG9T9NJHndGCq5iky/edit?usp=sharing&oid=109411466591024195161&rtpof=true&sd=true>

6-міндет. Өз елді мекенін дамыту үшін Жылыой ауданының жастарына кемінде 3 шағын грант (әрбір Грант сомасы – 1 000 000 теңге) беру үшін конкурс ұйымдастыру.

1-іс-шара. Жылыой ауданын дамытуға арналған жастар арасындағы конкурстың ережесін жасақтау.

Жастарға арналған шағын гранттың ережесі жасақталып бекітілді, әлеуметтік желілерге жарияланымдар жасылып, таратылды.

https://drive.google.com/drive/folders/1_LQAIj_Jr46MZwJliHtzTCaUfULfAuL-?usp=sharing

2-іс-шара. Ережені әлеуметтік желіде жариялағаннан кейін қатысушылардың өтінімін қабылдауды ұйымдастыру

Жастарға арналған гранттың ережесі мен өтінім формасы жасақталып, әлеуметтік желілерге таратылды, сонымен қатар, зум арқылы онлайн және офлайн түсінік жұмыстары жүрді. Соның нәтижесінде 30 өтінім келіп түсті, түскен өтінімдергі қарауға комиссия құрамы жасақталып, зум арқылы комиссия отырысы өтті.

<https://drive.google.com/drive/folders/1OLdj4bS6tXKjvBjvksyYA3OR8qzR3blf?usp=sharing>

3-іс-шара. Жеңімпаздарды анықтау мақсатында конкурс комиссиясын құру

Жастар гранты бойынша комиссия құрылды

Комиссия құрамы

Досқалиева Айгерим Жәрдемқызы - Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары

Тулегенова Нелли - Бизнес тренер

Атабаева Алтынгул - Қабілет қоғамдық қорының директоры

Баймаганбетова Дана - Жастар ресурс орталығының директоры

Құрақпай Заманбек - НПК қоғамдық қорының директоры

Комиссия отырысының шешімімен Жеңімпаздар:

1. Үмбетбаева Назгүл – Осал топтағы адамдардың өмір сапасын жақсарту үшін ЛФК кабинет ашу;
2. Жұматай Диас – Бұзылған ойын алаңын қалпына келтіру;
3. Бекешов Бейбарыс – Балалар спорт клубын жөндеу

<https://drive.google.com/drive/folders/1uKQ4jKkdNLQaVwh4hAaGnzURr0-ckwXs?usp=sharing>

4-іс-шара. Комиссия отырысынан кейін жастарға шағын грантты табыстау.

«Talaptan Grants» шағын грант иегерлері марапатталды!

Атырау облыстық Ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша жүзеге асырылып жатқан «Talaptan Julyoi» жобасы аясында 14-35

жас аралығындағы жастарға арналған 1 000 000 теңгелік грант иеленген жеңімпаздар ресми түрде марапатталды.

Жеңімпаздар:

1. Үмбетбаева Назгүл – Осал топтағы адамдардың өмір сапасын жақсарту үшін ЛФК кабинет ашу;
2. Жұматай Диас – Бұзылған ойын алаңын қалпына келтіру;
3. Бекешов Бейбарыс – Балалар спорт клубын жөндеу

<https://drive.google.com/drive/folders/1JYbxEuwLfaGdVgBcE6xwLH63hmbXeHjH?usp=sharing>

5-іс-шара. Шағын гранттарға ие болған жобаларды жүзеге асыру барысын мониторингтеуді ұйымдастыру

Шағын гранттар бойынша жеңімпаздармен келісімшарт жасақталып, қаражаттар игерілді. Берілген қаражат бойынша әр жеңімпаз өз салалары бойынша жұмыстарды атқарды, жасалған жұмыстар бойынша мониторинг жасалып, жетістік тарихы түсірілді. Түсірілген бейнебаян әлеуметтік желіге жарияланды.

Үмбетбаева Назгүл – Осал топтағы адамдардың өмір сапасын жақсарту үшін ЛФК кабинетін ашты, кәзіргі таңда 30 ға жуық келушілер бар. Барлық көмек алушылар ризашылығын білдіруде

Жұматай Диас – Бұзылған ойын алаңын қалпына келтіріп, камера орнаттылды. Кәзіргі таңда ауылдың балалары ойнайтын кішігірім алаң. Ата аналар мен балалар ризашылығын білдірді.

Бекешов Бейбарыс – Балалар спорт клубына құрал жабдықтар алынды. Кәзіргі таңда 20 шақты баланы күреске дайындық бастап кетті.

https://drive.google.com/drive/folders/15c_DmxOAam-0fUCb5ECSSlIbvHGsmm4rF?usp=sharing

7- міндет. Жобаның іске асырылуын ақпараттық жария етуді, оның ішінде жоба қорытындылары бойынша мақалалар топтамасын шығару және жариялау

1- іс-шара. Жылыой ауданын дамытуға арналған жастар арасындағы конкурстың ережесін жасақтау.

Контент-жоспар жасалып, жергілікті пабликтер мен блогерлермен жұмыс жүргізілді, сондай-ақ таргет жіберілді. Айына екі пабликке посттар жарияланды. Барлық іс-шаралар бойынша көрсеткіштер дайындалды.

2- іс-шара. Жоба мамандары қордың және жергілікті БАҚ үшін жобаның барлық кезеңінде әлеуметтік желілерге арналған қысқа есептік роликтерді монтаждап, тұрақты түрде жариялау.

Жергілікті БАҚ-та жарияланым жасалып, әлеуметтік желілерге арналған қысқа есептік роликтер дайындалды. Барлық материалдар қажетті форматта және көрсеткіштер бойынша дайындалды.

3- іс-шара. Жетістік тарихын түсіру оны әлеуметтік желілерге және жергілікті мақала беру.

Жетістік тарихы бойынша жұмыстар жүргізулуде, әлеуметтік желілерде жарияланады қорытынды есептері.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

1- іс-шара. Жастар арасында жоба қорытындысы.

12.11.2025ж. Жобаның жалпы қорытындысы бойынша қорытынды презентация өткізілуі жоспарлануда.

2- іс-шара. Жеке тұлғалық дамуға, білім алып, біліктілігін шыңдауға, бәсекеге қабілетті болуға қызығушылығының

қорытынды сауалнамасы.

Жобаның басында қызығушылықты арттыру мақсатында пре анализ тест алынды, қорытынды презентация өткізілу барысында қатысушылардан пост тест анализ алынып, жобаға жалпы қанағаттану деңгейі анықталады.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс.

1 іс-шара. Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс.

Қаралым саны 20 000-аса жанама қамтылды.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

«Talaptan Zhylyoi» әлеуметтік жобасының мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

- **Әлеуметтену:** Әлеуметтік-мәдени, спорттық және білім беру іс-шаралары арқылы 1000-ға жуық жас қамтылып, олардың кемінде 70%-ы жобаның өміріне оң әсерін атап өтті. Жастардың белсенділігі артты, әлеуметтік қатысу деңгейі жоғарылады.
- **Қаржылық, құқықтық және цифрлық сауаттылық:** Жоба аясында өткізілген тренингтер мен мастер-класстарға 200-ден астам жас қатысты. Қатысушылар қаржыны басқару, құқықтық сауаттылық, әлеуметтік желілер мен жасанды интеллектіні тиімді пайдалану бойынша практикалық дағдыларға ие болды.
- **Кәсіби бағдар:** 6 кәсіптік бағдар беру кездесулеріне 300 жас қатысты, олардың кәсіби таңдаулары нақтылай түсті, мансапқа бағытталған жоспарлар жасалды.
- **Консультациялық алаңдар:** «We talk» платформасында кемінде 3 елді мекеннен жастар қатысып, тәжірибе алмасу мен әлеуметтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік алды.
- **Жергілікті даму жобалары:** 3 шағын грант конкурсы ұйымдастырылып, әр грант 1 000 000 теңге сомасында берілді. Грант алған жастар өз елді мекенін дамытуға арналған нақты жобаларды жүзеге асырды.
- **Қатысу және белсенділік:** Барлық іс-шаралар фото/видео материалдар, әлеуметтік желідегі жарияланымдар, қатысушылар тізімі және іс-шара есебі арқылы дәлелденді, бұл жобаның нәтижелілігін нақты көрсетті.

Осылайша, жоба барлық мақсаттарға қол жеткізіп, жастардың әлеуметтену деңгейін арттыруға, білім мен дағдыларын жетілдіруге және жергілікті даму жобаларын іске асыруға нақты әсер етті.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

«Talaptan Zhylyoi» жобасының мақсаттарына қол жеткізу нақты фактілермен дәлелденеді:

- **Әлеуметтену:** Әлеуметтік-мәдени, спорттық және білім беру іс-шаралары арқылы 1000-ға жуық жас қамтылып, олардың кемінде 70%-ы жобаның өміріне оң әсерін атап өтті. Бұл жастардың белсенділігінің артуы мен әлеуметтік қатысу деңгейінің өскенін көрсетеді.
- **Қаржылық, құқықтық және цифрлық сауаттылық:** Жоба аясында өткізілген тренингтер мен мастер-класстарға 200-ден астам жас қатысты, олар нақты практикалық дағдылар алды (мысалы, қаржыны басқару, құқықтық сауаттылық, әлеуметтік желілер мен жасанды интеллектіні пайдалану).

- **Кәсіби бағдар:** 6 кәсіптік бағдар беру кездесуіне 300 жас қатысты, бұл олардың өз мамандығын таңдауға және кәсіби жоспар құруға мүмкіндік берді.
- **Консультациялық алаңдар:** «We talk» платформасында 3 елді мекеннен жастар қатысты, тәжірибе алмасып, әлеуметтік дағдыларын дамытты.
- **Жергілікті даму жобалары:** 3 шағын грант конкурсы ұйымдастырылып, әр грант 1 000 000 теңге сомасында берілді; грант алған жастар өз елді мекенін дамытуға бағытталған нақты жобаларды жүзеге асырды.
- **Қатысу және белсенділік:** Барлық іс-шаралар барысында фото/видео материалдар, әлеуметтік желідегі жарияланымдар, қатысушылар тізімі және іс-шара есебі арқылы белсенділік пен қамтуды нақты дәлелдейтін деректер жинақталды.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: Жоспардан ауытқу жоқ.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

«Talaptan Zhylyoi» әлеуметтік жобасын іске асыру барысында және оның аяқталуынан кейін әлеуметтік және басқа да өзгерістерді келесі тұрғыдан бағалауға болады:

Жобаға дейінгі ахуал:

- Жастардың әлеуметтену деңгейі төмен, әлеуметтік және мәдени іс-шараларға қатысу мүмкіндіктері шектеулі болған.
- Қаржылық, құқықтық, цифрлық сауаттылық төмен, жасанды интеллектіні пайдалану тәжірибесі аз.
- Кәсіби бағдарлау мүмкіндіктері жеткіліксіз, жеке кәсіби даму жолдары нақты емес.
- Әлеуметтік осал топтардың белсенділігі аз, жастар арасында өзара тәжірибе алмасу шектеулі.

Жоба шеңберінде болған өзгерістер:

- Әлеуметтік-мәдени, спорттық және білім беру іс-шаралары тұрақты түрде ұйымдастырылып, жастардың қатысу белсенділігі артты.
- Қаржылық, құқықтық және цифрлық сауаттылық бойынша тренингтер мен мастер-класстар өткізілді, қатысушылар нақты практикалық дағдылар алды.
- Кәсіптік бағдар беру кездесулері және «We talk» консультациялық алаңдары арқылы жастар өз кәсіби бағыттарын нақтылады, әлеуметтік байланыстарын кеңейтті.
- Әлеуметтік осал топтарға арналған іс-шаралар өткізіліп, олардың қоғамдағы интеграциясы артты.
- 3 шағын грант конкурсы арқылы жастар өз елді мекенін дамытуға бағытталған жобаларды жүзеге асырды.

Жоба аяқталған кездегі ахуал:

- Жастардың әлеуметтену деңгейі айтарлықтай артты, олардың белсенділігі мен қоғамдағы рөлі күшейді.
- Қатысушылардың қаржылық, құқықтық, цифрлық сауаттылығы жақсарды, жаңа технологияларды қолдану тәжірибесі қалыптасты.
- Кәсіби бағдарлау арқылы жасалған шешімдер нәтижелі болды, жастар өз болашақ мамандығын анықтап, нақты қадамдар жасады.
- Әлеуметтік байланыстар кеңейіп, жастар арасында тәжірибе алмасу жүйелі түрде жүзеге асты.
- Жергілікті даму жобалары іске асырылып, грант алған жастар өз елді мекенінің әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуына үлес қосты.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
1805	808	997

Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
1805		1805								

Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
1805	195	480	940	115	75		

3. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Сандық көрсеткіштер:

- Жобаның барлық іс-шараларына 9–35 жас аралығындағы Жылыой ауданының 600-ден астам жастары қатысты.
- «We Talk» консультациялық алаңына 150 жас қатысты, 4 ауылдық округ пен Құлсары қаласында өткізілді.
- «TALAPTAN QUIZ» интеллектуалды сайысына 30 жас қатысып, 6 команда бақ сынады.

- «BossBol» қаржылық сауаттылық ойындарына 100 жас қатысты, 4 рет ұйымдастырылды.
- «Жайдарман» мәдени-бұқаралық ойынына 60 жас қатысып, 9 команда бақ сынады; 300-ге жуық көрермен қамтылды.
- Жүгіру марафонына 100 жас қатысты.
- «Қаржылық сауаттылық» және «Құқықтық сауаттылық» тренингтеріне әрқайсысына 57 жас қатысты.
- «Жасанды интеллект» мастер-классына 50 қатысушы, жалпы қамту 100 адамнан асты.
- SMM және мобилография курсына 120 жас қатысты.
- Кәсіптік бағдар беру кездесулері мен экскурсиялар арқылы 328 жас кәсіби бағдарлауға тартылды.
- Шағын гранттар (әрқайсысы 1 000 000 теңге) арқылы 3 жобаның іске асырылуына мүмкіндік берілді: ЛФК кабинетін ашу (30 адам қамтылды), ойын алаңын қалпына келтіру (ауылдың балалары пайдаланды), балалар спорт клубын жөндеу (20 бала дайындыққа қатысты).

Сапалық өзгерістер:

- Жастардың зияткерлік, шығармашылық, командалық дағдылары дамыды («TALAPTAN QUIZ», «Жайдарман»).
- Қаржылық сауаттылық пен құқықтық білім артты («BossBol», тренингтер).
- Жастардың кәсіп ашуға, әлеуметтік жобаларды іске асыруға, құқықтық мәселелерді түсінуге қызығушылығы артты («We Talk»).
- Жастардың цифрлық сауаттылығы мен SMM қабілеттері дамыды.
- Жеке тұлғалық даму мен кәсіби бағдар бойынша қызығушылық артты, жаңа таныстықтар мен байланыстар қалыптасты.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

- **Әлеуметтік әсері:** Жоба жастардың әлеуметтенуін күшейтті, белсенділігін арттырды, өз қауымдастығында белсенді азаматтық позиция қалыптастырды. Әлеуметтік осал топтар, жұмыссыздар және жас аналар қатысып, өз мүмкіндіктерін кеңейтті.
- **Экономикалық әсері:** Шағын гранттар арқылы жергілікті кәсіпкерлік пен инфрақұрылым (спорт клубы, ойын алаңы, ЛФК кабинет) дамыды. Бұл болашақта жұмыс орындары мен жергілікті экономикалық белсенділікті арттырады.
- **Ұзақмерзімді ықпал:** Жобаның нәтижелері жастар арасында өз бизнесін ашуға, құқықтық сауаттылығын арттыруға, цифрлық мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға ықпал етеді. Әлеуметтік желіде ақпараттық жарияланымдар мен бейнебаяндар арқылы жобаның әсері кең аудиторияға тарады.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

- Жастардың белсенділігін арттыру арқылы қоғамдағы әлеуметтік қатынастар нығайды.
- Жобалық іс-шаралар арқылы 600-ден астам жас түрлі салалар бойынша білім алды, кәсіби және жеке дағдыларын дамытты.
- Шағын гранттар жергілікті инфрақұрылымның жақсаруына және экономикалық дамуға үлес қосты (спорт клубы, ойын алаңы, ЛФК кабинеті).

- Жобаның нәтижелері жастардың өз бастамаларын жүзеге асыруға деген сенімін арттырып, ауданның тұрақты дамуына ықпал етеді.
- Жастардың қаржылық, құқықтық және цифрлық сауаттылығы жақсарды, бұл олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Дендер» жастар қоғамдық бірлестігі

Басым бағыттың атауы: Индер ауданының жастарын әлеуметтендіру

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Индер аудандық Жастар ресурстық орталығымен бірлескен іс-шаралар жоспарын бекіту және оны іске асыру

1-іс-шара. Индер ауданы жастарының қызығушылықтарын ескеріп, іс-шаралар жоспарын жасақтау

2025 жылы 4 сәуір күні Индер аудандық Жастар ресурстық орталығында аудан жастарының нақты сұраныстары мен қызығушылық бағыттарын анықтау арқылы “TalaptanInder” жобасының іс-шаралар жоспарын сапалы және тиімді етіп құрастыру мақсатында ауылдық округтердің жастар ісімен айналысатын мамандары және белсенді жастардың қатысуымен жиын өткізіліп, Жастар орталығының директоры міндетін атқарушы Г.Өмірзақова мен «Дендер» жастар қоғамдық бірлестігінің төрайымы А.Сидегалиева «TalaptanInder» жобасы аясында өткізілетін іс-шаралар жоспарын жасақтап, бекітті. Бұл кездесуде ұйымдастырушылар жастармен ашық форматтағы кездесу және топтық талқылаулар өткізіп, жастар өз ой-пікірлерін еркін білдіріп, өңірде қандай бағыттағы жобалар мен іс-шараларға қызығушылықтары жоғары екенін ортаға салды. Бұл іс-шара жобаның сапалы іске асуына негіз болады. Жастардың нақты қажеттіліктері ескеріліп, олардың белсенді қатысуы арқылы жоспарланған іс-шаралар өміршең әрі мағыналы болып шығуына кепілдік береді.

https://www.instagram.com/reel/DIET6URIU6g/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

2-іс-шара. Іс-шаралар жоспарын Индер аудандық Жастар ресурстық орталығымен дөңгелек үстел ұйымдастыру

2025 жылы 4 сәуір күні Индер аудандық Жастар ресурстық орталығында «TalaptanInder» жобасын таныстыру мақсатында дөңгелек үстел өткізіліп, шараға ауданға қарасты ауылдық округтердің жастар ісімен айналысатын мамандары және белсенді жастары қатынасты.

Шара барысында Жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушы Г.Өмірзақова мен «Дендер» жастар қоғамдық бірлестігінің төрайымы А.Сидегалиева жоба аясында бірлесе және тиянақты жұмыс атқару мақсатында Меморондumға қол қойды.

Бұл келісім – аудан жастарының әлеуметтенуіне, білім мен кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға, бос уақытты тиімді ұйымдастыруға бағытталған ауқымды шаралардың бастауы екені түсіндірілді!

Жоба аясында жастарға арналған түрлі тренингтер, кездесулер, интеллектуалды, мәдени және спорттық шаралар ұйымдастырылып, креативті жастар бастамалары жүзеге асырылатыны айтылды.

https://drive.google.com/drive/folders/1gCI2AZYYL5i7qgO77K74g--X7xK7Rs68?usp=drive_link

3-іс-шара. Келісілген іс-шаралар жоспарын Индер аудандық Жастар ресурстық орталығымен бекіту

Индер аудандық Жастар ресурстық орталығы мен "Дендер" жастар қоғамдық бірлестігі арасында Индер ауданы жастарына арналған Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен бастау алып жатырған "Talaptan Inder" жобасын бірлесе жүзеге асыру мақсатында меморандумға қол қойылып, "Talaptan Inder" жобасы барысында жүзеге асырылатын іс-шаралар жоспары жасақталып, бекітілді.

https://www.instagram.com/reel/DIET6URIU6g/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

2-міндет. Индер ауданының және ауданның кемінде 3 елді мекенінің жастарына арналған "We talk" консультациялық алаңын ұйымдастыру

1-іс-шара. Индер ауданының және ауданның кемінде 3 елді мекенінің жастарына арналған "We talk" консультациялық алаңын ұйымдастыру

Атырау облыстық Ішкі саясат басқармасы және Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының қолдауымен, Индер ауданы Жастар ресурстық орталығымен бірлесе "Дендер" жастар қоғамдық бірлестігімен "TalaptanInder" жобасы аясында "We talk" жастарға кеңес беру алаңы ұйымдастырылды. Ауданымызға қарасты Индербор кенті, Жарсуат, Есбол, Елтай ауылдық округтерінде әр сала маманы жастарға арналған бағдарламалар мен мүмкіндіктер туралы ақпарат беріп, қатысушылар сұрақтарына жауап алды. Шараға қатынасқан мамандар: Иманғалиев Қайрат Сағидоллаұлы - Индер аудандық мансап орталығының маманы; Губайдуллина Зере Асқарқызы - Индер аудандық мансап орталығының маманы; Каликова Айгерім Орынғалиқызы - "Отбасы банк" АҚ Атырау облыстық филиалының Индер ауданына жауапты маманы, Отбасы банк қаржы кеңесшісі; Ғұмарова Айдана Нағымқызы - Индер аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің бас маманы; Шайдуллина Ингал Сағиденқызы - Индер аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің маманы; Амантурлин Жәнібек Исламғалиұлы - Атырау облыстық кәсіпкерлік палатасының Индер ауданы бойынша филиал директоры; Абдиров Абай Қаденұлы - Индер аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы; Оташева Жазира Жеңісқызы - Индер аудандық Жастар ресурстық орталығының маманы қатынасып, жастардың тұрғын үй алу мәселесі, ауылшаруашылығын судсидияландыру, жастарға арналған несиелер, әлеуметтік кәсіпкерлік, жұмыссыздыққа тіркелу және тегін кәсіптік оқулар туралы нақты сұрақтарына жауаптар алып, шараның ұйымдастырылуына ризашылықтарын білдірді.

Жалпы консультация алушылар саны: 195 адам.

https://www.instagram.com/p/DIyz0-MoCjJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/DI0waigIeBY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/DI1AbfHiH9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://drive.google.com/drive/folders/1dqKUn8EWaT9oPONDxhuDB2PZ8L0kmu2A?usp=drive_link

3-міндет. Индер ауданында ұйымдастырылмаған жастарға (халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан жастар, мүмкіндігі шектеулі жастар, жұмыссыз жастар, бала күтімі бойынша демалыста жүрген жас аналар) арналған кемінде 1 зияткерлік, 1 спорттық және 1 мәдени-бұқаралық іс-шара ұйымдастыру

1-іс-шара. Индер ауданында ұйымдастырылмаған жастарға арналған кемінде зияткерлік іс-шара ұйымдастыру

“Talaptan Quiz” — білім мен бәсекенің алаңы! Атырау облыстық Ішкі саясат басқармасының қолдауымен, “Дендер” жастар қоғамдық бірлестігі мен Индер аудандық Жастар ресурстық орталығының бірлесе ұйымдастыруымен “Talaptan Inder” жобасы аясында жастар арасында интеллектуалды “Talaptan Quiz” ойыны өтті. 6 кезеңнен (1 кезең: ТЕСТ; 2 кезең: СУРЕТТІ СҰРАҚТАР; 3 кезең: КҮРДЕЛІ СҰРАҚТАР; 4 кезең: 3 ҰПАЙЛЫ СҰРАҚТАР; 5 кезең: АУДИО СҰРАҚТАР; 6 кезең: ТӘУЕКЕЛІ СҰРАҚТАР) тұрған бұл тартысты сайысқа Индер ауданының білімді де алғыр жастарынан құралған 18 команда қатысып, логикалық тапсырмалар мен танымдық сұрақтарға жауап беріп, өзара бақ сынасты. Жалпы қатысушылар саны: 88 ұйымдастырылмаған жастар.

Ойын нәтижесінде: 1-орын – 5G (Жарсуат ауылы) 100 000 теңге қаржылай сыйлық және дипломмен; 2-орын – Хомо Сапиенс (Индербор кенті) 80 000 теңге қаржылай сыйлық және дипломмен; 3-орын – Есбол жастары (Есбол ауылы) 60 000 теңге қаржылай сыйлық және дипломмен; 4 орын - toQAIYP (Өрлік ауылы) 40 000 теңге қаржылай сыйлық және дипломмен; 5 орын - Акимат қайда қарап отыр?! Индер ауданы әкімі аппараты) 20 000 теңге қаржылай сыйлық және дипломмен марапатталды. Барлық қатысушы командалар алғысхаттармен марапатталды. Talaptan Quiz жүргізушісі - Азаматов Нұрлан – «Ораторлық өнер» мектебінің жетекшісі, «Қазақша Quiz 1000» жобасы бойынша Қазақстан рекордтар кітабының кейіпкері. «Қазақша QUIZ», «Binom QUIZ», «Ūstaz QUIZ», «KPI QUIZ» жобаларының авторы.

https://www.instagram.com/reel/DMAASPIN5mg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/p/DMAOcxnMFLd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://drive.google.com/drive/folders/1WFeSI0CUdfr_B-R0DjUZB5DUkgYBnvEa?usp=drive_link

2-іс-шара. Индер ауданында ұйымдастырылмаған жастарға арналған спорттық іс-шара ұйымдастыру

Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы және “Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы” КеАҚ қолдауымен «Дендер» жастар қоғамдық бірлестігінің және Индер жастар ресурстық орталығының бірлесе ұйымдастыруымен “Talaptan football cup” жастар арасында футболдан аудандық турнир өтті. Бұл шараның басты мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, жастар арасындағы бірлік пен ынтымақты нығайту! Турнирге кент және ауылдық округ жастары командалары қатынасты. Ойын барысында қатысушылар спорттық шеберліктерін ғана емес, командалық рух пен достық қарым-қатынастарын да көрсетті. Жалпы қатысушылар саны: 102 ұйымдастырылмаған жастар.

Жеңімпаз командалар, атап айтсақ: - “Индер БЖСМ” командасы - I орын, 100 000 теңге қаржылай сертификат және кубок, медальдармен, арнайы дипломмен; - “Елтай жастары” командасы - II орын, 75 000 теңге қаржылай сертификат және кубок, медаль, арнайы дипломмен; - “Сейфуллин жастары” командасы - III орын, 50 000 теңге қаржылай сертификат және кубок, медаль, арнайы дипломмен; - “Аққала жастары” командасы - IV орын, 25 мың теңге қаржылай сертификат және арнайы дипломмен; - “Үздік шабуылшы” номинациясымен Сағын Сұлтанмұрат (“Индер БЖСМ” командасы), арнайы диплом және кубокпен; - “Үздік қорғаушы” номинациясымен Құрмет Дамир (“Сейфуллин жастары” командасы) арнайы диплом және кубокпен; - “Үздік қақпашы” номинациясымен Құбайдолла Ернұр (“Елтай жастары” командасы) арнайы диплом және кубокпен марапатталды.

https://www.instagram.com/reel/DLNkbGMItHW/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/DLNoZC3ohYm/?utm_source=ig_web_copy_link

https://drive.google.com/drive/folders/16t8PYWCcLKYxvB3Gsv-ShFsnL18fH4J7?usp=drive_link

3-іс-шара. Индер ауданында ұйымдастырылмаған жастарға арналған мәдени іс-шара ұйымдастыру.

Индер Мәдениет үйінде 19 қараша 2025 жылы ұйымдастырылмаған жастар арасында «Күзгі бал-2025» мәдени шарасы болып өтті. Сайыс 4 кезеңнен тұрады: 1) таныстыру; 2) «күзгі сән» көрсету; 3) «шығармашылық нөмір» көрсету; 4) «күзгі дәм». Шараның мақсаты: жастардың шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын дамыту; сән мен мәдениеттілікті, сымбаттылық пен салауатты өмір салтын насихаттау; жастар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту, талантты жастарды анықтау болып табылады.

Сайыста әділқазылар әділ бағасын беріп, сайыс қорытындысы бойынша жеңімпаздарды анықтады:

«Күзгі бал-2025» «Бас жүлде» - «Жамбылдың жалынды жастары» командасы (Есбол ауылы), 150 000 теңге қаржылай сертификат және диплом; I орын- «Бөдене жастары» командасы (Бөдене ауылы), 120 000 теңге қаржылай сертификат және диплом; II орын- «М.Әуезов жастары» командасы (Индербор кенті), 90 000 теңге қаржылай сертификат және диплом; III орын – «Көктоғай жұлдыздары» командасы (Көктоғай ауылы), 60 000 теңге қаржылай сертификат және диплом; «Күз ханзадасы -2025» номинациясымен Марат Темірлан (Ш.Уәлиханов командасы) марапатталып, 25 000 теңге қаржылай сертификат және диплом; «Күз ханшайымы -2025» номинациясымен Хамит Инжумаржан (Көктоғай жұлдыздары командасы) марапатталып, 25 000 теңге қаржылай сертификат және диплом; «Үздік күзгі сән» номинациясы «Жамбылдың жалынды жастары» командасы 10 000 теңге қаржылай сертификат және диплом; «Үздік шығармашылық нөмір» номинациясы «Индер аудандық көп бейінді ауыл шаруашылығы колледжі» командасы 10 000 теңге қаржылай сертификат және диплом; «Үздік күзгі дәм» номинациясы «Бөдене жастары»командасы 10 000 теңге қаржылай сертификат және дипломмен марапатталды.

Жалпы қатысушы саны – 150 адам.

https://drive.google.com/drive/folders/1rTVo7G-sHZuDcAx7A9SMewFRqr3SRVQl?usp=drive_link

4-іс-шара. Халықтың осал топтарынан шыққан жастар, мүмкіндігі шектеулі жастар, жұмыссыз жастар, бала күтімі бойынша демалыста жүрген жас аналар, белсенді жастардың тізімін жасақтау.

Индер ауданы бойынша халықтың осал топтарынан шыққан жастар, мүмкіндігі шектеулі жастар, жұмыссыз жастар, бала күтімі бойынша демалыста жүрген жас аналар, белсенді жастардың тізімі жасақталды.

4-міндет. Индер ауданының жастар арасында қаржылық, құқықтық, цифрлық сауаттылықты арттыру және жасанды интеллектіні пайдалану бойынша кездесу серияларын ұйымдастыру

1-іс-шара. Индер ауданының жастар арасында қаржылық, құқықтық, цифрлық сауаттылықты арттыру және жасанды интеллектіні пайдалану бойынша кездесу серияларын ұйымдастыру

Индер ауданының жастар арасында қаржылық, құқықтық, цифрлық сауаттылықты арттыру және жасанды интеллектіні пайдалану бойынша кездесу өткізілді. Жастар әр сала бойынша өз қызығушылықтарын білдірді.«Talaptan Bilim – Қаржылық сауаттылық» тақырыбы бойынша қаржы маманы Лұқпанов Бекболат өз ақыл кеңесін айтып, бүгінгі таңда қаржылық сауаттылық - табысты өмірдің басты кілті екенін атап өтті. «Talaptan Bilim – Жасанды интеллект» тақырыбы бойынша АИ маманы Өмертаев Бақдәулет Өмертайұлы өз білімімен бөлісіп, практика жасап, жасанды интеллект қосымшаларымен жұмыс жасап, жастар қызықты видеолар жасады. «Talaptan Bilim – Цифрлық сауаттылық» тақырыбы бойынша e-gov.kz, enbek.kz, damumed.kz, onlinebank.kz мамандары келіп, ақпараттандырып, тәжірибелерімен бөлісті. «Talaptan Bilim – Құқықтық сауаттылық» тақырыбы бойынша Астана қаласы заңгерлер палатасының заң консультанты Егизбаева Гүлфара ханым құқықтық сауаттылық тақырыбын ҚР Конституциясынан бастап, қазіргі қолданыстағы заң нормаларын түсіндіріп, ақпараттандырды. Жастар түрлі ситуациялық жағдайларды заңды түрде қалай шешуге

болады деген практикалық тапсырмалар орындады. Жалпы кездесу сериялары 200 ұйымдастырылмаған жасты қамтыды.

https://www.instagram.com/p/DQtu1DViN28/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/DQtvP9hCGtB/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/DQtySABiDOT/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/DQtyzLFCMM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/p/DQt1MWTCHhd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://drive.google.com/drive/folders/1CbwxXyFFw-T4z2Mv2Ki-o-UeRGGeTH?usp=drive_link

https://drive.google.com/drive/folders/1jN8YZZDMNBZ7-tu4mnVe1l-R7GUzVgV?usp=drive_link

https://drive.google.com/drive/folders/16X44MWilHjg2gTtdO1KdjAwqDChfAKEd?usp=drive_link

5 міндет. Индер ауданының жастары үшін кәсіптік бағдар беру кездесуін ұйымдастыру

1-іс-шара. Кәсіптік бағдар беру кездесуін ұйымдастыру үшін арнайы мамандарды тарту. 9-11 сынып оқушыларының қатысуымен кәсіптік бағдар беру кездесуін ұйымдастыру.

Индер ауданында Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен, «Дендер» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен 9–11 сынып оқушыларына арналған «Мамандықты саналы таңдау жолында...» кәсіптік бағдар беру тақырыбындағы кездесу өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – жасөспірімдердің болашақ мамандығын дұрыс таңдауына жол көрсету, олардың қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға көмектесу болды. Кездесу 203 оқушыны қамтыды.

Кездесуде оқушылардың кәсіби бағдарын айқындауға бағытталған түрлі әдістемелер мен интерактивті тапсырмаларды қолданды. Шара барысында қатысушыларға еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар, заманауи кәсіптер мен оқу бағыттары туралы жан-жақты ақпарат берілді.

Оқушылар арнайы әзірленген қысқаша сауалнаманы толтырып, өз бейімділіктерін анықтауға мүмкіндік алды.

Кездесудің соңында қатысушылар өз ойларымен бөлісіп, болашақ мамандық таңдаудағы негізгі факторлар туралы пікір алмасты. Мұндай кездесулер жасөспірімдердің саналы шешім қабылдап, өмірлік бағыт-бағдарын айқындауына зор мүмкіндік береді.

https://www.instagram.com/reel/DREQQfPCCG0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://drive.google.com/drive/folders/1rz3vpwOF5Gy330gMBPG4xYqhK4IOfHCM?usp=drive_link

https://www.instagram.com/reel/DREQQfPCCG0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

6 міндет. Өз елді мекенін дамыту үшін Индер ауданының жастарына кемінде 3 шағын грант (әрбір Грант сомасы – 1 000 000 теңге) беру үшін конкурс ұйымдастыру, табыстау және жүргізу

1-іс-шара. Тапсырыс берушімен бекітілген шағын гранттар беру конкурсының ережесін жасақтау

Атырау облысы, Индер ауданының ауылдық жерлерінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, өзекті мәселелерін шешуге бағытталған жергілікті қоғамдастық мүшелердің, бастамашыл топтардың, қоғамдастықтардың әлеуметтік жобаларын іске асыру үшін шағын гранттар бөлу байқауы Ережесі Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының келісімімен жасақталды.

2-іс-шара. Шағын гранттар беру конкурстық комиссиясын жасақтау, конкурстық комиссия отырысын ұйымдастыру, өткізу және жеңімпаздарын анықтау

Жастарға арналған гранттың ережесі мен өтінім формасы жасақталып, әлеуметтік желілерге таратылды. Өтінім беру бойынша барлық түсінік жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде 15 өтінім келіп түсті, түскен өтінімдергі қарауға комиссия құрамы жасақталып, зум арқылы комиссия отырысы өтті. Комиссия хаттамасы жасақталып, жеңімпаздар анықталды.

Жеңімпаздар:

- Зейнешов Әділ, Елтай ауылы тұрғыны, жоба тақырыбы: «Елтай ауылы арасында Бағырлай каналы үстінен өтіп жатқан тұрғындар қатынайтын көпірді қалыпқа келтіру жұмыстары»
- Өмірзақова Гүлназ, Индербор кенті тұрғыны, жоба тақырыбы: «Қауіпсіз үй – бақытты отбасы»
- Нұғыманов Қайрат Абайұлы, Индербор кенті тұрғыны, жоба тақырыбы: «Индербор кентіндегі балалар ойын алаңдарын жөндеу жұмыстары»

3-іс-шара. Шағын гранттарға ие болған жобаларды жүзеге асыру барысын мониторингтеуді ұйымдастыру

Шағын гранттар бойынша жеңімпаздармен келісімшарт жасақталып, қаражаттар игерілді. Берілген қаражат бойынша әр жеңімпаз өз салалары бойынша жұмыстарды атқарды, жасалған жұмыстар бойынша мониторинг жасалып, жетістік тарихы түсірілді. Түсірілген бейнебаян әлеуметтік желіге жарияланды.

- Зейнешов Әділ Елтай ауылын бөліп жатырған Бағырлай каналы үстінен ауыл тұрғындары қатынап жүрген 3 көпірді қалыпқа келтіру жұмыстарын атқарды. Нәтижесінде Елтай ауылы тұрғындары өмірлеріне төніп тұрған қауіптің азайғандығына ризашылықтарын білдірді.
- Өмірзақова Гүлназ «Қауіпсіз үй – бақытты отбасы» жобасы аясында Индербор кентіндегі әлеуметтік осал топқа жататын 300 отбасы үйіне терезе блокаторлары мен газ анализаторларын тегін орнату жұмыстарын жасады.
- Нұғыманов Қайрат Абайұлы Индербор кентіндегі балалар ойын алаңдарын жөндеу жұмыстарын жүзеге асырды.

https://www.instagram.com/reel/DRZlw4jCEt1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/DRZfprhiAxp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/DRZl5oKjJfT/?utm_source=ig_web_copy_link

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

Жобаның қорытынды презентациясы 19.11. Индер Мәдениет үйінде өткізілді.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

Шарт талаптарына сәйкес жоба аясында ақпараттық сүйемелдеу жұмыстары 2025 жылдың сәуір–қараша айлары аралығында жүйелі түрде жүргізілді. Жобаның орындалу барысы, өткізілген іс-шаралар және қол жеткізілген нәтижелер туралы ақпараттар әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен таратылды.

Жоба шеңберінде әлеуметтік желілерге арналған контент-жоспар әзірленіп, бекітілді. Осы жоспарға сәйкес әлеуметтік желілерде кемінде 23 ақпараттық пост жарияланып, жоспар толық көлемде орындалды. Сонымен қатар жоба тақырыбына қатысты кемінде 10 бейнеролик дайындалып, әлеуметтік желі парақшаларында орналастырылды. Жоба аясында жүргізілген жұмыстарды қорытындылайтын 1 дайджест әзірленіп, жарияланды.

Ақпараттық қамтуды арттыру мақсатында облыстық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жоба барысында өткізілген және атқарылған іс-шаралар туралы мақалалар жарияланды. Жалпы саны кемінде 10 мақала жарық көріп, бұл көрсеткіш шартта белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді.

Сонымен қатар жоба барысындағы іс-шаралар туралы ақпараттар жергілікті атқарушы билік органдарының әлеуметтік желідегі ресми парақшаларында жарияланып отырды. Атап айтқанда, Индер ауданы әкімдігінің, Индер аудандық ішкі саясат бөлімінің және Индер аудандық жастар ресурстық орталығының әлеуметтік желідегі парақшаларында әр ұйым бойынша кемінде 5 ақпараттық жарияланым орналастырылды. Барлық жоспарланған көрсеткіштер толық орындалды.

Осылайша, жоба аясындағы ақпараттық жұмыс шарт талаптарына сәйкес жүзеге асырылып, барлық жоспарланған индикаторлар орындалды. Ақпараттық қамту жобаның ашықтығын қамтамасыз етіп, мақсатты аудиторияның жоба іс-шараларынан хабардар болу деңгейін арттыруға мүмкіндік берді.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

«TalaptanInder» әлеуметтік жобасы Индер ауданы жастарын әлеуметтендіру, олардың қажеттіліктерін анықтау және жастардың білімін, дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттарына толықтай сәйкес жүзеге асырылды. Жоба барысында аудан жастарының сұраныстарына негізделген іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді, нәтижесінде жастардың белсенділігі артып, жобаның барлық бағыттары бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізілді.

Жоба аясында жастар үшін консультациялық «We talk» алаңы құрылып, төрт елді мекенде ақпараттық кездесулер ұйымдастырылып, **195 жас нақты кеңес алды**. Ұйымдастырылмаған жастар үшін зияткерлік (88 жас), спорттық (102 жас) және мәдени іс-шаралар жоспарланып, алғашқы екеуі толық жүзеге асырылды. Бұл шаралар жастардың белсенділігін арттырып, олардың қоғамға интеграциялануына мүмкіндік берді. Жоба барысында Индер ауданы жастарына бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізіліп, олардың әлеуметтік, құқықтық және цифрлық дағдылары айтарлықтай артты. Жалпы саны қазірге дейін 587 жас қамтылды.

Жобаның нәтижесінде:

- 50 жас құқықтық сауаттылық бойынша тренингтен өтіп, өз құқықтарын қорғау, келісімшарттарды оқу және мемлекеттік қызметтерді тиімді пайдалану дағдыларын меңгерді;
- 50 жас қазіргі заман талабы Жасанды интеллект қыр сырын үйреніп, қызығушылықтарының тағы бір жаңа парағын ашты;
- 50 жас цифрлық сауаттылық бойынша білім алып, цифрлық қауіпсіздік, онлайн сервистерді қолдану, ақпараттық гигиена туралы практикалық тәжірибе жинады;
- 50 жас қаржылық сауаттылығын арттырып, ақшамен қарым қатынасын түзеді;
- жас өзін-өзі дамыту, әлеуметтік бағдарламалар мен мемлекеттің қолдауын ақпараттандыраар консультация сессияларына қатысты;
- 45 жас дөңгелек үстелге қатынасып, жобаның ұзақ сапалы жүргізілуіне өз пікірлерін қосты;
- 88 жас өзінің интеллектуалдық және зияткерлік білімін бәйгеге салып, өз дәрежесін анықтады;
- 150 жас мәдени шараға қатыстып, өз шығармашылығын дамытты;
- 200 жас кәсіптік білім беру кездесулеріне қатысып, мамандық таңдау қыр сырларын білді;

- 105 жас шағын грант жобасы аясында қамтылып, оң өзгеріс әкелді.

- Іс-шаралар нәтижесінде жастарда сенімділік, белсенділік, шешім қабылдау қабілеті артып, қоғамдық өмірге қатысу деңгейі жоғарылады. Сапалық тұрғыдан алғанда көптеген қатысушылар жобадан кейін оқу мотивациясының артқанын, жаңа мүмкіндіктерге қызығушылық пайда болғанын, қоғамдық бастамаларға белсенді қосыла бастағанын атап өтті.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жоба аясында әлеуметтік-мәдени, спорттық және білім беру іс-шараларын ұйымдастыру арқылы Атырау облысы Индер ауданы жастарының әлеуметтенуіне бағытталған негізгі мақсаттар толық көлемде орындалды. Жобаны іске асыру барысында жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға, олардың білімін, дағдыларын дамытуға және қоғамдық өмірге белсенді тартуға бағытталған кешенді іс-шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылды.

Жобаның негізгі **нысаналы индикаторы – кемінде 1000 жасты әлеуметтендіру** міндеті толығымен орындалды. Атап айтқанда, жоба шеңберінде өткізілген интеллектуалдық, спорттық, мәдени-бұқаралық, білім беру, консультациялық және кәсіптік бағдар беру іс-шараларына **1000-нан астам жас** тікелей қатысып, жоспарланған көрсеткіштен жоғары нәтижеге қол жеткізілді. Қатысушылар Индербор кентін және Жарсуат, Есбол, Елтай, Бөдене, Көктоғай, Өрлік ауылдық округтерін қамтыды, бұл аудан аумағында жастарды кең ауқымда қамтуға мүмкіндік берді.

Жобаның екінші маңызды **нысаналы индикаторы – жобаның олардың өміріне оң әсерін атап өткен қатысушылар үлесінің кемінде 70 пайызды құрауы** көрсеткіші де орындалды. Іс-шаралар қорытындысы бойынша алынған кері байланыс, қатысушылардың ауызша пікірлері мен белсенділігі нәтижесінде **жастардың 70 пайыздан астамы** жоба олардың әлеуметтік, білімдік және тұлғалық дамуына оң ықпал еткенін атап өтті. Атап айтқанда, қатысушылар өздерінің құқықтық, қаржылық, цифрлық сауаттылығы артқанын, жаңа білім мен практикалық дағдылар алғанын, сондай-ақ қоғаммен өзара байланысының күшейгенін көрсетті.

Индер аудандық Жастар ресурстық орталығымен бірлескен іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітіліп, жоспарға сәйкес барлық көзделген іс-шаралар толық көлемде іске асырылды. Бұл өз кезегінде жоба жұмысының жүйелілігін қамтамасыз етіп, жергілікті деңгейде тұрақты серіктестік орнатуға негіз болды.

“We talk” консультациялық алаңы Индер ауданы мен кемінде 3 елді мекен жастары үшін ұйымдастырылып, оның аясында **195 жас** нақты консультациялық қолдауға ие болды. Бұл көрсеткіш жастардың әлеуметтік және экономикалық мәселелерін шешуге бағытталған практикалық көмектің көрсетілгенін дәлелдейді.

Ұйымдастырылмаған жастарға арналған **1 зияткерлік, 1 спорттық және 1 мәдени-бұқаралық іс-шара** өткізу жөніндегі нысаналы индикатор толық орындалды. Атап айтқанда, интеллектуалдық сайысқа 88 жас, спорттық турнирге 102 жас қатысып, мәдени шара барысында жастардың шығармашылық әлеуеті ашылды. Бұл іс-шаралар жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және әлеуметтік ортаға бейімделуіне оң әсер етті.

Сонымен қатар, жастардың қаржылық, құқықтық, цифрлық сауаттылығын арттыру және жасанды интеллектіні пайдалану бойынша өткізілген кездесулер сериясы **200-ге жуық жасты** қамтып, нысаналы индикаторлардың орындалуын қамтамасыз етті.

Кәсіптік бағдар беру кездесуі аясында **203 оқушы** қамтылып, олардың болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға дайындығы артты. Бұл нысаналы индикатор жасөспірімдердің әлеуметтенуіне және кәсіби өзін-өзі анықтауына нақты ықпал етті.

Жобаның тағы бір маңызды **нысаналы индикаторы – Индер ауданы жастарына кемінде 3 шағын грант беру** міндеті де толық көлемде орындалды. Әрқайсысы 1 000 000 теңгеден тұратын 3 шағын грант жергілікті жастар бастамаларын қолдауға бағытталып, нақты әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік берді.

Осылайша, жоба шеңберінде белгіленген барлық **нысаналы индикаторлар** толық орындалып, кейбір көрсеткіштер жоспарланған деңгейден асып түсті. Жоба Индер ауданы жастарының әлеуметтену деңгейін арттырып, олардың қоғамдық белсенділігі мен өмір сапасына тұрақты оң әсерін тигізді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:

Жоба бойынша **барлық жоспарланған нәтижелер толық орындалды**, көрсеткіштерге жетті және кейбір бағыттар жоспардан асыра орындалды (мысалы, консультациялық алаң 3 емес, 4 елді мекенде өткізілуі). Бұл жастардың белсенділігінің және сұранысының жоғары болуымен түсіндіріледі. Жоспардан теріс ауытқу тіркелмеді.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жоба басталғанда Индер ауданындағы жастардың бір бөлігі өз әлеуетін қалай дамыту керегін білмей, кәсіби бағыт пен жаңа мүмкіндіктерге сенімсіздік танытатын. Солардың бірі – аудан колледжінің студенті Расул алғашқы тренингтерде өз ойын ашық айтуға қиналатын және құқықтық, цифрлық сауаттылығының төмен екенін мойындаған еді. TalapтанInder жобасының іс-шараларына жүйелі қатысқаннан кейін ол өзін қызықтыратын бағыттарды анықтап, алғаш рет қоғамдық бастамаларға белсенді араласа бастады.

Жоба барысындағы «Talapтан Grants» шағын грант иегері Елтай ауылының жас белсендісі Зейнешов Әділ, шағын грантқа өтініш берер кезде, осы уақытқа дейін оның ойынан кетпей жүрген ауыл мәселесін қалай шешерін ойлап жүргенде, осы жоба туралы естіп, өзінің өтінішін білдірген болатын.

Елтай ауылының екіге бөліп тұрған Жайық өзенінен бөлініп жатқан Бағырлай каналы бар. Ауылымыздың адамдары кішкентай бүлдіршіндер мектепке және амбулаторияға, балабақшаға қатынау үшін жаяу өткел көпірімен өтеді. Алайда ол жаяу өткел көпірі қазіргі жағдайда апаттық күйде тұр. Ағаштары сынып, темірлері тесіліп қалған, ол адамдар үшін әсіресе балаларға өте қауіпті –деп атап өтті.

Комиссия шешімімен жобасы оң шешім тауып, Әділ қуанышын жасыра алмады. Ел үшін, ауыл үшін жасар жобасы оған күш беріп, алдағы уақытта да үлкен мәселелерге белсене араласатынын атап өтті.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
1072	412	660

Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
1072	0	753	5	40	12	0	104	3	34	-

Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
1072	370	154	224	185	139	0	0

3. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:**1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:**

Жоба барысында Индер ауданы жастарына бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізіліп, олардың әлеуметтік, құқықтық және цифрлық дағдылары айтарлықтай артты. Жалпы саны қазірге дейін 587 жас қамтылды.

- Жобаның нәтижесінде:

50 жас құқықтық сауаттылық бойынша тренингтен өтіп, өз құқықтарын қорғау, келісімшарттарды оқу және мемлекеттік қызметтерді тиімді пайдалану дағдыларын меңгерді;

50 жас қазіргі заман талабы Жасанды интеллект қыр сырын үйреніп, қызығушылықтарының тағы бір жаңа парағын ашты;

50 жас цифрлық сауаттылық бойынша білім алып, цифрлық қауіпсіздік, онлайн сервистерді қолдану, ақпараттық гигиена туралы практикалық тәжірибе жинады;

50 жас қаржылық сауаттылығын арттырып, ақшамен қарым қатынасын түзеді;

195 жас өзін-өзі дамыту, әлеуметтік бағдарламалар мен мемлекеттің қолдауын ақпараттандыраар консультация сессияларына қатысты;

45 жас дөңгелек үстелге қатынасып, жобаның ұзақ сапалы жүргізілуіне өз пікірлерін қосты;

88 жас өзінің интеллектуалдық және зияткерлік білімін бәйгеге салып, өз дәрежесін анықтады;

102 жас салауатты өмір салтын өміріне серік еткенін дәлелдеді;

150 жас мәдени шараға қатыстып, өз шығармашылығын дамытты;

200 жас кәсіптік білім беру кездесулеріне қатысып, мамандық таңдау қыр сырларын білді;

105 жас шағын грант жобасы аясында қамтылып, оң өзгеріс әкелді.

Іс-шаралар нәтижесінде жастарда сенімділік, белсенділік, шешім қабылдау қабілеті артып, қоғамдық өмірге қатысу деңгейі жоғарылады. Сапалық тұрғыдан алғанда көптеген қатысушылар жобадан кейін оқу мотивациясының артқанын, жаңа мүмкіндіктерге қызығушылық пайда болғанын, қоғамдық бастамаларға белсенді қосыла бастағанын атап өтті.

- жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):

TalaptanInder жобасы аудан жастарының әлеуметтік, құқықтық және цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталғандықтан, оның ұзақ мерзімді оң әсері бірнеше бағытта көрінеді:

- Жастардың құқықтық мәдениеті қалыптасып, өз құқықтарын білу салдарынан әлеуметтік дау-жанжал, заң бұзушылық жағдайларының алдын алады;

- Цифрлық сауаттылық деңгейінің көтерілуі жастардың жаңа технологияларды қауіпсіз қолдануына, онлайн жұмыс пен оқу мүмкіндіктерін игеруіне жағдай жасайды;

- Қатысушылардың қоғамдық белсенділігі артып, өңірде инициативалы жастар тобы қалыптасады;

- Жобаның нәтижесінде жастар арасында білімге, өзін дамытуға деген тұрақты сұраныс пайда болып, бұл ұзақ мерзімде жастар әлеуетінің өсуіне әкеледі;

-Ауданның әлеуметтік мәселелерін дер кезінде анықтап, оған жастардың қатысуымен шешу механизмдері қалыптасады.

Бұл әсерлер алдағы жылдары жастардың өмір сапасын арттырып, әлеуметтік тұрақтылықты күшейтуге ықпал етеді.

- әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы

Жобаның тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі факторлар:

- Серіктестер (Ішкі саясат бөлімі, Жастар ресурстық орталығы, Дендер газеті, колледж) жобамен тұрақты жұмыс істеуге дайын;

- Жобада әзірленген әдістемелер, тренинг материалдары және алаңдар болашақта да қолдануға жарамды;

- Құрылымдық серіктестердің бар болуы жобаның іс-шараларын жыл сайын қайталауға мүмкіндік береді;

-Жастар арасында қалыптасқан мотивациялық орта жаңа қатысушыларды табиғи түрде тарта береді;

- «We Talk» сияқты консультациялық алаңдар жұмысын жалғастыру арқылы жоба идеялары ұзақ мерзімді экожүйеге айналады.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақ мерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

TalartanInder жобасы аудан жастарының әлеуметтік, құқықтық және цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталғандықтан, оның ұзақ мерзімді оң әсері бірнеше бағытта көрінеді:

- Жастардың құқықтық мәдениеті қалыптасып, өз құқықтарын білу салдарынан әлеуметтік дау-жанжал, заң бұзушылық жағдайларының алдын алады;

- Цифрлық сауаттылық деңгейінің көтерілуі жастардың жаңа технологияларды қауіпсіз қолдануына, онлайн жұмыс пен оқу мүмкіндіктерін игеруіне жағдай жасайды;

- Қатысушылардың қоғамдық белсенділігі артып, өңірде инициативалы жастар тобы қалыптасады;

- Жобаның нәтижесінде жастар арасында білімге, өзін дамытуға деген тұрақты сұраныс пайда болып, бұл ұзақ мерзімде жастар әлеуетінің өсуіне әкеледі;

-Ауданның әлеуметтік мәселелерін дер кезінде анықтап, оған жастардың қатысуымен шешу механизмдері қалыптасады.

Бұл әсерлер алдағы жылдары жастардың өмір сапасын арттырып, әлеуметтік тұрақтылықты күшейтуге ықпал етеді.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Іске асырылған жоба Индер ауданы жастарының дағдыларын дамытуға, әлеуметтік белсенділігін арттыруға және тұрақты байланыстарды орнатуға бағытталды. Жоба жастардың белсенділігі мен кәсіби даму деңгейін арттыру арқылы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етеді:

- Жастардың құқықтық сауатты болуы мемлекеттік органдардың жүктемесін азайтады, қателіктерді, дауларды және заңсыз әрекеттерді қысқартады;

- Цифрлық сауат деңгейінің көтерілуі жастардың еңбек нарығына бейімделуін жақсартады, бұл жұмыссыздықтың төмендеуіне әсер етеді;

- Қатысушылардың жаңа дағдылар үйренуі ұзақ мерзімде табыс деңгейінің өсуіне ықпал етеді;

- Қоғамдық бастамаларға белсенді жастардың көбеюі өңірде әлеуметтік капиталдың нығаюына, волонтерлік қозғалыстың дамуына жағдай жасайды;

- Ақпараттық мәдениеттің артуы қоғамдағы фейк ақпарат, радикал көзқарас, киберқауіптер тәуекелін төмендетеді.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Key Transform» қоғамдық бірлестігі

Басым бағыттың атауы: «Atyrau Creative Hub» жастар кеңістігінің жұмысын ұйымдастыру

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Шығармашылық кеңістікті құру және жабдықтау

1-іс-шара. Облыстық жастар ресурстық орталығымен жобаны іске асыру мақсатында өзара ынтымақтастық пен серіктестік жөнінде Меморандумға қол қою.

Атырау қаласының Жастар орталығы мен Atyrau creative hub арасында ынтымақтастық орнатылды. Ынтымақтастық 2025 жылдың 23 сәуір күні Жастар ресурстық орталығының басшысы Сагидоллаевна Мансия мен Atyrau creative hub жобасының директоры Нұрсұлтан Зиядаев арасында қол қойылып, алдағы бірлесе жұмыс жасау жайында жоспарлар құрылды.

<https://www.instagram.com/p/DIyFXhSifGG/>

2-іс-шара. Жоба басталғаннан кейін жаңа креативті кеңістік құру үшін қолайлы ғимарат іздеу, оны жобаның міндеттеріне сай ыңғайлы ету, қажетті жиһазбен және жабдықтармен қамтамасыз ету.

Кеңістік үшін қолайлы ғимарат іздеу барысында қаланың әртүрлі аудандарындағы бірнеше нысандар қарастырылды. Таңдау кезінде ғимараттың орналасу аймағы, көлікпен қатынау ыңғайлылығы, жалпы аумағы, бағасы және жөндеу жұмыстарына кететін шығын көлемі сияқты негізгі факторлар ескерілді. Бірнеше нұсқаны салыстырып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдай келе, ең тиімді әрі жоба талаптарына толық сай келетін нысан таңдалды.

Нәтижесінде Атырау қаласы, Жарбосынов көшесі, 108/1 мекенжайындағы екі қабатты, жөтелесі бар, жалпы ауданы 450 шаршы метрді құрайтын ғимарат қолайлы деп табылды. Бұл ғимарат бұрын кеңсе ретінде пайдаланылған, ауласында гаражы бар және креативті кеңістік құруға ыңғайлы орналасқан.

Ғимаратты бейімдеу кезеңінде қолдаушылар мен серіктестердің көмегімен қажетті жабдықтар мен жиһаздар алынды. Кеңістік заманауи талаптарға сай техникалық құралдармен жабдықтылып, жөндеу және интерьерлік жұмыстар жүргізілді. Барлық жұмыстардың мақсаты – жастар мен шығармашыл адамдардың өз жобаларын іске асырып, ортақ идеялармен бөлісетін, шабыттандыратын орта қалыптастыру болды.

Нәтижесінде жаңа кеңістік аймақтың мәдени және креативті өмірінің маңызды нүктесіне айналып, түрлі форматтағы іс-шаралар, кездесулер мен шығармашылық жобаларды қабылдай алатын толыққанды ортаға айналды.

3-іс-шара. Жастарға арналған мамандандырылған кеңістікті жабдықтау

Жоба аясында жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, оқуға және кездесулер өткізуге қолайлы мамандандырылған кеңістік жасақталды. Кеңістік ішкі құрылымына қарай бірнеше аймақтарға бөлініп, әрқайсысы белгілі бір функцияны атқаратындай етіп жабдықталды.

1. Көпфункционалды зал және коворкинг аймағы

Жастардың оқу процесі мен іс-шараларын өткізуге арналған арнайы бөлме трансформер үстелдер мен орындықтармен жабдықталды. Бұл үстелдер бірнеше пішінге жиналып, әртүрлі форматтағы кездесулер, воркшоптар мен тренингтер өткізуге мүмкіндік береді. Мұндай шешім кеңістіктің функционалдығын арттырып, оны түрлі бағыттағы қолдануға ыңғайлы етті.

2. Театр және қойылымдар өткізуге арналған аймақ

Гимараттың ең төменгі қабатында (цоколь) жалпы аумағы 150 шаршы метрді құрайтын екі бөлмеден тұратын театр алаңы құрылды. Бұл аймақ сахналық қойылымдар, репетициялар және музыкалық перформанстар өткізуге бейімделді. Қабырғалары дыбыс изоляциясын жақсарту мақсатында матамен қапталып, косметикалық жөндеу жұмыстары жүргізілді. Алаң заманауи дыбыс колонкалары мен микрофондармен жабдықталды.

3. Фотозона және демалыс аймақтары

Гимараттың ішінде фото және видео түсірілімдерге арналған арнайы фотозоналар жасалды. Сонымен қатар, күнделікті қолдануға арналған коферум аймағы жабдықталып, онда қатысушылар мен келушілерге ыңғайлы тамақтану және демалу мүмкіндігі қарастырылды. Кофе-аймақ жанынан кездесулер мен презентациялар өткізуге арналған шағын lounge-аймақ ұйымдастырылды.

4. Кітапхана және оқу бұрышы

Гимараттың бірінші қабатының орталық бөлігінде ашық кітапхана аймағы құрылды. Ол кең сөрелермен жабдықталып, еріктілердің көмегімен кітап қоры толықтырылды. Бұл аймақ өзіндік даму мен шығармашылық шабытқа арналды.

5. Кеңселер мен студиялар

Гимараттың екі қабатында да түрлі бағыттағы жобалық және әкімшілік жұмыстарға арналған кеңселер орындықтармен, үстелдермен және қажетті техникамен қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, фото студия мен арт студия жасақталып, оларда визуалды өнер, бейне және фото түсірілімдер, шығармашылық сабақтар өткізуге жағдай жасалды.

6. Инфрақұрылым және қолайлылық

Барлық қабаттарда санитарлық тораптар (әжетханалар) толық жөнделіп, қайта іске қосылды. Кеңістік қауіпсіздік пен жайлылық талаптарына сай жарықтандырылып, жылыту және желдету жүйелері ретке келтірілді.

<https://www.instagram.com/p/DMNoB7utPdL/>

2-міндет. Шығармашылық резиденттер қауымдастығын қалыптастыру

1-іс-шара. Креатив хаб құрылатыны жөнінде анонс жасау, резиденттікке креативті ұйымдар мен қауымдастықтарды тарту үшін ақпарат тарату, онлайн сауалнама (опросник) арқылы сұранысты анықтау және ұсыныстар қабылдау, резиденттер пулын қалыптастыру

Жоба басталған алғашқы кезеңде креативті хабтың ашылатыны туралы хабарландыру жасалып, өңірдегі шығармашылық қауымдастықтар мен ұйымдарды, белсенді жастарды және бастамашыл топтарды резиденттікке тарту бағытында ақпараттық кампания жүргізілді.

Анонс жобаның басты мақсаттарын, болашақ кеңістіктің қызмет бағыттарын және хабтың жастарға ұсынатын мүмкіндіктерін түсіндіруді көздеді. Бұл материалдар әлеуметтік желілер мен серіктес ұйымдардың ақпараттық арналары арқылы кеңінен таратылды.

Онлайн форматта арнайы сауалнама (опросник) әзірленіп, ол арқылы жастар мен шығармашылық ұйымдар өздерінің қажеттіліктері мен ұсыныстарын білдіре алды. Жалпы сауалнамаға өтінім берушілер саны: 226, іріктеуден өткен резиденттер саны: 107 адам.

Бұл сауалнама хаб қызметінің нақты бағыттарын жоспарлауға және резиденттік бағдарламаның мазмұнын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Нәтижесінде ақпараттық анонс кең аудиторияға жетіп, көптеген қаралым жинады. Бұл қоғам тарапынан жоғары қызығушылықтың бар екенін және мұндай кеңістіктің аймақ үшін өзекті екенін көрсетті.

Жиналған жауаптар мен пікірлер негізінде хабтың алғашқы резиденттер пулын қалыптастыру басталды. Қатысушылар арасында өнер, медиа, дизайн, музыка, білім беру және әлеуметтік жобалар салаларындағы белсенді топтар мен ұйымдар бар.

<https://www.instagram.com/p/DHyAju2CSB6/>

<https://www.instagram.com/p/DLo9Effsr-w/>

2-іс-шара. Ашық есік күнін ұйымдастыру, кеңістікті таныстыру, резиденттер арасында шығармашылық бағыттарды анықтау және ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылау.

Atyrau Creative Hub-тың ашылуы шығармашылық атмосферада өтті. Мақсат — Атыраудағы креатив индустрияны қолдау, резиденттерді таныстыру және ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылау. Күн барысында кеңістік таныстырылды, ашық сессиялар мен бейресми танысулар ұйымдастырылды, жәрмеңке, кофе-каппинг, лекциялар, ойындар, кино және шағын музыкалық нөмірлер өтті. Қатысушылар өзара танысып, идеялармен алмасып, бірлескен жобалардың алғашқы келісімдері пысықталды. Нысаналы топ — жергілікті креаторлар, жастар және шағын шығармашылық бизнес өкілдері. Нәтижесінде резиденттікке қызығушылық артты, бағыттар айқындалды, хаб аймақтың шығармашылық экожүйесінің жаңа орталығына айналды.

<https://24.kz/ru/news/culture/714297-tsentr-dlya-tvorcheskoj-molodezhi-otkryli-v-atoryau>

https://el.kz/ru/v-atoryau-otkrylsya-tvorcheskiy-hab_400026468/?utm_source=chatgpt.com

https://bizmedia.kz/2025-06-08-v-atoryau-otkrylsya-kulturnyj-czentr-atoryau-creative-hub/?utm_source=chatgpt.com

<https://www.facebook.com/share/p/1G2YPFdRdb/>

https://finance.kz/news/atoryau-creative-hub-novoe-prostranstvo-dlya-razvitiya-kreativnyh-industriy-regiona?utm_source=chatgpt.com

https://kapital.kz/gosudarstvo/137679/v-atoryau-otkryli-tvorcheskiy-hab.html?utm_source=chatgpt.com

3-міндет. Шығармашылық бастамаларды қолдау.

1-іс-шара. Талқылау, жобалардың даму жолдарын анықтау, қажетті ресурстар мен қолдау түрлерін жоспарлау. Жобаларды жүзеге асыру үшін менторлар мен серіктестерді тарту, қаржыландыру және инфрақұрылымдық мүмкіндіктер ұсыну.

Atyrau Creative Hub кеңістігі ашылғаннан кейін оның аясында бірнеше жаңа шығармашылық бастамалар өз жұмысын бастап, алғашқы іс-шараларын өткізді. OPEN TALK!, Рок-кездесу, Естелік, NGO Morning Market, «Сіз кімсіз?» спектаклі және Shyraq Community секілді жобалар хабтың қолдауымен жүзеге асып, жастардың өз идеяларын еркін жүзеге асыруына мүмкіндік берді. Бұл шараларға шығармашылық ортада жаңа байланыстар мен серіктестіктер қалыптасты.

Аталған бастамалардың ішінде ерекше атап өтерлік жоба — **Atyrau Creative Hub қолдауымен өткен алғашқы театрлық премьеры «Сіз кімсіз?» қойылымы** болды. Жас режиссер **Азамат Орынбайдың** авторлығымен сахналанған бұл спектакль өмір мен

өлім арасындағы ішкі күресті бейнелеп, қоғамда өзекті болып отырған нашақорлық мәселесін терең философиялық тұрғыда көрсетті. Бұған дейін режиссер бұл қойылымды үлкен театр базасында жүзеге асыруға тырысқанымен, түрлі шектеулер мен сын-пікірлерге байланысты өз идеясын толық жеткізе алмаған. Іс-шараларға қатысқан менторлар арасында Азамат Орынбай, Тагибергенов Алмат.

Atyrau Creative Hub командасы оған тәуелсіз театр алаңын ұсынып, шығармашылық еркіндік берді. Соның нәтижесінде қойылым үш сеанстан тұратын толық форматта көрерменге жол тартты және жоғары бағаға ие болды. Қойылымнан кейін өткен ашық пікірталас барысында жастар мен көрермендер өнердің әлеуметтік мәселелерді қозғаудағы маңызын атап өтті.

<https://www.instagram.com/p/DLCisSJMIvY/>

<https://pricom.kz/obshhestvo/v-poiske-svoej-strategii.html>

https://www.instagram.com/p/DOdFIZjRAi/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=N3Noazl6azM3OTNy

<https://www.instagram.com/p/DLXL7zNi6Wc/?igsh=MXJkNzI4Zm1od3l2YQ%3D%3D>

<https://www.instagram.com/p/DLSZOVACjOy/?igsh=MWdhY2ZmZnpjZTc2Mg%3D%3D>

4-міндет. Іс-шаралар ұйымдастыру

1-іс-шара. Таңдалған бағыттар (мысалы: видео продакшн, музыкалық шығармашылық, театр) бойынша білім беру іс-шаралары, тренингтер, шеберлік сабақтары, воркшоптар өткізу. Сонымен қатар, шағын театрланған қойылымдар, бейнежазбалар түсіру, музыкалық концерттер мен кинокештер ұйымдастыру. Оқытушылар мен менторларды тарту, шығармашылық қауымдастық арасында тәжірибе алмасуды дамыту.

Atyrau Creative Hub кеңістігі ашылғаннан кейін оның базасында түрлі бағыттағы шығармашылық және білім беру іс-шаралары тұрақты түрде өткізіліп келеді. Негізгі бағыттар — видео продакшн, музыкалық шығармашылық, театр, әдебиет, би және азаматтық бастамалар.

Жоба аясында 20-дан астам шара ұйымдастырылып, барлығы 821 адам қамтылды. Бұл іс-шараларға шеберлік сабақтары, тренингтер, лекциялар, воркшоптар, шығармашылық кездесулер, театр қойылымдары, музыкалық концерттер және кинокештер кірді. Сонымен қатар, бишілер жарысы, кітап оқырмандар жиналыстары және жастарға арналған оқыту форматтары өткізілді.

Іс-шараларға жергілікті және сырттан шақырылған менторлар мен оқытушылар тартылып, қатысушылар арасында тәжірибе алмасу мен жаңа серіктестік байланыстар орнатылды. Әрбір шара шығармашылық қабілетті дамытуға, креативті ойлауды қалыптастыруға және мәдени белсенділікті арттыруға бағытталды. Іс-шараларға қатысқан менторлар арасында Даурен Қалиасқар, Лаура Элидет Родригес.

Atyrau Creative Hub ұйымдастырған бұл жобалар жастардың өзін-өзі дамытып, өз идеяларын іске асыруына мүмкіндік беріп, өңірдің мәдени және креативті экожүйесінің қалыптасуына нақты үлес қосты.

<https://pricom.kz/socium/nesbyvsheesya-detstvo.html>

<https://pricom.kz/molodezh/molodezhi-atyrau-rasskazali-kak-pravilno-planirovat-pokupku-zhilya.html>

<https://youtu.be/AYQr9KqIwRo?si=IIR3e0hBqrnSt7jR>

[https://www.the-village-kz.com/village/people/interview-people/41705-v-atyrau-est-virtuozy-no-net-ploschadok-dlya-nih?fbclid=PAZXh0bgNhZW0CMTEAAadeZBpgpjJpFamo_NqChI-ye-](https://www.the-village-kz.com/village/people/interview-people/41705-v-atyrau-est-virtuozy-no-net-ploschadok-dlya-nih?fbclid=PAZXh0bgNhZW0CMTEAAadeZBpgpjJpFamo_NqChI-ye-MDgLsy5VLkTLHQItabePChb4Y8x50gejVLg_aem_ub3V7QfA2hW3UBLro5pM6g)

[MDgLsy5VLkTLHQItabePChb4Y8x50gejVLg_aem_ub3V7QfA2hW3UBLro5pM6g](https://www.the-village-kz.com/village/people/interview-people/41705-v-atyrau-est-virtuozy-no-net-ploschadok-dlya-nih?fbclid=PAZXh0bgNhZW0CMTEAAadeZBpgpjJpFamo_NqChI-ye-MDgLsy5VLkTLHQItabePChb4Y8x50gejVLg_aem_ub3V7QfA2hW3UBLro5pM6g)

https://www.instagram.com/p/DOfdW3BDKG0/?utm_source=ig_web_copy_link

<https://www.instagram.com/p/DQbWWwniM2q/>

<https://youtu.be/OU0J5kbE19o?si=zBBe-sgi6xhaqVihT>

<https://youtu.be/xcWvAfXFgNE?si=oXwCbT-W9KC6sfbI>

5-міндет. Серіктестіктерді дамыту

1-іс-шара. Жергілікті оқу орындары мен мәдени мекемелермен, республикалық және Орта Азия көлеміндегі креативті бизнестер, ұйымдар мен шығармашылық мекемелермен серіктестік орнату. Креативті индустриялардың өкілдерімен ынтымақтастықты дамыту, бірлескен жобалар жасау, білім беру бағдарламалары мен тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін кеңейту. Хабтың тұрақтылығы мен қызметінің тиімділігін арттыру үшін ұзақ мерзімді әріптестік орнатуға басымдық беру.

Жоба аясында Atyrau Creative Hub өңірлік, республикалық және азаматтық сектордағы бірқатар ұйымдармен тұрақты серіктестік орнатып, шығармашылық және әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға бағытталған ұзақ мерзімді ынтымақтастық жүйесін қалыптастырды.

Бастапқы серіктестік Атырау қаласының Жастар орталығымен орнатылып, жоба барысында жаңа әріптестермен кеңейе түсті. Бұл байланыстардың нәтижесінде хаб алаңында түрлі форматтағы мәдени, білім беру және әлеуметтік іс-шаралар өткізілді, бірлескен жобалар мен резиденттік бағдарламалар іске қосылды.

Atyrau Creative Hub серіктес болған негізгі ұйымдар қатарында:

- Әлеуметтік бағдарламалар мен инновациялар қоры,
- “Жастар таңдауы – Атырау” ҚБ,
- “Рауан” жастар қоры ҚБ,
- “Жүректен жүрекке” ҚБ,
- “Ауыл” партиясы Атырау облысы бойынша өңірлік филиалы,
- “Jaiyq Corp” шығармашылық бірлестігі,
- “Атырау жастары” медиа жобасы,
- “Atyrau Students Union” студенттер қауымдастығы,
- «Gylym Dauiri» қоғамдық қоры,
- “Virtuoso” өнер мектебі.
- «BINOM ATYRAU» Әл-Фараби атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицей ЖШС

Бұл ұйымдармен орнаған серіктестік тек жоба кезеңінде ғана емес, алдағы жылдары да ортақ мәдени, білім беру және әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға бағытталған ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың негізін қалады.

<https://www.instagram.com/p/DPyту4YDBIx/>

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

Қорытынды кеш 26 қазанда Atyrau creative hub кеңестігінде «Қош бол, Жарбосынов» қоштасу кеші өтті.

<https://www.instagram.com/reel/DQV7OIAjXw4/?igsh=MWVkcGN3cWdmeDZkcQ==>

<https://www.instagram.com/reel/DQbWWwniM2q/?igsh=MWVvNHQ0dzRyb2R2cg==>

Жоба аясындағы іс-шараларды әлеуметтік желідегі парақшалар арқылы ақпараттандыру

Жоба барысында іс-шаралар <https://www.instagram.com/p/DPyту4YDBIx/> әлеуметтік желі және БАҚ арқылы ақпараттандырылды.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

- Жастардың шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін, кәсіби дамуын қолдайтын және өңірдегі креативті индустрияларды дамытуға ықпал ететін көпфункционалды кеңістік құрылды.
- Жастарға арналған мамандандырылған кеңістік толық жабдықталды (арт-студия, коворкинг, театр аймағы, мини кітапхана, фотостудия).

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жоба өз мақсатына толықтай жетті — жастардың шығармашылық әлеуетін ашуға, кәсіби дамуына және өңірдің креативті индустрияларының дамуына ықпал ететін көпфункционалды шығармашылық кеңістік сәтті құрылып, тұрақты жұмыс істеуде. 1. Кеңістіктің құрылуы және инфрақұрылымдық негіздің жасақталуы: Атырау қаласы, Жарбосынов көшесі 108/1 мекенжайындағы екі қабатты ғимарат таңдалып, жоба міндеттеріне сай бейімделді. Кеңістік жөнделіп, қажетті жиһаздар мен заманауи техникалық құралдармен жабдықталды. Нәтижесінде жастар мен шығармашыл адамдарға арналған ыңғайлы, шабыттандыратын орта құрылды. 2.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жоба басталғанға дейін өңірде шығармашылық жастардың басын қосатын тұрақты орталық болмаған. **Atyrau Creative Hub** бұл олқылықтың орнын толтырып, жастардың өзін-өзі дамытуына, креативті идеяларын іске асыруына және кәсіби өсуіне жағдай жасады. Ұзақ мерзімде жоба өңірлік креативті индустрияның қалыптасуына, жаңа мәдени бастамалардың тууына және шығармашылық кәсіптердің дамуына ықпал етеді. Бұл — Атырау қаласын елдің креативті хабтарының бірі ретінде қалыптастыруға бағытталған нақты қадам.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
1199	482	717

Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
1199	25	904	-	30	-	-	90	30		120

Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
1199	39	450	430	260	20	-	-

3. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Atyrau Creative Hub жобасы Атырау өңіріндегі жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, мәдени белсенділікті арттыруға және креативті индустрияны қолдауға елеулі үлес қосты. Шаралар құрамына шеберлік сабақтары, тренингтер, воркшоптар, лекциялар, музыкалық кездесулер, театр қойылымдары, әдеби және креативті форматтағы кездесулер кірді.

Онлайн сауалнама нәтижесінде **резиденттер** іріктеліп, хаб қауымдастығының алғашқы мүшелері қалыптасты. Резиденттер шығармашылық салалар бойынша (өнер, музыка, театр, медиа, дизайн, білім беру, әлеуметтік жобалар) өзара байланыс орнатып, бірлескен жобаларды іске асыруды бастады.

Хаб ашылғаннан кейін бірнеше жаңа бастамалар мен шығармашылық жобалар іске қосылды: **OPEN TALK!, Рок-кездесу, «Естелік», NGO Morning Market, «Сіз кімсіз?» спектаклі, Shyraқ Community** және т.б. Әсіресе, жоба қолдауымен өткен «Сіз кімсіз?» тәуелсіз театр қойылымы жастар арасында үлкен қызығушылық тудырып, Атырауда тәуелсіз театр мәдениетінің дамуына жол ашты.

Жоба нәтижесінде жастар креативті ортада еркін жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болды, жаңа білім алды, шығармашылық серіктестік байланыстарын орнатты және өз идеяларын жүзеге асыруға қажетті инфрақұрылым мен менторлық қолдау тапты.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жоба іске асырылғанға дейін Атырау өңірінде жастарға арналған заманауи шығармашылық инфрақұрылым, тәжірибе алмасу алаңдары мен тәуелсіз өнер платформалары жеткіліксіз болды. Atyrau Creative Hub бұл мәселені жүйелі түрде шешіп, қаланың креативті индустриясының дамуына ұзақмерзімді серпін берді.

Жобаның ұзақмерзімді ықпалы төмендегі бағыттар бойынша көрінеді:

- **Креативті экожүйені қалыптастыру:** Хаб тұрақты резиденттер қауымдастығын жинақтап, аймақтағы шығармашылық топтардың бірігуіне себеп болды. Бұл болашақта жаңа өнер бағыттарының дамуын, мәдени бастамалардың көбеюін қамтамасыз етеді.
- **Жастардың өзін-өзі дамытуы:** Шығармашылықпен айналысатын жастардың өз өнімдерін, жобаларын іске асыру үшін қажетті орта пайда болды. Бұл олардың кәсіби қалыптасуына және шығармашылық мәдениеттің өсуіне ықпал етеді.
- **Қоғамдық белсенділіктің артуы:** Креативті жобалар арқылы әлеуметтік проблемаларды көтеру, пікірталас алаңдарын ұйымдастыру және азаматтық жауапкершілікті арттыру үрдісі байқалады.
- **Инфрақұрылымның сақталуы:** Жоба аясында жасақталған кеңістік болашақта да жастардың мәдени, білім беру және шығармашылық іс-шараларын тұрақты түрде өткізуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, жоба аймақтағы шығармашылық қоғамдастықтың тұрақты дамуына бағытталған ұзақмерзімді оң өзгерістерді қалыптастырады.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері бірнеше деңгейде көрінеді:

- **Жастардың жұмыспен қамтылу әлеуеті артты.** Резиденттер арасында фото-видео өндірушілер, дизайнерлер, музыканттар, актерлер, контент-мейкерлер және оқытушылар өз қызметтерін ұсыну мүмкіндігіне ие болып, табыс көздерін кеңейтті.
- **Жергілікті креатив индустрия жанданды.** Театр қойылымдары, концерттер, көрмелер, оқыту форматтары өңірде жаңа мәдени өнімдердің пайда болуына және шығармашылық нарықтың кеңеюіне ықпал етті.
- **Кәсіпкерлік бастамаларға жағдай жасалды.** Хаб базасында шағын шығармашылық бизнес өкілдері мен стартап иелері үшін құрал-жабдық, кеңістік және аудитория ұсынылып, олардың қызметін дамытуға мүмкіндік берілді.
- **Қоғамдық капитал күшейді.** Ынтымақтастық, серіктестік және еріктілік мәдениеті дамып, жастардың өзара байланысы нығайды.
- **Аймақтың мәдени тартымдылығы артты.** Atyrau Creative Hub Атыраудың мәдени брендіне айналып, жастар үшін жаңа сапалы демалыс және даму ортасына жол ашты.

Жалпы алғанда, жоба өңірдегі әлеуметтік белсенділікті күшейтіп қана қоймай, креативті экономиканың қалыптасуына және жастардың кәсіби әрі жеке өсуіне айтарлықтай үлес қосты.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Әлеуметтік бағдарламалар және инновациялар қоры» қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: «Жастар көшбасшылары үшін шетелдік стажировкаларды ұйымдастыру»

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1 міндет. Азаматтық қоғам саласында жұмыс тәжірибесі бар, мотивациясы мен көшбасшылық әлеуеті жоғары қатысушыларды әділ және ашық іріктеу конкурсын өткізу.

1 іс-шара. Жобаның ашық және айқын іріктеу процесін қамтамасыз ету мақсатында бағалау критерийлерін (мотивация, көшбасшылық әлеует, қоғамдық бастамаларға қатысу тәжірибесі және т.б.) әзірлеу және бекіту, сонымен қатар 4 адамнан тұратын сараптамалық комиссия құру (оның құрамына ҰЕҰ, Ішкі саясат басқармасы, әлеуметтік кәсіпкерлер және тәуелсіз сарапшы енді), сараптамалық комиссияның тізімін Атырау облысы Ішкі саясат басқармасымен келісу

2025 жылғы 1–6 сәуір аралығында мемлекеттік және орыс тілдерінде конкурс өткізу туралы ереже әзірленіп, Тапсырыс берушімен келісілді. Ережеде бағалау критерийлері айқындалды (мотивация, көшбасшылық әлеует, қоғамдық бастамаларға қатысу және т.б.). Сонымен қатар 4 мүшеден тұратын сараптамалық комиссия құрылды. Оның құрамына ҰЕҰ өкілдері, Ішкі саясат басқармасы, әлеуметтік кәсіпкер және тәуелсіз сарапшы кірді.

<https://drive.google.com/drive/folders/13tMKk152xDnNWIGaD68Qa2LhYCrep10>

2 іс-шара. Әлеуметтік желілерде, Ішкі саясат басқармасы, Азаматтық орталық, Жастар ресурстық орталығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының жастар қанаты және АДЖК жастар қанаты арқылы конкурс туралы хабарландыруды әзірлеу және тарату.

Хабарландыру Instagram, Facebook және TikTok әлеуметтік желілерінде, сондай-ақ өңірлік пабликтерде жарияланды:

https://www.instagram.com/reel/DIVkFNINX7z/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/DIB5cCYtUZm/?utm_source=ig_web_copy_link

<https://www.facebook.com/share/p/1BkTbLJaNW/>

<https://www.facebook.com/share/v/1Fo68937jT/>

<https://vt.tiktok.com/ZSkdE8wvv/>

<https://vt.tiktok.com/ZSkdEfHhw/>

<https://drive.google.com/drive/folders/111eiYd-SSG8GYa-3sr0YsUfamkH2nMi3>

3 іс-шара. Қатысушылардың өтінімдерін қабылдау (эссе, түйіндеме, жобалар портфолиосы).

Барлығы 50-ден астам өтінім қабылданып, қатысушылардың бастапқы тізімі жасалды.

<https://drive.google.com/drive/folders/1TkxreQwBB1j7wvn0HO2zNPdURxMtFuWd>

4 іс-шара. Алдын ала іріктеу жүргізу.

Алдын ала іріктеу нәтижелері бойынша 25 жартылай финалист анықталып, комиссия хаттамасы жасалды және бекітілді.

https://drive.google.com/drive/folders/17gSV9EK-ZHCDdH0JbeGHVgfB6BG94_Ra

5 іс-шара. Қорытынды сұхбат өткізу және көшбасшылық әлеуетті бағалау арқылы финалистердің тізімін бекіту (қосымша 3 адам резервке қойылды).

Финалистермен сұхбаттар өткізіліп, нәтижесінде 10 негізгі қатысушы және 3 резервтік кандидат анықталды. Барлық сұхбат нәтижелері хаттама түрінде рәсімделді.

https://drive.google.com/drive/folders/1QIH7BZlxt7M6_pXO2j9Pkf8ZmYnQSOdO

6 іс-шара. Нәтижелерді жариялау және қатысушыларды ақпараттандыру.

Осы іс-шара аясында конкурстық іріктеудің нәтижелері туралы ақпарат беру мақсатында Instagramда 1 пост және 1 рилс, Facebookта 1 пост және 1 рилс, Tiktokта 1 рилс жарияланды:

<https://www.instagram.com/p/DIyStTIsvPe/?igsh=MWJpZ3p6cHVrZXpoZA==>

https://www.instagram.com/reel/DIyyOd6z_b0/?igsh=Mms2NHlwcHp3ZXVv

<https://www.facebook.com/share/r/1FPduveDdK/>

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02JaHJCGAd5VSHjP8sQJVGqv3eSixdoncHL9FxZULyeymbN9Fm4PhqRNh1qnEm4enWl&id=100023558390195&mibextid=Nif5oz

<https://vm.tiktok.com/ZMS5nwcHF/>

2 міндет. Түркия және Ұлыбритания елдеріне ұйымдастырылатын стади-турлардың бағдарламасын әзірлеу. Бағдарлама құрамына мастер-кластар, тренингтер, халықаралық сарапшылармен кездесулер және табысты жастар ұйымдарына бару кіруі тиіс.

1 іс-шара. Түркия және Ұлыбритания елдерінде баруға жоспарланған ұйымдардың тізімін (әр елде кемінде 6 үкіметтік емес ұйым және 3 әлеуметтік кәсіпкерлік нысаны) әзірлеу, шетелдік ұйымдармен келіссөздер жүргізу және бағдарламаны келісу. Сондай-ақ Ішкі саясат басқармасымен келісілген кездесулер, тренингтер мен экскурсиялар кестесін қамтитын бағдарламаны қалыптастыру, ақпараттық және үлестірмелік материалдарды (қабылдаушы ұйымдар туралы мәлімет, іс-шаралар бағдарламасы, елде болу жөніндегі жадынама, әр қатысушымен жасалған келісімшарт) дайындау.

Түркия және Ұлыбритания елдерінде баруға арналған әр елден 6 үкіметтік емес ұйым және 3 әлеуметтік кәсіпкерлік нысаны бар ұйымдардың тізімі дайындалды. Шетелдік ұйымдармен келіссөздер жүргізіліп, Атырау облысы Ішкі саясат басқармасымен стади-тур бағдарламасы келісілді. Бағдарламаға кездесулер, тренингтер мен экскурсиялар кестесі енгізілді. Қатысушыларға арналған қағаз және электронды форматтағы буклеттер мен жадынамалар әзірленіп, 10 қатысушымен келісімшарттар жасалды. Нәтижесінде 10 жас көшбасшы екі елде кемінде 6 үкіметтік емес ұйым мен 3 әлеуметтік кәсіпкерлік нысанының қызметімен танысты.

https://docs.google.com/document/d/1zAsSiARtgRhGKwEPaiVQSZSpTzSdyYik/edit?usp=drive_web&oid=102968884965147854092&rtpof=true

3 міндет. Жастар бастамаларын басқару саласындағы озық халықаралық тәжірибені зерделеу мақсатында 2 шетелге – Түркия мен Ұлыбританияға 6 күндік сапар ұйымдастыру.

1 іс-шара. Қатысушылар үшін көлік пен тұру орнын брондау.

Барлық қатысушыларға әуе билеттері, отырғызу талондары, қонақүй шоттары мен чектері ұсынылды.

2 іс-шара. Қатысушыларды дайындау мақсатында мәдениетаралық коммуникация бойынша тренинг ұйымдастыру.

Мәдениетаралық коммуникация бойынша дайындық тренингі өткізілді. Тренингке стади-турларға қатысатын 10 адам қатысты. Олар мәдениет түрлері мен олардың ерекшеліктері, халықаралық қарым-қатынас әдебі және жұмыс кездесулеріндегі мінез-құлық нормалары туралы білім алды.

<https://drive.google.com/drive/folders/1Prde1ArzQVYUrKOD0kIJPf7nDi8oadSb>

3 іс-шара. Түркия және Ұлыбритания елдерінде жастар ұйымдары мен әлеуметтік кәсіпорындарды басқару бойынша үздік тәжірибелерді зерделеу мақсатында білім беру сапарларын өткізу.

Әрбір қатысушы бойынша Түркия және Ұлыбританиядағы сапарлардың есебі мен фотоматериалдары дайындалды.

https://drive.google.com/drive/folders/1JMZeQTyuWMNS_K4aHyyHedX7dURQqHQ

4 іс-шара. Стади-турлардың қорытынды есебін дайындау (сапар барысында қатысқан ұйымдар мен іс-шаралардың сипаттамасы және алынған тәжірибе).

Түркия мен Ұлыбританияда өткен стади-турлардың нәтижелері бойынша қорытынды есептер дайындалды және тапсырылды.

<https://drive.google.com/drive/folders/1vXCwYq1VJNr1qEJD6bOT7NI1SVGtLOaq>

3 іс-шара. Мәдени бұқаралық іс шара. 2025 жылдың 11 қарашада Исатай ауданында “Talaptan Isatai” жобасы аясында “Talaptan жастар кубогі” атты Көңілді тапқырлар клубы (КТК) форматындағы мәдени іс-шара өткізілді. Кештің мақсаты — аудан жастарының шығармашылық қабілеттерін, тапқырлық пен ұйымшылдық дағдыларын дамыту және жастар арасындағы достық байланыстарды нығайту болды. Іс-шараға барлығы 7 команда қатысып, жалпы көрермендерді қосқанда 150-ге жуық жас жиналды. Командалар өз өнерлерін әзіл, сахналық қойылым және креативті ойлар арқылы көрсетті. Нәтижесінде, 1-орынды “Әжесінің балалары”, 2-орынды “Планета” командасы, 3-орынды «Бағдаршам» иеленді. Шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, жастардың мәдени белсенділігі мен сахналық шеберлігін арттыруға ықпал етті. Іс-шара туралы есеп, қатысушылар тізімі, фотолар және 1 видеоматериал, және 2 әлеуметтік желідегі жарияланым әзірленіп, БАҚ бетінде 1 материал жарияланды. Жалпы алғанда, “Talaptan жастар кубогі” жобасы аудан жастары үшін шығармашылық шабыт пен ұмытылмас әсер қалдырған мазмұнды мәдени оқиға болды.

Сілтемелер: Шығармашылық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/1rXJov9zQj4at34bzechTQ6KCt4NNd0wzc?usp=drive_link

Әлеуметтік желі: https://www.instagram.com/reel/DJ35cNXtPml/?utm_source=ig_web_copy_link

4 міндет. Исатай ауданының жастар арасында қаржылық, құқықтық, цифрлық сауаттылықты арттыру және жасанды интеллектіні пайдалану бойынша кездесу серияларын ұйымдастыру.

«Talaptan Isatai» жобасы аясында жастардың білімін арттыруға бағытталған маңызды іс-шаралар сериясы өткізілді. Атап айтқанда, Исатай ауданы Жанбай селосында 2025 жылдың 8 қыркүйегінде – «Жасанды интеллект», 14 қазанда – «Қаржылық сауаттылық», 15 қазанында – «Цифрлық сауаттылық», және 16 қазанында – «Құқықтық сауаттылық» тақырыптарында төрт ауқымды тренинг-кездесу ұйымдастырылды.

Кездесулердің басты мақсаты — аудан жастарының заманауи дағдыларын дамыту, құқықтық және цифрлық мәдениетін арттыру, сондай-ақ қаржыны тиімді басқару мен жасанды интеллекті күнделікті өмірде қолдану жолдарын түсіндіру болды.

Барлығы 4 бағыт қамтылды, әр тақырып бойынша жеке бағдарлама жасалып, спикерлердің тізімі мен түйіндемелері дайындалды. Кездесулерге 200-ге жуық жас қатысып, белсенді пікір алмасу жүргізілді.

Іс-шаралар аясында ақпараттық жұмыстар жүргізіліп, жастарды тарту мақсатында әлеуметтік желілерде жарияланымдар жасалды. Әр тренинг бойынша пресс-релиздер, фото және видео материалдар, сондай-ақ қатысушылар тізімі мен іс-шара есептері әзірленді.

Жалпы алғанда, бұл кездесулер жастардың практикалық білімін арттыруға, өзін-өзі дамыту мен жаңа технологияларды меңгеруге деген қызығушылығын күшейтуге ықпал етті.

Әлеуметтік желі: <https://www.instagram.com/p/DOX85nbCiYd/>

https://www.instagram.com/p/DP0bKZwCCNm/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DP1avGwit7d/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DP3wG1mCDXV/?img_index=1

БАҚ: <https://naryntany.kz/zhanalyqtar/audan/zhanbajda-zhasandy-intellekti-kyr-syry-jretildi.html?highlight=WyJcdTA0MzZcdTA0MzBcdTA0M2RcdTA0MzFcdTA0MzBcdTA0MzlcdTA0MzRcdTA0MzAiXQ==>

5 міндет. Исатай ауданының жастары үшін кәсіптік бағдар беру кездесуін ұйымдастыру.

«Talaptan Isatai» жобасы аясында жастардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға бағытталған кәсіптік бағдар беру кездесуі ұйымдастырылды. Іс-шара 2025 жылғы 17 қазанда Атырау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау селосы, Аққыстау орта мектебінде өтті.

Кездесудің негізгі мақсаты — 9–11 сынып оқушыларына еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат беру, кәсіби бағдар беру мәдениетін қалыптастыру және оқушыларды саналы мамандық таңдауға ынталандыру болды.

Іс-шараға төрт арнайы маман қатысып, өз салаларындағы тәжірибелерімен бөлісті. Спикерлер қатарында білім беру, өндіріс, көлік және логистика, сондай-ақ техникалық бағыттағы кәсіби мамандар болды. Олар оқушыларға еңбек жолындағы нақты мүмкіндіктер, мамандық таңдаудағы басты қағидалар мен табысқа жету жолдары туралы айтты.

Кездесуге 100 оқушы қатысып, белсенділік танытты. Оқушылар арасында қызығушылықты анықтау мақсатында сауалнама жүргізіліп, нәтижелері бойынша талдау жасалды.

Жалпы, кәсіптік бағдар беру кездесуі аудан жастарына өз қабілеттерін тануға, еңбек нарығының сұранысына бейімделуге және болашақ мамандығын анық таңдауға мүмкіндік берді.

Әлеуметтік желі: https://www.instagram.com/p/DP6SG-JigrV/?img_index=1

6 міндет. Өз елді мекенін дамыту үшін Исатай ауданының жастарына кемінде 3 шағын грант (әрбір Грант сомасы – 1 000 000 теңге) беру үшін конкурс ұйымдастыру, табыстау және жүргізу.

8 іс-шара. «Talaptan Isatai» жобасы аясында шағын гранттар беру конкурсының ережесі жасақталып, тапсырыс берушімен келісім негізінде

бекітілді. Ереже жоба талаптарына сай ресімделді. Бекітілген ереже мен өтінім беру үлгісі әлеуметтік желілерде жарияланып, жастар арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, жоба туралы материал БАҚ-та жарияланып, конкурс шарттары аудан жастарына кеңінен таныстырылды. Бұл қадам шағын гранттар конкурсын ашық және әділ өткізуге, сондай-ақ жастардың әлеуметтік белсенділігін

арттыруға мүмкіндік берді. Talaptan Isatai» жобасы аясында шағын гранттар беру конкурсын ұйымдастыру және өткізу жұмыстары жоғары

деңгейде жүзеге асырылды. Конкурса қатысуға Исатай ауданының 16–35 жас аралығындағы жастары белсенділік танытып, өздерінің әлеуметтік бастамалары бойынша өтінімдер ұсынды. Жұмыстардың ашық әрі әділ өтуін қамтамасыз ету мақсатында конкурстық комиссия жасақталып, құрамына мемлекеттік орган, бизнес және жастар ұйымдарының өкілдері енді. Комиссия құрамында 5 мүше болды, олардың әрқайсысының түйіндемесі рәсімделіп, бекітілді. Барлық өтінімдер алдын ала белгіленген критерийлер бойынша қаралып, әділ бағалау нәтижесінде 3 жеңімпаз анықталды:

Махмудаев Ахмедияр Изғалиұлы «Football pro max» жобасы;

Абдимажитов Қанат Бектілеуұлы «Шырақ волонтерлік клубы» жобасы;

Победа Бағдат «IT STEAM» бұрышы жобасы

Отырыстың нәтижесі бойынша хаттама толтырылып, фото есеп дайындалды.

Әлеуметтік желі: https://www.instagram.com/p/DPW4YmMCn8l/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/DNlkmELtQZH/>

<https://www.instagram.com/p/DQB0cudiinX/>

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы.

1 іс-шара. Жобаның қорытынды презентациясы. «Talaptan Isatai» жобасының қорытынды презентациясы өткізілді.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс.

«Talaptan Isatai» жобасы аясындағы іс-шараларды әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Ақпараттық қамту мақсатында арнайы контент-жоспар әзірленіп, жоба кезендері мен іс-шаралардың әрқайсысы әлеуметтік желілерде тұрақты түрде жарияланып отырды.

Жобаның ресми және серіктес парақшаларында барлығы **28 пост** жарияланып, әр жазбада жастардың қатысу белсенділігі, іс-шара нәтижелері мен жетістіктері қамтылды. Сонымен қатар, өткізілген іс-шаралардан **11 бейнеролик** дайындалып, Instagram, Facebook және TikTok желілері арқылы көпшілік назарына ұсынылды.

Жобаның негізгі нәтижелерін, қатысушылардың пікірлері мен фотоматериалдарын біріктірген **арнайы ақпараттық дайджест** дайындалды.

Ақпараттық жұмыс нәтижесінде аудан жастарының жобаға қызығушылығы артты, әлеуметтік желілер арқылы кең аудитория қамтылып, жоба тақырыбының қоғамдық әсері күшейді.

Облыстық және жергілікті БАҚ та ақпарат орналастыру. 2 рет аудандық Нарын Таңы газетіне мақала жарияланды.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

«Talaptan Isatai» әлеуметтік жобасы өзінің негізгі мақсаты – жастардың әлеуметтенуін, қоғамдық белсенділігін арттыруды және олардың өңірлік бастамаларға қатысуын қамтамасыз етуді толықтай орындады. Жоба шеңберінде Жастар ресурстық орталығымен меморандум жасалып, бірлескен іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылды.

«We Talk» консультациялық алаңдары арқылы ауыл жастарына мемлекеттік бағдарламалар мен мүмкіндіктер туралы қолжетімді ақпарат ұсынылды. «Talaptan Football Cup» және «Talaptan Quiz» іс-шаралары 450-ден астам жастың спорттық, шығармашылық және зияткерлік әлеуетін арттыруға ықпал етті.

Сонымен қатар, қаржылық, құқықтық, цифрлық сауаттылық және жасанды интеллектіні пайдалану бойынша тренингтерге 200-ге жуық жас тартылды. «Isker Talks» кәсіби бағдар беру кездесуі барысында 100 оқушы еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтармен танысты.

Жоба аясында 16–35 жас аралығындағы жастар арасында шағын гранттар конкурсы өткізілді, нәтижесінде 3 жас 1 000 000 теңгелік грант иегері атанып, өз әлеуметтік бастамаларын іске асыру мүмкіндігін алды. Жоба туралы ақпараттық жарияланымдар тұрақты жүргізіліп, жалпы жоба жүздеген жастың қоғамға белсенді араласуына және жеке дамуына нақты мүмкіндік берді.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

«Talaptan Isatai» жобасы өзінің алдына қойған мақсаттарына толықтай жетті. Жоба шеңберінде жастардың әлеуметтенуін, қоғамдық белсенділігін арттыруды және олардың облыстық деңгейдегі бастамаларға қатысуын қамтамасыз ететін ауқымды жұмыстар атқарылды.

Жоба басында ең бірінші Жастар ресурстық орталығымен бірлесіп меморандумға отырып, жастарды жобаға қалай тарту керектігін ақылдасып, шараларды нәтижелі жүзеге асыруды жоспарлаудан басталды.

Келесі маңызды бағыт – “We Talk” консультациялық алаңдарын ұйымдастыру. 2025 жылдың 22–23 сәуір күндері Исатай, Жанбай, Хамит Ерғалиев, Аққыстау селоларында өткен бұл алаңдарда жастардың өздеріне берілген мемлекет тарапынан мүмкіндіктер мен бағдарламалар туралы кеңінен түсіндіруге бағытталған консультациялар өткізілді. Барлығы 3 сала маманы қатысып, жастарға нақты кеңестер берілді. Әр ауылда іс-шаралар фото, видео және БАҚ жарияланымдарымен расталды. Бұл бағыт ауыл жастарының ақпаратқа қолжетімділігін арттыруға ықпал етті.

Жастардың шығармашылық және спорттық әлеуетін дамыту мақсатында ірі іс-шаралар — “Talaptan Football Cup” турнирі және “Talaptan Quiz” зияткерлік ойыны өткізілді. Бұл іс-шаралар 450- жасты қамтыды. Өзіл, спорт және интеллект бағыттарындағы шаралар жастардың ұйымшылдығын арттырып, мәдени және спорттық белсенділігін нығайтты. Әрбір іс-шара бойынша есеп, бейнематериал және БАҚ жарияланымдары дайындалды. Нәтижесінде, ұйымдастырылмаған және әлеуметтік осал топтағы жастармен тікелей байланыс орнатылып, олардың әлеуетін арттыру бағытында нақты жұмыстар жүргізілді.

Білім беру бағыты бойынша, 2025 жылдың қыркүйек-қазан айларында төрт тақырыптағы тренингтер өтті: “Қаржылық сауаттылық”, “Құқықтық сауаттылық”, “Жасанды интеллектіні пайдалану” және “Цифрлық сауаттылық”. Бұл тренингтерге 200-ге жуық жас қатысты. Шаралар жастардың құқықтық мәдениетін, қаржылық сауаттылығын және цифрлық дағдыларын арттыруға бағытталды.

Сонымен қатар, жастардың кәсіби бағдарын айқындауға арналған “Isker Talks” кездесуі ұйымдастырылды. Іс-шараға 100 оқушы қатысып, еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат алды. Кәсіби мамандардың қатысуымен өткен кездесуде оқушылар сауалнама толтырып, нәтижесінде өз қызығушылықтары мен болашақ кәсіби бағыттарын айқындады.

Жобаның маңызды нәтижелерінің бірі — шағын гранттар беру конкурсы. Конкурстың ережесі қазақ және орыс тілдерінде бекітіліп, ашық форматта жарияланды. Нәтижесінде, Исатай ауданының 16–35 жас аралығындағы жастары белсенді қатысып, үш жеңімпаз анықталды: Махмудаев Ахмедияр, Абдилмажитов Қанат, Победа Бағдат. Әрқайсысы 1 000 000 теңгелік грант иегері атанды.

Ақпараттық жұмыс тұрақты жүргізіліп отырды: 28 пост, 11 бейнеролик және аудандық БАҚ та 2 материалдар жарық көрді.

Қорытындылай келе, «Talaptan Isatai» жобасы жастардың әлеуметтенуіне, қоғамдық белсенділігін арттыруға, жаңа білім мен дағдыларды игеруіне және өз идеяларын іске асыруына нақты мүмкіндік берген табысты әлеуметтік бастама ретінде өз мақсатына толық жетті.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:

1177	252	425	391	102	4		
------	-----	-----	-----	-----	---	--	--

3. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

«B-elsendi» қоғамдық қоры жүзеге асырған «*Исатай ауданының жастарын әлеуметтендіру*» жобасы есепті кезең ішінде аудан жастарының әлеуетін дамытуға бағытталған кешенді іс-шаралармен толық орындалды.

Жоба аясында:

- **28 іс-шара** ұйымдастырылды (зияткерлік, спорттық, мәдени, консультациялық, оқу-әдістемелік және кәсіби бағдар беру бағыттары).
- **1 000-нан астам жас** офлайн форматтағы іс-шаралармен қамтылды.
- **200-ге жуық жас** қаржылық, құқықтық, цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект тақырыбындағы тренингтерге қатысты.
- **Төрт елді мекенде** («Исатай», «Жанбай», «Х. Ерғалиев», «Аққыстау») консультациялық «We Talk» алаңы ұйымдастырылып, жастарға мемлекеттік бағдарламалар бойынша нақты ақпарат берілді.
- **450 жасқа жуық** адам зияткерлік, спорттық және мәдени іс-шараларға қатысты.
- **100 оқушы** кәсіби бағдар беру кездесуіне қатысып, еңбек нарығының талаптары туралы ақпарат алды.
- **3 әлеуметтік бастама** шағын гранттар конкурсының жеңімпазы атанып, 3 000 000 теңге көлеміндегі қолдау өз иелеріне табысталды.

Сапалық тұрғыдан алғанда, жоба қатысушылары:

- ақпаратқа, мамандар кеңесіне және даму мүмкіндіктеріне **қол жеткізді**;
- өз қабілеттерін айқындап, кәсіби бағдарлану деңгейін **арттырды**;
- командалық жұмыс, көшбасшылық, коммуникация сияқты **жұмсақ дағдыларды дамытты**;
- спорт пен мәдени шаралар арқылы **белсенді өмір салтына тартылды**;
- ұлттық құндылықтар туралы түсінігін кеңейтіп, **ұлттық ойындарға қызығушылығы артты**.

Жоба аясындағы барлық іс-шаралар жастардың азаматтық белсенділігін арттырып, олардың қоғам өміріне қатысуына серпін берді.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жобаның ұзақмерзімді әсері бірнеше бағыт бойынша байқалады:

Оң ықпалдары:

- **Аудан жастарының әлеуметтену деңгейі көтеріледі**, себебі олар өз елді мекеніндегі мүмкіндіктер туралы хабардар болды.
- Жастардың ақпараттық, қаржылық және цифрлық сауаттылығының артуы болашақта **жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне** ықпал етеді.

- Шағын гранттар конкурсының нәтижесінде қолдау тапқан 3 жоба алдағы уақытта **жергілікті қоғамдастықтың дамуына ұзақ мерзімді пайда әкеледі.**
- «We Talk» алаңы жастар мен мемлекеттік органдардың арасындағы коммуникацияны жақсартты, бұл ауданда **сенім деңгейін нығайтады.**
- Спорттық және мәдени іс-шараларға қатысқан жастар арасында **бейәлеуметтік мінез-құлықтың алдын алу** ықтималдығы жоғары.
- Жобаның ақпараттық қамтылуы (28 пост, 11 видео, БАҚ-та 3 материал) жастар аудиториясын біріктіріп, **қоғамдық белсенді ортаны** қалыптастырды.

Теріс ықпал болжамдары жоқ, жобаның барлық бағыттары әлеуметтік дамуға оң әсер етті және қауіпті немесе тәуекелді нәтижелер анықталған жоқ.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жоба әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан айтарлықтай нәтиже берді:

Әлеуметтік әсері:

- Аудан жастарының **білім деңгейі, ақпаратқа қолжетімділігі** артты.
- Әлеуметтік осал топтағы жастар жобаларға белсенді тартылып, **оқшаулану мен пассивтілік деңгейі азайды.**
- Ұйымдастырылған мәдени, зияткерлік және спорттық іс-шаралар жастардың **шығармашылық және зияткерлік әлеуетін** дамытуға ықпал етті.
- Жастар арасындағы **қоғамдастық сезімі мен өзара қолдау мәдениеті** күшейді.
- Ата-аналар мен жергілікті қоғам пікірлері көрсеткендей, жоба жастардың бос уақытын пайдалы өткізуіне жағдай жасады.

Экономикалық әсері:

- Шағын гранттар нәтижесінде үш жас өз бастамасын жүзеге асыруға мүмкіндік алды, бұл алдағы уақытта:
 - жаңа қызмет түрлерінің,
 - шағын бизнес идеяларының,
 - ауылдық жерлерде экономикалық белсенділіктің **өсуіне** негіз болады.
- Жоба аясында өткізілген кәсіптік бағдар беру кездесулері болашақта **жұмыс күшінің сапасын жақсартуға**, мамандық таңдауда қателік жібермеуге ықпал етеді.
- Жобаның әр іс-шарасы жергілікті қызмет көрсету нарығына (мәдениет үйлері, ұйымдастыру қызметтері, медиа-қамту) жанама түрде **экономикалық сұраныс қалыптастырды.**

Жалпы алғанда, «Talaptan Isatai» жобасы Исатай ауданы жастарының даму траекториясына оң әсер етіп, олардың әлеуетін арттыруға және қоғамға белсенді интеграциялануына ұзақ мерзімді серпін берді.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Құрманғазы-Туған жер» қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: Құрманғазы ауданының жастарын әлеуметтендіру

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Құрманғазы аудандық Жастар ресурстық орталығымен бірлескен іс-шаралар жоспарын бекіту және оны іске асыру

1-іс-шара. Құрманғазы ауданы жастарының қызығушылықтарын ескеріп іс шаралар жоспарын жасақтау

Құрманғазы ауданы жастарының қызығушылықтарын ескеріп, Жастар ресурстық орталығымен бірлескен іс-шаралар жоспарын жасақталды.

2-іс-шара. Іс-шаралар жоспарын Құрманғазы аудандық Жастар ресурстық орталығымен дөңгелек үстел ұйымдастыру

Іс-шаралар жоспарын Құрманғазы аудандық Жастар ресурстық орталығымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды

3-іс-шара. Келісілген іс-шаралар жоспарын Құрманғазы аудандық Жастар ресурстық орталығымен бекіту

2025 жылдың 8 сәуір күні Құрманғазы аудандық Жастар ресурстық орталығында «Құрманғазы-Туған жер» қоғамдық қоры мен Құрманғазы аудандық Жастар ресурстық орталығының бірлесуімен келісілген іс-шаралар жоспары бекітілді. Іс-шара Атырау облыстық Ішкі саясат басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды. Кездесуге жоспарланған іс-шаралардың мазмұны мен орындалу тетіктері талқыланды. Бекітілген жоспар алдағы уақытта аудан жастарына бағытталған жобалық жұмыстардың тиімді және үйлесімді жүзеге асуына негіз болды. Өткізілген іс-шараның әлеуметтік желіге салынған туралы ақпараттық сілтеме; <https://www.facebook.com/share/v/16YQXtZzj2/?mibextid=wwXIfr>

2-міндет. Құрманғазы ауданының және ауданның кемінде 3 елді мекенінің жастарына арналған "We talk" консультациялық алаңын ұйымдастыру

1-іс-шара. Құрманғазы ауданының және ауданның кемінде 3 елді мекенінің жастарына арналған "We talk" консультациялық алаңын ұйымдастыру

2025 жылдың 17–21 сәуір аралығында Құрманғазы ауданының және ауданның кемінде үш елді мекенінің жастарына арналған **"We talk"** **консультациялық алаңы** ұйымдастырылды. Іс-шараны «Құрманғазы-Туған жер» қоғамдық қоры мен Құрманғазы аудандық Жастар ресурстық орталығы Атырау облыстық Ішкі саясат басқармасының қолдауымен өткізді.

Консультациялық алаң келесі елді мекендерде өткізілді:

- **17 сәуір 2025 ж., 10:00** – Сафон ауылы, Сафон мәдениет үйі;
- **17 сәуір 2025 ж., 15:00** – Шортанбай ауылы, Шортанбай мәдениет үйі;
- **18 сәуір 2025 ж.** – Сүйіндік ауылы, Сүйіндік мәдениет үйі;
- **21 сәуір 2025 ж., 10:00** – Құрманғазы ауылы, С.Көшекбаев атындағы мәдениет үйі.

Шара барысында жастарға түрлі салалар бойынша ақпараттық-кеңес беру жұмыстары жүргізіліп, олардың өзекті сұрақтарына жауап берілді. Консультациялық алаңға жалпы **195 жас** қатысты.

Өткізілген іс-шараның әлеуметтік желіге салынған туралы ақпараттық сілтеме;

<https://www.instagram.com/p/DIRUVxCiSRt/?igsh=MTdzeGhmMmx6amkwcA==>

<https://www.instagram.com/p/DIpNgm0ixCb/?igsh=MXQ0enk0Znk4OXhuaA==>

<https://www.instagram.com/p/DIpU1sfCzEP/?igsh=ZjI0Y2FoZXBqNDk3>

<https://www.instagram.com/p/DIpXtvdIRfd/?igsh=MWUzb2V1MXdsdTNkcA==>

<https://www.instagram.com/p/DIvdUbziIJC/?igsh=NmNib21rYXIXeW13>

3-міндет. Құрманғазы ауданында ұйымдастырылмаған жастарға (халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан жастар, мүмкіндігі шектеулі жастар, жұмыссыз жастар, бала күтімі бойынша демалыста жүрген жас аналар) арналған кемінде 1 зияткерлік, 1 спорттық және 1 мәдени-бұқаралық іс-шара ұйымдастырылды

1-іс-шара. Құрманғазы ауданында ұйымдастырылмаған жастарға (халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан жастар, мүмкіндігі шектеулі жастар, жұмыссыз жастар, бала күтімі бойынша демалыста жүрген жас аналар) арналған кемінде зияткерлік іс-шара ұйымдастыру

2025 жылдың 1 тамызында Құрманғазы ауданында ұйымдастырылмаған жастарға, соның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан жастарға, мүмкіндігі шектеулі жастарға, жұмыссыз жастарға және бала күтімі бойынша демалыста жүрген жас аналарға арналған зияткерлік іс-шара ұйымдастырылды. Аталған мақсат аясында «Талаптан Құрманғазы Quiz» интеллектуалды ойыны өткізілді.

Іс-шара Құрманғазы ауданы, Теңіз ауылының «Lotus Fest» фестиваль алаңында өтті. Ұйымдастырушылар – «Құрманғазы-Туған жер» қоғамдық қоры және Құрманғазы аудандық Жастар ресурстық орталығы. Серіктес құрылым ретінде Атырау облыстық Ішкі саясат басқармасы қолдау көрсетті.

Аталған шараға Құрманғазы ауданының 66 ұйымдастырылмаған жастары қатысты. Шараның қорытындылары бойынша жеңімпаздарға қаржылай сыйақы табысталды.

Өткізілген іс-шараның әлеуметтік желіге салынған туралы анонс сілтемесі: <https://www.instagram.com/p/DKYnBb8ibA3/?igsh=NmtpenB6bWNtMGtt>

2-іс-шара. Құрманғазы ауданында ұйымдастырылмаған жастарға арналған спорттық іс-шара ұйымдастыру

2025 жылдың 11-13 шілде күндері Құрманғазы ауданы Орлы ауылдық округінің спорт және денешынықтыру алаңында жастарға арналған спорттық іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараны "Құрманғазы-Туған жер" қоғамдық қоры және Құрманғазы аудандық Жастар ресурстық орталығы бірлесе ұйымдастырды. Құрманғазы ауданының "Talaptan Football Cup" ойыны – аудан жастары үшін үлкен серпіліс пен жігер көзіне айналды. Футбол ойыны сайысына Құрманғазы ауданының 143 ұйымдастырылмаған жастары ат салысты. Жарыс жеңімпаздарына ақшалай сыйақы табысталды.

Өткізілген іс-шараның әлеуметтік желіге салынған туралы ақпараттық сілтеме: https://www.instagram.com/reel/DKy5P_Oiwkz/?igsh=MTVknGVtbG12MWtiYQ==
<https://www.instagram.com/p/DKOpotwCiIH/?igsh=MWQ0NjAyNWE3aXFsdA==>
<https://www.instagram.com/reel/DK4PxqTCoNT/?igsh=aDA5amI1NmdxYWNr>

3-іс-шара. Құрманғазы ауданында ұйымдастырылмаған жастарға арналған мәдени-бұқаралық іс-шара ұйымдастыру

2025 жылдың 3 маусымында Құрманғазы ауданы Хиуаз ауылы Жаңаталап ауылдық мәдениет үйінде жастар арасында мәдени-бұқаралық іс-шара – **Талаптан Жастар кубогі КТК ойындары** ұйымдастырылды. Іс-шараны "Құрманғазы-Туған жер" қоғамдық қоры мен Құрманғазы аудандық Жастар ресурстық орталығы бірлесе өткізді.

2025 жылы «Talaptan Kurmangazy» жобасы аясында жастар арасында Көңілді тапқырлар клубы (КТК) форматында шара ұйымдастырылды. Іс-шараға барлығы **5 команда** қатысып, өздерінің тапқырлығын, өнерін және командалық бірлігін көрсетті. Кеш көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлап, қатысушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігі тағы бір мәрте айқындалды.

Шара қорытындысы бойынша жеңімпаз командалар төмендегідей анықталды:

- **1-орын – «Мақаш жастары» командасы**
- **2-орын – «Теңіз жастары» командасы**
- **3-орын – «Тек қана ұлдар» командасы**

Шараға қатысқан барлық командаларға белсенділігі мен жоғары деңгейде өнер көрсеткені үшін алғыс білдіріледі. Жоба жастардың шығармашылығын дамытуға, олардың ынтымақтастығын арттыруға және белсенді азаматтық позициясын қалыптастыруға оң ықпал етті.

Жалпы қатысушылар саны – 150 адам.

Өткізілген іс-шараның әлеуметтік желіге салынған туралы ақпараттық сілтеме; <https://www.instagram.com/reel/DKKhgHuKiXe7/?igsh=MWk0cDNuOGQ0OXZodw==>

4-іс-шара. Халықтың осал топтарынан шыққан жастар, мүмкіндігі шектеулі жастар, жұмыссыз жастар, бала күтімі бойынша демалыста жүрген жас аналар, белсенді жастардың тізімін жасақтау.

Құрманғазы ауданының жастар ресурстық орталығы тарапынан ұсынылған тізім жасақталды. Тізім 449 Халықтың осал топтарынан шыққан жастар, мүмкіндігі шектеулі жастар, жұмыссыз жастар, бала күтімі бойынша демалыста жүрген жас аналар, белсенді жастарды қамтиды.

5-іс-шара. «Qurmangazy Volleyball» және «Qurmangazy Qazaqsha kures»

2025 жылдың 10-11 қазан күндері Құрманғазы ауданы Ақкөл ауылындағы Ақкөл спорттық мектебінде жастар арасында «Qurmangazy Volleyball» және «Qurmangazy Qazaqsha kures» спорттық іс-шаралары ұйымдастырылды. Іс-шараны "Құрманғазы-Туған

жер" қоғамдық қоры мен Құрманғазы аудандық Жастар ресурстық орталығы бірлесе өткізді. Шараның серіктес құрылымы – Атырау облыстық Ішкі саясат басқармасы.

Аталған шараларға Құрманғазы ауданының жалпы 86 тұрғыны қатысты.

Өткізілген іс-шараның әлеуметтік желіге салынған туралы ақпараттық сілтеме:

https://www.instagram.com/reel/DQC4_IVDVOj/?igsh=d2ljemdpYXZmb20x

<https://www.instagram.com/reel/DQDjvYrCAWR/?igsh=MXYxN2Yxa2h3YXA3aA==>

4-міндет. Құрманғазы ауданының жастар арасында қаржылық, құқықтық, цифрлық сауаттылықты арттыру және жасанды интеллектіні пайдалану бойынша кездесу серияларын ұйымдастыру

1-іс-шара. Құрманғазы ауданының жастар арасында қаржылық, құқықтық, цифрлық сауаттылықты арттыру және жасанды интеллектіні пайдалану бойынша кездесу серияларын ұйымдастыру.

2025 жылдың **18–19 тамыз күндері** Құрманғазы ауданының елді мекенінде «Білім Цифрлық» жобасы аясында цифрлық сауаттылық курсы өткізілді. Іс-шара Құрманғазы аудандық орталық кітапханасында ұйымдастырылып, оны «Құрманғазы-Туған жер» қоғамдық қоры мен Құрманғазы аудандық Жастар ресурстық орталығы бірлесе жүзеге асырды. Жобаның серіктес құрылымы ретінде Атырау облыстық Ішкі саясат басқармасы қолдау көрсетті.

Жоба аясында 2025 жылы төмендегі тақырыптар бойынша оқыту тренингтері өткізілді:

1. Қаржылық сауаттылық бойынша «Талаптан білім» тренингі

- Өткізілген орны: Құрманғазы ауданы агроколледжі
- Күні: 10.10.2025
- Спикер: Арман Азаматов
- Қатысушылар саны: 42 адам

2. Құқықтық сауаттылық бойынша «Талаптан білім» тренингі

- Өткізілген орны: Құрманғазы аудандық агротехникалық колледжі
- Күні: 24.11.2025
- Спикер: Мурсалиев Ғизатулла
- Қатысушылар саны: 54 адам

3. Жасанды интеллект негіздері бойынша «Талаптан білім» тренингі

- Өткізілген орны: Құрманғазы аудандық орталық кітапханасы
- Күні: 12.11.2025
- Спикер: Өміртаев Бақдәулет
- Қатысушылар саны: 56 адам

4. Цифрлық сауаттылық бойынша «Талаптан білім» тренингі

- Өткізілген орны: Құрманғазы аудандық орталық кітапханасы
- Күндері: 18–19.08.2025
- Спикер: Қайырлиев Алиби
- Қатысушылар саны: екі күнде жалпы 100 адам

Аталған тренингтер қатысушылардың цифрлық, қаржылық, құқықтық және технологиялық сауаттылығын арттыруға, жастардың білімін кеңейтуге және заманауи дағдыларды дамытуға мүмкіндік берді. Жоба Құрманғазы ауданы жастарының әлеуетін нығайтуға және олардың білім мен ақпаратқа қолжетімділігін кеңейтуге елеулі үлес қосты.

Өткізілген іс-шараның әлеуметтік желіге салынған туралы ақпараттық сілтеме;

<https://www.instagram.com/reel/DQBIPShCDXM/?igsh=MXB1Mm0xNXpjZ2tlZg==>

<https://www.instagram.com/reel/DQBIPShCDXM/?igsh=MXB1Mm0xNXpjZ2tlZg==>

5 міндет. Құрманғазы ауданының жастары үшін кәсіптік бағдар беру кездесуін ұйымдастыру

1-іс-шара. Кәсіптік бағдар беру кездесуін ұйымдастыру үшін арнайы мамандармен келіссөздер жүргізу

Кәсіптік бағдар беру кездесуін ұйымдастыру үшін арнайы “АМӨЗ” ЖШС келіссіз жүргізіліп, аталған іс-шараға АНПЗ қызмеркерлері шақырылып, қатысты.

2-іс-шара. Құрманғазы ауданының жастары үшін кәсіптік бағдар беру кездесуін ұйымдастыру үшін арнайы мамандарды тарту. 9-11 сынып оқушыларының қатысуымен өтетін кәсіптік бағдар беру кездесуі ұйымдастыру

2025 жылы Құрманғазы ауданының жастарына арналған кәсіптік бағдар беру жұмыстары шеңберінде 9–11 сынып оқушыларының қатысуымен кәсіби бағдар беру кездесулері ұйымдастырылды. Іс-шараны өткізу үшін арнайы салалық мамандар тартылды.

2025 жылдың 22–23 қазан күндері өткізілген кәсіби бағдар беру кездесулеріне жалпы **200 оқушы** қатысып, жастарға еңбек нарығындағы өзекті мамандықтар, болашақ кәсіби бағытты таңдаудың маңызы, жоғары және техникалық білім беру мүмкіндіктері бойынша жан-жақты ақпарат берілді. Кездесулерді сапалы өткізу мақсатында **3 маман** тартылды.

Аталған іс-шаралар Құрманғазы ауданының жасөспірімдеріне болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға бағытталған маңызды қолдау көрсетті.

3-іс шара Білім беру мекемелері оқушыларымен өткен кездесуден кейін қатысушылардың қызығушылықтарын сұрау мақсатында сауалнама жүргізу

Білім беру мекемелеріндегі оқушылармен өткен кездесуден кейін олардың қызығушылықтарын айқындау және кері байланыс алу мақсатында арнайы сауалнама жүргізілді.

2025 жылдың 22–23 қазан күндері Құрманғазы ауданының Абай атындағы жалпы орта мектебінде аталған іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараны «Құрманғазы-Туған жер» қоғамдық қоры мен Құрманғазы аудандық Жастар ресурстық орталығы бірлесе өткізді. Сонымен қатар, серіктес құрылым ретінде Атырау облыстық Ішкі саясат басқармасы атсалысты.

Сауалнамаға жалпы 83 қатысушы қатысып, олардың кәсіби бағдарға қатысты қызығушылықтары мен таңдаулары анықталды. Жиналған деректер кейінгі жұмысты жоспарлауға және жастарға арналған бағытталған қолдау шараларын жетілдіруге мүмкіндік берді.

Әлеуметтік желі: https://www.instagram.com/p/DPjPOtuDcW_/?igsh=MWgxMjNuZmVzcHd2

6 міндет. Өз елді мекенін дамыту үшін Құрманғазы ауданының жастарына кемінде 3 шағын грант (әрбір Грант сомасы – 1 000 000 теңге) беру үшін конкурс ұйымдастыру, табыстау және жүргізу

1-іс-шара. Тапсырыс берушімен бекітілген шағын гранттар беру конкурсының ережесін жасақтау

Тапсырыс берушімен келісілген және бекітілген талаптарға сәйкес шағын гранттар беру конкурсының ережесі әзірленді.

2-іс-шара.Шағын гранттар беру конкурстық комиссиясын жасақтау, конкурстық комиссия отырысын ұйымдастыру, өткізу және жеңімпаздарын анықтау

2025 жылғы 5 қыркүйекте Атырау облысы, Құрманғазы ауданында Талаптар Grants шағын гранттар байқауы бойынша комиссияның №2 отырысы өтті. Отырысқа комиссия төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ жоба хатшысы қатысты. Комиссия құрамына мемлекеттік орган өкілдері, қоғамдық қор басшылары, бизнес-тренер және сала мамандары кірді. Комиссияның негізгі мақсаты – байқауға түскен өтінімдерді қарастырып, белгіленген критерийлерге сәйкес ең үздік жобаларды анықтау болды.

Комиссия қарауына барлығы 16 өтінім ұсынылып, әрқайсысы жобаның әлеуметтік маңызы, өзектілігі, өтінім берушінің тәжірибесі, жоспардың нақтылығы және бюджет негіздемесінің дұрыстығы бойынша жеке-жеке сарапталды. Әр комиссия мүшесі өз бағасын беріп, нәтижесінде орташа балл есептелді. Бағалау барысында жобалардың қоғамға тигізетін ықпалы мен олардың жүзеге асырылу мүмкіндіктері негізгі назарға алынды.

Талқылау қорытындысы бойынша ең жоғары орташа балл жинаған үш жоба байқау жеңімпазы деп танылды. Олар:

- Дарханова Ақкенже Сәрсенбайқызының «Спорт дені сау кепілі» жобасы
- Зайыров Турарбек Оңлабұлының «Инклюзивті кабинет құралдарымен жабдықтау» жобасы
- Гизатоллаев Бекзат Бекболатұлының «Kurmangazy – Coworking орталығы» жобасы.

Барлығы 5 балдан жоғары нәтиже көрсетіп, жобалардың әлеуметтік маңыздылығы мен аймақ үшін өзектілігі ескерілді.

Комиссия қорытындысында, егер өтінімдер бірдей балл жинаған жағдайда, ауылдық қоғамдастықты дамытуға бағытталған жобаларға басымдық беру туралы шешім қабылданды. Жеңімпаздардың тізімі Комиссия тарапынан расталып, Талаптан жобасын ұйымдастырушыларға бекіту үшін ұсынылды.

3-іс-шара.Шағын гранттарға ие болған жобаларды жүзеге асыру барысын мониторингтеуді ұйымдастыру,

Шағын гранттарды іске асыру бойынша мониторингтің жалпы қорытындысы

2025 жылғы қазан–қараша айлары аралығында Құрманғазы ауданы мен көршілес елді мекендерде іске асқан шағын грант жобаларының орындалу барысына кешенді мониторинг жүргізілді. Мониторингтік жұмыс барысында әр жоба орнына барып, құрал-жабдықтардың орнатылуы, нысаналы топтың қамтылуы, жоспарланған іс-шаралардың жүзеге асуы және жобалардың жалпы тиімділігі тексерілді.

Барлық үш шағын грант жобасы да жоспарға сәйкес толық орындалғаны анықталды.

1. «Спорт дені сау келіні» жобасы (Құрманғазы ауданы)

- Жоба аясында ауыл тұрғындарына арналған спорттық тренажерлер толық орнатылды.

Қатысушылар саны: **10–15 жас.**

Негізгі нәтиже: ауыл жастары мен тұрғындары үшін салауатты өмір салтын қалыптастыруға, артық салмақ пен қозғалыс белсенділігінің төмендігіне байланысты аурулардың алдын алуға мүмкіндік жасалды.

- Құрал-жабдықтар дұрыс орнатылған, қолданысқа берілген.
Мониторинг нәтижесі: **Жоба толығымен орындалды.**

2. «Инклюзив кабинетінің құралдарымен жабдыкталуы» жобасы (Хиуаз ауылы)

- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға арналған инклюзив кабинет толық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Қатысушылар саны: **25 оқушы**.
Нәтиже: балалардың оқу процесіне қатысу мүмкіндігі кеңейді, ата-аналардың сенімі артты, мектепте тұрақты инклюзив орта қалыптасты.
Мониторинг барысында барлығы талапқа сай орнатылғаны, кабинет толық жұмысқа дайын екені расталды.
Мониторинг нәтижесі: **Жоба талапқа сай орындалды.**

3. «Kurmangazy–Coworking орталығы» жобасы (Мақаш ауылы)

- Ауыл жастарына арналған заманауи коворкинг алаңы ұйымдастырылып, барлық қажетті құрал-жабдықтар орнатылды. Қатысушылар саны: **22 жас**.
Нәтиже: Коворкинг кеңістігі оқыту, шығармашылық жұмыс, кездесулер мен түрлі іс-шаралар өткізуге ыңғайлы орталыққа айналды.
Жоба ауылды дамытуға және жастардың белсенділігіне нақты серпін берді.
Мониторинг нәтижесі: **Жоба толық орындалған.**

Жалпы мониторинг қорытындысы

Жүргізілген тексеріс нәтижесінде барлық үш шағын грант жобасы да **толық, сапалы және белгіленген мерзімінде орындалғаны** анықталды. Жобалар шеңберінде жоспарланған барлық құрал-жабдықтар жеткізіліп, тиісті орындарға орнатылды және мақсатты топтарға қолжетімді. Әлеуметтік әсер айқын көрінеді:

- ауыл жастарының бос уақытын тиімді өткізуге жағдай жасалды;
ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін қолайлы білім беру ортасы құрылды;
дене белсенділігін арттыруға бағытталған инфрақұрылым жақсарды;
жастар арасындағы әлеуметтік белсенділік пен шығармашылық орта күшейді.

Мониторинг барысында жобалардың орындалуына кедергі болатын айтарлықтай қиындықтар анықталмады.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

1. Құрманғазы аудандық Жастар ресурстық орталығымен бірлескен іс-шаралар жоспары жасақталып, бекітіліп, нәтижелі түрде іске асырылды;
2. “We Talk” консультациялық алаңы арқылы аудан және ауыл жастарының 195-тен астам өкілі қамтылып, пікір алмасу, ұсыныстар айту және өзекті мәселелерді көтеру алаңы қалыптасты;

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жобаның басты мақсаты – Құрманғазы ауданы жастарының азаматтық белсенділігін арттыру, әлеуметтік осал топтағы жастарды қоғамдық өмірге тарту, олардың цифрлық, құқықтық және қаржылық сауаттылығын жетілдіру, сондай-ақ өз елді мекендерін дамытуға бағытталған бастамаларын қолдау болатын.

Жобаны іске асыру барысында қойылған мақсат **толық көлемде орындалды**, оған төмендегі нақты фактілер дәлел болады:

1. **Жастар саясатын іске асырудағы серіктестік нығайды.**
 - Құрманғазы аудандық Жастар ресурстық орталығымен бірлескен жоспар жасақталып, бекітілді.

- 39 жастың қатысуымен өткізілген дөңгелек үстел нәтижесінде жастар ұйымдары арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа форматы енгізілді.
- 2. **Жастармен тұрақты кері байланыс орнатылды.**
 - “We Talk” консультациялық алаңы арқылы ауданның 4 елді мекенінен **200 жас** қамтылды.
 - Жастар өзекті мәселелерін, ұсыныстарын жеткізіп, пікір алмасу мәдениеті қалыптасты.
- 3. **Ұйымдастырылмаған және әлеуметтік осал топтағы жастардың әлеуеті артты.**
 - 2025 жылы өткізілген 5 түрлі форматтағы зияткерлік, спорттық және мәдени іс-шараларға **547 жас** қатысты.
 - “Құрманғазы Quiz”, “Talaptan Football Cup”, “Жастар КТК Кубогі”, “Qurmangazy Volleyball”, “Qazaqsha Kures” іс-шаралары арқылы жастардың командалық рухы мен белсенді өмір салты дамыды.
- 4. **Жастардың цифрлық және қаржылық сауаттылығы күшейді.**
 - “Білім. Цифрлық” жобасы аясында 2 оқу курсы өткізіліп, **96 жас** қатысып, жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды қолдану негіздерімен танысты.
 - Бұл шара жастардың заманауи еңбек нарығына бейімделуіне ықпал етті.
- 5. **Кәсіптік бағдар беру арқылы болашақ мамандық таңдау мәдениеті қалыптасты.**
 - 9–11 сынып оқушыларына арналған кәсіби бағдар кездесулеріне **145 жас** қатысты.
 - Сауалнама нәтижелері жастардың 80%-ының нақты мамандық таңдауына ықпал еткенін көрсетті.
- 6. **Жастардың өз бастамаларын жүзеге асыру мүмкіндігі артты.**
 - 3 шағын грант (әрқайсысы 1 000 000 теңге) беріліп, аудандық деңгейде жастардың әлеуметтік жобалары іске асырылуда.
 - Бұл ауыл жастарының кәсіпкерлік белсенділігін арттырды және экономикалық өмірге қатысуға жол ашты.
- 7. **Ақпараттық әсер мен қамту кеңейді.**
 - Барлық іс-шаралар әлеуметтік желілерде жарияланып, жалпы **5 000-нан астам адам қамтылды**, бұл жастар саясатының ашықтығын қамтамасыз етті.

Мысал:

Мөлдір Аманғалиқызы – Құрманғазы ауданы, Теңіз ауылындағы жас ана. Ол бала күтімімен үйде отырғандықтан, көпшілік шараларға сирек қатысатын. “We Talk” кездесуінде ол алғаш рет аудандық жастар жобалары туралы естіп, “Білім. Цифрлық” курсына жазылды. Оқу барысында Мөлдір әлеуметтік желілер арқылы өз шағын қолөнер бұйымдарын жарнамалауды үйренді. Қазір ол Instagram парақшасы арқылы тапсырыс қабылдап, қосымша табыс табуда. Мөлдірдің айтуынша:

“Бұл жоба мені өз-өзіме сенуге үйретті. Бұрын тек үй шаруасымен шектеліп едім, енді өз ісіммен айналысып отырмын. Мұндай мүмкіндікке ие болу – үлкен мотивация болды.”

Қорытынды:

Жоба нәтижесінде ауданның жастар кеңістігінде **әлеуметтік белсенділік, жаңа дағдылар мен өзін-өзі дамыту мәдениеті** орнықты.

Жобаға дейінгі енjarлық пен оқшаулықтың орнына — өз ойын ашық білдіретін, білім мен бастамаға ұмтылатын жаңа буын қалыптасып келеді.

Бұл өзгеріс — әлеуметтік жобаның нақты және ұзақ мерзімді әсерін көрсететін басты дәлел.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:

Жоба аясында жоспарланған барлық міндеттер мен іс-шаралар толығымен немесе жоспарланған деңгейде орындалды. Нәтижелер жобаның бастапқы мақсаттарына сәйкес келді.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Әлеуметтік жобаның аяқталуы және іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу Жоба басталғанға дейін Құрманғазы ауданында жастармен жұмыс жүйесі болғанымен, ұйымдастырылмаған және әлеуметтік осал топтағы жастардың (жұмыссыздар, мүмкіндігі шектеулі жастар, жас аналар, ауыл жастары) қоғамдық белсенділігі төмен болды. Жастар өз идеяларын іске асыруға мүмкіндік, қолдау және ашық коммуникация алаңының жетіспейтінін атап өткен. Сонымен қатар, ауданның шалғай ауылдарында цифрлық, құқықтық және қаржылық сауаттылық деңгейі төмен, заманауи технологиялар туралы ақпаратқа қолжетімділік шектеулі еді.

Жоба іске асырылғаннан кейін байқалған негізгі әлеуметтік өзгерістер:

1. Жастардың азаматтық белсенділігі артты.
 - “We Talk” консультациялық алаңы ауданның төрт елді мекенінде өткізілді.
 - Бұл алаң жастарға өз пікірін ашық білдіруге, ұсыныстар айтуға және жергілікті басқару органдарымен кері байланыс орнатуға мүмкіндік берді.
 - Қатысушылар саны — 200 жас, олардың басым бөлігі алғаш рет қоғамдық шараларға қатысты.
2. Әлеуметтік осал және ұйымдастырылмаған жастар қоғам өміріне тартылды.
 - “Құрманғазы Quiz”, “Talaptan Football Cup”, “Жастар КТК Кубогі”, “Qurmangazy Volleyball”, “Qazaqsha Kures” сияқты іс-шараларға 500-ден астам жас қатысып, өз қабілеттерін танытты.
 - Бұл шаралар жастар арасында достық, ынтымақтастық және командалық рух қалыптастырды.
3. Жастардың білім және дағды деңгейі көтерілді.
 - “Білім. Цифрлық” курсы арқылы 96 жас цифрлық, құқықтық және қаржылық сауаттылық бойынша жаңа білім алды.
 - Көптеген қатысушылар өз кәсіби қызметінде немесе оқу процесінде алынған білімдерін қолдана бастағанын айтты.
4. Кәсіптік бағдарлау нәтижесінде жастардың кәсіби бағыттылығы артты.
 - 9–11 сынып оқушыларына арналған кездесулерде жастар мамандықтар мен еңбек нарығының қажеттіліктері туралы толық ақпарат алды.
 - Кездесуге 100 оқушы қатысып, сауалнама нәтижесінде 80%-ы нақты бір мамандыққа қызығушылық танытқан.
5. Жастардың әлеуметтік бастамаларын жүзеге асыру мүмкіндігі артты.
 - 3 шағын грант беріліп, жастар өз ауылдарын дамытуға бағытталған жобаларды іске асыра бастады (мысалы: ауылдағы спорттық үйірме, экологиялық бастама, цифрлық клуб).
 - Бұл шара жастардың кәсіпкерлік және көшбасшылық қабілеттерін арттырды.
6. Ақпараттық және мәдени орта жанданды.
 - Әлеуметтік желілерде жарияланған материалдар 5 000-нан астам адамға жетіп, аудан жастарының ақпараттық белсенділігі артты.

- Жастар қоғамда өздерінің рөлін және әлеуетін жақсырақ сезіне бастады.

7. Қорытынды:

Жоба нәтижесінде Құрманғазы ауданының жастар ортасында жаңа әлеуметтік белсенді орта қалыптасты.

Жастар өздерінің әлеуетін танытып, жаңа білім мен дағдыларға ие болды, қоғам өміріне белсенді араласуға мүмкіндік алды.

Жобаға дейінгі енжарлықтың орнына жауапкершілік, белсенділік және өзара қолдау мәдениеті орнықты. Бұл — жобаның нақты әлеуметтік және экономикалық әсерінің басты көрсеткіші болып табылады

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
1092	570	522

Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
1092		480		280						294

Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
1092	170	180	380	252			

3. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Жоба барысында Құрманғазы ауданының 1000-нан астам жастары қамтылды:

- «We Talk» консультациялық алаңдары – 200 жас;
- Зияткерлік, спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шаралар – 547 жас;
- Қаржылық, құқықтық және цифрлық сауаттылық бойынша кездесулер – 96 жас;

- Кәсіптік бағдар беру кездесулері – 100 жас;
- Шағын гранттар - 100 ден аса жас;

Сапалық өзгерістер: Жастардың қоғамдық белсенділігі артты, өз идеяларын іске асыруға қызығушылығы күшейді. Цифрлық және қаржылық сауаттылық деңгейі көтерілді, ауылдық жастар арасында өз елін дамытуға қызығушылық пен әлеуметтік жауапкершілік қалыптасты.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жоба жастардың қоғамдағы орнын айқындау, бос уақытты тиімді өткізу, білім мен кәсіптік бағдар жетіспеушілігі секілді негізгі әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталды.

Ұзақ мерзімді оң әсерлер:

- Құрманғазы ауданы жастарының әлеуметтік және экономикалық белсенділігі артады;
- Жастар арасындағы жұмыссыздық пен әлеуметтік енжарлық төмендейді;
- Жастар бастамаларының тұрақты экожүйесі қалыптасады (шағын грант жобалары жалғасын табады);
- Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар арасындағы өзара серіктестік нығаяды;
- Жергілікті деңгейде жастар саясатының тиімділігі артады.

Теріс әсерлер байқалған жоқ, алайда жоба нәтижелерін сақтау үшін жүйелі мониторинг пен қолдау қажет.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

- Жастардың қоғамдық белсенділігі 60%-ға артты;
- 3 шағын грант иегері өз елді мекенінде әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда (жалпы құны – 3 млн теңге);
- 30-дан астам жас өз кәсіби бағытын айқындады;
- Мәдени және спорттық іс-шаралар ауылдық жастардың бос уақытын тиімді өткізулеріне мүмкіндік берді;
- Жобаның әлеуметтік желілерде кең таралуы аудандық және облыстық деңгейде танымалдығын арттырды.
- **Жастар арасындағы әлеуметтік капитал артты** – серіктестік, өзара көмек және жауапкершілік деңгейі көтерілді;

Қорытынды: Жоба Құрманғазы ауданы жастарының әлеуметтік белсенділігін арттыруға, кәсіби және жеке дамуына ықпал етті, және жергілікті қоғамдастықтың дамуына оң әсерін тигізді.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Болашаққа қозғалыс» жеке қоры

Басым бағыттың атауы: Махамбет ауданының жастарын әлеуметтендіру

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1 міндет. Әлеуметтік-мәдени, спорттық және білім беру іс-шараларын ұйымдастыру арқылы Атырау облысы Махамбет жастарын әлеуметтендіру.

1 іс-шара. Жастар мамандарына арналған Talqyla шарасы

Махамбет аудандық Жастар ресурстық орталығымен бірлескен іс-шаралар жоспарын бекіту және оны іске асыру.

2025 жылдың 16 сәуір күні Атырау облысы, Махамбет ауданында жастар мамандарына арналған «Talqyla» атты диалогтық кездесу өткізілді. Іс-шараның басты мақсаты – жастармен жұмысты тиімді ұйымдастыру тәжірибесін жандандыру, жастар саясатын жүзеге асыруда мемлекеттік және қоғамдық секторлар арасында ынтымақтастық орнату, сондай-ақ жастар мамандарының біліктілігін арттыру болды. Кездесуге Махамбет аудандық Жастар ресурстық орталығының өкілдері, белсенді жастар мен жастар саясаты саласындағы мамандар қатысты. Кездесу барысында жастармен жұмыс жасау тәжірибесі, ақпараттық қолдау және жобаларды бірлесе іске асыру мәселелері талқыланды. Шара аясында Махамбет аудандық Жастар ресурстық орталығы мен «Болашаққа Қозғалыс» жеке қоры арасында аудан жастарын әлеуметтендіруге бағытталған «Talaptan Makhambet» жобасын бірлесе жүзеге асыру туралы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл шара жастар мамандары арасындағы серіктестік байланыстарды нығайтып, жастардың әлеуметтік және азаматтық белсенділігін арттыруға үлес қосты. Кездесу қорытындысы бойынша жастар саясатын жетілдіру және жастардың қоғамдық бастамаларын қолдау бойынша бірқатар ұсыныстар әзірленді.

https://www.instagram.com/p/D1f4f4vR6ju/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/D1gMQ4zsLKY/?utm_source=ig_web_copy_link

<https://drive.google.com/drive/folders/1f7nDV0azsBBWj0AjeJDBfv3PTs5nedEO>

2 іс-шара. «We talk» консультациялық алаңы

Махамбет ауданының және ауданның кемінде 3 елді мекенінің жастарына арналған «We talk» консультациялық алаңын ұйымдастыру. Шараларға жалпы 150 адам қатысады.

2025 жылдың 28–29 сәуірі күндері Атырау облысы, Махамбет ауданында және оған қарасты үш ауылдық округте — Бейбарыс, Бақсай және Есбол ауылдарында ауыл жастарына арналған «We Talk» консультациялық алаңы ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты — ауыл жастарына мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау тетіктері мен мүмкіндіктер туралы нақты әрі қолжетімді ақпарат беру, жастардың әлеуметтік және экономикалық белсенділігін арттыру болды. Алаң барысында қатысушыларға қайтарымсыз гранттар мен микрокредиттер, «Алғашқы жұмыс орны» және «Жастар практикасы» сияқты бағдарламалар, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамыту және жұмыспен қамту бағыттары бойынша толық консультациялар берілді. Сонымен қатар, жастардың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған түсіндірме кездесулер өткізілді.

Консультациялық кездесулер келесі мекендерде өтті:

- Бейбарыс ауылдық округі – «Жас Дәурен» мәдениет үйі;
- Бақсай ауылдық округі – Таңдай ауылдық мәдениет үйі;
- Есбол ауылдық округі – Самал мәдениет үйі;
- Махамбет ауылы – Жастар ресурстық орталығы.

Қатысушылар өз мәселелерін көтеріп, мамандардан тікелей кеңес алу мүмкіндігіне ие болды. Іс-шараның нәтижесінде ауыл жастары мемлекет ұсынатын әлеуметтік және экономикалық бағдарламалармен танысып, жеке кәсібін ашуға, гранттық және

микрокредиттік жобаларға қатысуға бағыт алды. «We Talk» консультациялық алаңы Махамбет ауданында жастармен жүйелі жұмыс жүргізудің тиімді тәжірибесіне айналып, ауылдық жастар үшін тұрақты диалог пен тәжірибе алмасу алаңы ретінде өз рөлін нығайтты.

https://www.instagram.com/p/DI_ou9PTZut/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/DI_pFM8s8qT/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/DI_qE9TMJsh/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/DI_qok2MzFk/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/DJs2CaEsDGw/?utm_source=ig_web_copy_link

<https://zh-shugylasy.kz/zhanalyqtar/audan-tynysy/makhambet-audanynda-auyl-zhastaryna-arnalghan-we-talk-konsultatsiyalyk-ala-y-jymdastyryldy.html>

<https://atpress.kz/kk/news/atyrauda/makhambet-audanynda-auyl-zhastaryna-arnalghan-we-talk-konsultatsiyalyk-ala-y-jymdastyryldy>

<https://drive.google.com/drive/folders/1xZfYM9FgTsS36k6YtblOqKmKRuSBdLZo>

3 іс-шара. «Senimen Birge» шаралар кешені

Махамбет ауданында ұйымдастырылмаған жастарға (халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан жастар, мүмкіндігі шектеулі жастар, жұмыссыз жастар, бала күтімі бойынша демалыста жүрген жас аналар) арналған кемінде 1 зияткерлік, 1 спорттық және 1 мәдени-бұқаралық іс-шара ұйымдастыру. Шараларға жалпы 300 адам қатысады.

2025 жылдың 4–6 маусым және 21 қазан күндері Атырау облысы, Махамбет ауданында ұйымдастырылмаған жастарға арналған «Senimen Birge» шаралар кешені жоғары деңгейде өтті. Бұл кешен аясында үш бағыттағы іс-шара — зияткерлік, спорттық және мәдени-бұқаралық бағыттар қамтылды. Іс-шараның басты мақсаты – халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан жастарды, жұмыссыз жастарды, мүмкіндігі шектеулі жандарды және жас аналарды қоғам өміріне тарту, олардың әлеуметтенуіне және өзін-өзі дамытуына жағдай жасау болды.

«TALAPTAN QUIZ» зияткерлік сайысы (4 маусым 2025 жыл). Мемлекеттік рәміздер күніне орай «Daulet Hall» мейрамханасында өткен «TALAPTAN QUIZ» сайысына 86 жас қатысты. 12 команда логика, мәдениет, тарих, кино және жалпы білім салалары бойынша сұрақтарға жауап берді. Сайыс жастардың зияткерлік ой-өрісін кеңейтіп, командалық жұмыс пен достық атмосфераны нығайтты. Қатысушылар жаңа таныстықтар орнатып, өз қабілеттерін көрсетті.

«TALAPTAN FOOTBALL CUP» спорттық турнирі (5–6 маусым 2025 жыл). Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткізілген футбол турниріне 12 команда, яғни 118 жас қатысты. Турнир олимпиадалық жүйемен өтті, матчтар 15 минуттық екі таймнан тұрды. Қатысушылар әділ әрі белсенді ойын өрнегін көрсетіп, достық рухта бақ сынасты. Үздік ойыншылар мен қақпашылар арнайы аталымдар бойынша марапатталды, жеңімпаз командаларға бағалы сыйлықтар табыс етілді.

«TALAPTAN ONLINE: Абай оқулары» мәдени-бұқаралық іс-шарасы (21 қазан 2025 жыл). Абай Құнанбайұлының шығармаларын насихаттауға арналған бұл іс-шара онлайн форматта (Instagram) өтті. Қатысушылар ақынның өлеңдерін, қара сөздерін және әндерін орындап, бейнероликтерін #Abai180, #TalaptanMakhambet, #BolashaqqaQozgalys хэштегтерімен жариялады. 100-ге жуық жас өз шығармашылық қабілеттерін көрсетіп, қазылар алқасы ең үздік жұмыстарды анықтады.

Жалпы нәтиже мен әсері

- Барлығы 300-ге жуық жас қамтылды;
- Әлеуметтік осал топтағы және жұмыссыз жастардың белсенділігі артты;
- Жастардың зияткерлік, мәдени және спорттық әлеуеті ашылды;

Салауатты өмір салты мен қоғамдық белсенділік мәдениеті қалыптасты;
«Senimen Birge» шаралар кешені ауыл жастарының әлеуметтенуіне, шығармашылық және спорттық белсенділігінің артуына зор серпін берді. Бұл кешен Махамбет ауданындағы жастар саясатын жүзеге асырудың тиімді үлгісі ретінде қалыптасып, жастардың қоғам өміріне белсенді араласуына және жаңа мүмкіндіктерге жол ашуға ықпал етті.

https://www.instagram.com/reel/DKhbcKkIfV-/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/DKhgOK7IXU /?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/DK32B7kiHO7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DKwLkaBxFFk/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/DKwLh41xifC/?utm_source=ig_web_copy_link

<https://zh-shugylasy.kz/zhanalyqtar/audan-tynysy/makhambet-audanynda-auyl-zhastaryna-arnalghan-talaptan-football-cup-turniri-tti.html>

<https://atpress.kz/kk/news/atyrauda/makhambet-audanynda-auyl-zhastaryna-arnalghan-talaptan-football-cup-turniri-tti>

<https://zh-shugylasy.kz/zhanalyqtar/audan-tynysy/makhambet-audanynda-memlekettik-rmizder-knine-oraj-talaptan-quiz-ziyatkerlik-sajysy-tti.html>

<https://atpress.kz/kk/news/atyrauda/makhambet-audanynda-memlekettik-r-mizder-k-nine-oraj-talaptan-quiz-ziyatkerlik-sajysy-tti>

https://www.instagram.com/p/DQHDctfjBGk/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQHelaqDMBw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://drive.google.com/drive/folders/1YNvnFe_qEIHxmecpcX-chxgZJstxTIgk

4 іс-шара. «Jastar Upgrade: жаңа білім, жаңа мүмкіндіктер» шаралар кешені

Махамбет ауданының жастар арасында қаржылық, құқықтық, цифрлық сауаттылықты арттыру және жасанды интеллектіні пайдалану бойынша кездесу серияларын ұйымдастыру. Шараларға жалпы 300 адам қатысады.

2025 жылдың 14–20 қазан аралығында Атырау облысы, Махамбет ауданында жастардың қаржылық, құқықтық және цифрлық сауаттылығын арттыруға, сондай-ақ жасанды интеллектіні тиімді пайдалануға бағытталған «Jastar Upgrade: жаңа білім, жаңа мүмкіндіктер» атты шаралар кешені табысты өткізілді. Жоба Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының тапсырысымен, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен, және «Болашаққа қозғалыс» жеке қоры мен Махамбет аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жүзеге асырылды. Жастардың заманауи білімге, технологияларға және инновациялық құралдарға қолжетімділігін арттыру, олардың қаржылық және құқықтық сауаттылығын дамыту, сондай-ақ жасанды интеллект технологияларын күнделікті өмірде тиімді қолдануға үйрету. Іс-шаралар сериясы интерактивті форматта өтті: жастар пікірталастарға қатысып, практикалық тапсырмалар орындады, жаңа мамандықтар, инновациялар және AI технологиялары туралы пікір алмасты.

Қатысушыларға келесі бағыттарда тәжірибелік сабақтар өткізілді:

Қаржылық сауаттылық: жеке бюджетті жоспарлау, табысты басқару, инвестиция негіздері;

- Құқықтық сауаттылық: азаматтық құқықтар мен еңбек заңнамасының негізгі қағидалары;
- Цифрлық сауаттылық: интернет қауіпсіздігі, ақпаратты қорғау, әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану;
- Жасанды интеллект: AI құралдарын өмір мен кәсіпте пайдалану, нейрожелілер мен автоматтандыру мүмкіндіктері.

Кездесулер ауданның төрт мектебінде өтті:

1. Оңай Шонаев атындағы орта мектеп
2. Қарабай Қалыбеков атындағы Сарытоғай орта мектебі
3. Дүйсенғали Төленов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп
4. Есенбай Ағелеуов атындағы Махамбет орта мектебі

Жалпы 300-ге жуық жас қамтылды.

Жоба нәтижелері

- Қатысушылардың 90%-дан астамы өздерінің қаржылық, құқықтық және цифрлық сауаттылығы артқанын атап өтті.
- Жастардың жасанды интеллект пен жаңа технологияларға деген қызығушылығы күшейді.
- Көптеген қатысушылар AI құралдарын қолдану, жеке жобалар жасау және цифрлық кәсіпкерлікке бет бұрды.
- Интерактивті форматтағы тренингтер мен пікірталастар жастардың коммуникациялық және командалық дағдыларын

дамытты.

Бұл жоба ауыл жастарының заманауи қоғам талаптарына бейімделуіне, цифрлық мәдениет пен жауапты онлайн мінез-құлықты қалыптастыруға, сондай-ақ жеке және кәсіби дамуына айтарлықтай әсер етті. «Jastar Upgrade» шаралар кешені Махамбет ауданындағы жастармен жұмыстың жаңа форматы ретінде өз тиімділігін дәлелдеп, өңірлік деңгейде инновациялық ойлау мен білімге ұмтылысты қалыптастырды. Жоба нәтижесінде жастардың білімге, инновацияға және өзін-өзі дамытуға деген қызығушылығы артты. Ауылдық аймақтарда цифрлық теңсіздікті азайту, заманауи технологияларды меңгерген саналы буынды қалыптастыру бағытында нақты қадам жасалды.

https://www.instagram.com/p/DPyh0OEDDss/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/reel/DPyiSp9jGwW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/p/DP1Uq20jCHY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/reel/DP2-EQMjLyC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/p/DP3Q23ejM1W/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/reel/DP8k1XrDFkW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/p/DQEHZ9GjMBg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/reel/DQEI7jjDym/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://drive.google.com/drive/folders/1OeyYh_bu5R-TrBiPdMTG9MsFnXvSYqyt?hl=ru
<https://zh-shugylasy.kz/zhanalyqtar/audan-tyynsy/bolashakka-kozgalys-zhastarga-zhaa-bilim-zhaa-mmkindik.html>
<https://atr.kz/zhanalyqtar/atyraudagy-auyl-zhastary-zhana-bilim-men-tehnologiialardy-mengerude/>
<https://atpress.kz/kk/news/bilim/makhambet-audanynda-jastar-upgrade-zhobasy-tti>

5 іс-шара. «Мамандықтар керуені» шаралар кешені

Махамбет ауданының жастары үшін кәсіптік бағдар беру кездесуін ұйымдастыру

2025 жылдың 17–23 қазан аралығында Атырау облысы, Махамбет ауданында жастардың кәсіби бағдарын айқындауға және болашақ мамандығын саналы таңдауға бағытталған «Мамандықтар керуені» атты шаралар кешені сәтті өткізілді. Бұл бастама Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының тапсырысымен, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен, және «Болашаққа қозғалыс» жеке қоры мен Махамбет аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жүзеге асырылды. Жастарға еңбек нарығындағы өзекті және сұранысқа ие мамандықтар туралы нақты ақпарат беру, олардың жеке бейімділіктерін анықтау және саналы кәсіби таңдау жасауға бағыттау.

Жобаның аясында кездесулер ауданның бірнеше білім ордаларында өтті:

- 17 қазан – Оңай Шонаев атындағы орта мектеп (Махамбет ауылы);
- 20 қазан – Қарабай Қалыбеков атындағы Сарытоғай орта мектебі (Сарытоғай ауылы);
- 21 қазан – Қосарал орта мектебі (Ортақшыл ауылы);
- 21 қазан – Есбол орта мектебі (Есбол ауылы);
- 23 қазан – Жалғансай орта мектебі (Жалғансай ауылы).

Жалпы 320-ден астам жас қамтылды, оның ішінде ауыл мектептерінің оқушылары мен жас мамандар қатысты. Кездесулер барысында қатысушыларға еңбек нарығындағы ағымдағы үрдістер, сұранысқа ие салалар мен заманауи мамандықтар таныстырылды. Спикерлер жастарға өз қабілеттерін анықтау мақсатында Климов және Голланд кәсіби бағдар тестілерін ұсынды, нәтижесінде әр қатысушыға жеке кеңес берілді.

Сонымен қатар:

- IT, медицина, инженерия және педагогика салаларының даму болашағы туралы айтылды;
- Кәсіби бағдар беру жүйесінің маңызы мен еңбек нарығына бейімделу жолдары түсіндірілді;
- Мотивациялық тренингтер мен пікірталастар өткізіліп, жастарға шабыт берілді.

Жоба нәтижелері

- Жастардың кәсіби бағдарлану деңгейі артты.
- Қатысушылар өз бейімдері мен қызығушылықтарын анықтап, мамандық таңдауда саналы шешім қабылдауға үйренді.
- Жұмыссыздық деңгейін төмендетуге үлес қосады.
- Жастар еңбек нарығының сұранысына сәйкес бағыт алып, өз әлеуетін дұрыс арнаға бағыттайды.
- Ауыл мектептерінде кәсіби бағдар мәдениеті қалыптасты.
- Мұндай кездесулердің тұрақты өткізілуі білім беру мен еңбек нарығын байланыстыратын тиімді механизмге айналды.
- Жастардың өз-өзіне сенімі артты.

Оқушылар мен жас мамандар өз мүмкіндіктерін сезініп, болашаққа нақты мақсатпен қадам басуға мотивация алды. «Мамандықтар керуені» жобасы ауыл жастарының кәсіби бағдар алуына және еңбек нарығына бейімделуіне зор ықпал етті.

Жоба нәтижесінде жастардың білімге, еңбекке және өздігінен даму мәдениетіне деген көзқарасы өзгеріп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосатын жаңа буын мамандар қалыптаса бастады. Бұл шаралар кешені — жастардың болашақ кәсібін саналы таңдауға, еңбек нарығының талаптарына сай біліктілік деңгейін арттыруға бағытталған маңызды жоба.

Оның нәтижесінде Махамбет ауданының жастары еңбекке қабілетті, мақсатты және болашаққа сеніммен қарайтын буын ретінде қалыптасуда.

https://www.instagram.com/p/DP8p8UvjNTR/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/DP8qbBPDBLV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/p/DQErXfjI3V/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
https://www.instagram.com/reel/DQEKb5JiWx/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
https://www.instagram.com/p/DQENA2xDNWb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
https://www.instagram.com/reel/DQEN4p7jLof/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/p/DQGT3LEjHpB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
https://www.instagram.com/reel/DQGVp2fjLXQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
https://www.instagram.com/p/DQJJePeDLac/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
https://www.instagram.com/reel/DQJu5PNDBGb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1sLfRsaEhqWUIU83tq6qogMkQdtY4-DYD>
<https://zh-shugylasy.kz/zhanalyqtar/audan-tynysy/bolashakka-kozgalys-zhastarga-zhaa-bilim-zhaa-mmkindik.html>

6 іс-шара. Жұмыссыз жастарға арналған «Bolashaqqa qozgalys» грант конкурсы

Өз елді мекенін дамыту үшін Махамбет ауданының жастарына кемінде 3 шағын грант (әрбір Грант сомасы – 1 000 000 теңге) беру үшін конкурс ұйымдастыру.

2025 жылы Атырау облысы, Махамбет ауданында жұмыссыз және белсенді жастарға арналған «Bolashaqqa qozgalys» грант конкурсы ұйымдастырылды. Конкурс Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының тапсырысымен, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен және «Болашаққа қозғалыс» жеке қорының ұйымдастыруымен өткізілді. Жұмыссыз жастардың бастамаларын қолдау, олардың өз елді мекендерін дамытуға бағытталған әлеуметтік және кәсіпкерлік жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік беру. Конкурсқа Махамбет ауданы және ауылдық округтерден 50 өтінім түсті. Барлық қатысушылар өз жобаларын таныстырып, қорғауға қатысты. 3 үздік жоба іріктеліп, әрқайсысына 1 000 000 теңге көлемінде грант берілді. Грант иегерлері:

Грант иегерлері:

1. Хамзин Нұрбол Лесбекұлы — «OnKun» (ауыл жастарына арналған шығармашылық және IT бағытындағы іс-шаралар).
2. Сатаева Айнұр Қанатбайқызы — «Кәсіпкерлікке бір қадам» (жастар мен әйелдерге арналған кәсіпкерлік негіздері курсы).
Гранттық жоба жүзеге асырылмауына байланыса қаражат иегерілмеген деп танылды және қайтарылды.
3. Маратұлы Бексұлтан — «AUYL PARK» (ауылдағы бұзылған ойын алаңын қалпына келтіру).

Шара нәтижелері

- Гранттық қолдау алған жобалар ауыл өмірін жақсартуға және жастардың белсенділігін арттыруға бағытталған;
- Қатысушылар жобалық менеджмент пен бизнес-жоспарлаудың негізгі қағидаларын меңгерді;
- Конкурсқа қатысу жастардың өз идеяларын жүзеге асыруға деген сенімі мен ынтасын арттырды;
- Әлеуметтік желілер мен жергілікті БАҚ-та конкурс туралы ақпараттар жарияланды.

Ұзақ мерзімді әлеуметтік әсері

- Жастардың экономикалық және әлеуметтік белсенділігі артады;
- Ауылдық елді мекендерде әлеуметтік жобалар мен шағын кәсіп бастамалары көбейеді;
- Қатысушылар алған тәжірибесін келешекте өз ісін дамыту мен қоғамға пайдалы істерге бағыттап алады.

Грант конкурсы жастардың өз идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік берген маңызды бастама болды. Жеңімпаздардың жобалары ауданның әлеуметтік өміріне нақты үлес қосуға бағытталған.

Бұл тәжірибе Махамбет ауданындағы жастар арасында жобалық ойлауды дамытуға және өзін-өзі жұмыспен қамту мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.

https://www.instagram.com/p/DQJxwZwjIcl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/DQ2N7WQDNyt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/p/DRja7FRiPB-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/p/DRk5NFcDAri/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

7 іс-шара. «Makhambet CUP» атты аудандық пікірсайыс турнирі

Аудан жастары арасында пікірсайыс турнирі өткізіледі. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталады.

2025 жылдың 29 қыркүйегінде Атырау облысы, Махамбет ауданында жастардың сыни ойлау, шешендік және талдау қабілеттерін дамыту мақсатында «Makhambet CUP» аудандық пікірсайыс турнирі өткізілді. Шара Махамбет аудандық жастар ресурстық орталығының қолдауымен және О. Шонаев атындағы орта мектептің базасында ұйымдастырылды. Турнирдің басты мақсаты – жастардың логикалық және аналитикалық ойлау дағдыларын жетілдіру, өз ойын еркін және дәйекті түрде жеткізу қабілетін дамыту, сондай-ақ азаматтық белсенділікті арттыру болды. Турнир Америкалық Парламенттік формат (АПФ) ережесіне сәйкес өтті. Бұл формат қатысушылардың логикалық ойлау, дәлелді пікір айту және қарсы аргументті мәдени түрде теріске шығару қабілеттерін дамытуға бағытталған. Пікірсайысқа аудан мектептерінің 18 үздік оқушысы қатысып, өз ойларын ашық айтып, қоғамдағы өзекті мәселелерді түрлі қырынан талқылады. Тақырыптар жастардың әлеуметтік белсенділігі, экология, білім, цифрлық даму және еріктілік бағыттарын қамтыды. Турнир қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен үздік спикерлер анықталып, мақтау қағаздары мен бағалы сыйлықтармен марапатталды. Қатысушылар жоғары дайындық пен пікірталас мәдениетін көрсетті.

Негізгі нәтижелер

- Жастардың сыни және логикалық ойлау қабілеттері дамыды;
- Қатысушылардың көпшілік алдында сөйлеу және өз ойын қорғау дағдылары артты;
- Азаматтық белсенділік пен көшбасшылық қасиеттер қалыптасты;
- Пікірсайыс мәдениеті мен мәдени қарым-қатынас мәдениеті нығайды.

Ұзақ мерзімді әсері

- Пікірсайыс қозғалысы аудан мектептерінде тұрақты түрде дамиды;
- Интеллектуалды жастар қауымдастығы қалыптасады;
- Жастардың қоғамдағы өзекті мәселелерге сыни тұрғыдан қарау және шешім ұсыну қабілеті артады;
- Болашақта аудандық және облыстық деңгейдегі пікірсайыс клубтарының желісі кеңейеді.

Қатысушылар турнирдің маңыздылығын атап өтіп, мұндай зияткерлік шаралардың жиі ұйымдастырылуын қолдайтындарын жеткізді. Олардың айтуынша, пікірсайыс — өзін-өзі дамытуға, сенімді сөйлеуге және өзгелердің көзқарасын құрметтеуге үйрететін тиімді орта. «Makhambet CUP» пікірсайыс турнирі аудан жастарының ой-өрісін кеңейтіп, олардың білімге, мәдени талқылауға және әлеуметтік белсенділікке деген қызығушылығын арттырды. Бұл турнир — болашақта интеллектуалды және көшбасшы буынды қалыптастыруға бағытталған маңызды бастама.

https://www.instagram.com/p/DP1FfPrDO2/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/DPtk2QrjOdI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://drive.google.com/drive/folders/1BW779pqOTXenXI2D6ByDTZ_ahu9U5BU?usp=sharing

8 іс-шара. Қысқа мерзімді қайта даярлау курстары

Визажист, қолөнер бағыттары бойынша осал топтарды оқыту жұмыстары жүргізіледі. Оқытудан өткен қатысушыларға сертификаттар табысталады.

2025 жылғы 28 қазанда Атырау облысы, Махамбет ауданында “Talaptan Mahambet” жобасы аясында ауыл тұрғындарының кәсіби біліктілігін арттыру және өзін-өзі жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында қысқа мерзімді қайта даярлау курстары өткізілді. Іс-шара Махамбет аудандық жастар ресурстық орталығының базасында ұйымдастырылып, оған 20-ға жуық қатысушы қатысты. Курстар визажист және қолөнер бағыттары бойынша жүргізілді. Курстың басты мақсаты — ауыл тұрғындарын заманауи кәсіп түрлеріне үйрету, олардың шығармашылық және практикалық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ тұрақты табыс табуға ынталандыру. Визажист бағыты. Қатысушылар бет әрлеудің заманауи техникасын, макияж жасау әдістерін және сұлулық индустриясындағы соңғы трендтерді меңгерді. Тәжірибелі мамандар бет пішініне, тері түріне және түс үйлесіміне қарай кәсіби макияж жасау тәсілдерімен бөлісті. Қолөнер бағыты. Қолөнер сабағында қатысушылар киіз, жіп және басқа да табиғи материалдармен жұмыс істеуді үйренді. Олар ұлттық нақыштағы бұйымдар жасап, тоқыма және кестелеу әдістерін меңгерді. Әр қатысушы өз қолымен дайын өнім жасап, оны нарықта сатуға болатын тәжірибе жинақтады. Курс соңында барлық қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды. Бұл құжаттар олардың жаңа мамандық иесі ретінде кәсіби қызметті ресми түрде бастауына мүмкіндік береді.

Әлеуметтік және экономикалық әсері

- Ауыл тұрғындарының кәсіби және еңбек дағдылары артты;
- Жастар мен әйелдердің экономикалық белсенділігі күшейді;
- Қатысушылар өз кәсібін ашуға және қосымша табыс табуға мүмкіндік алды;
- Шағын және отбасылық кәсіпкерлікке жол ашылды;
- Қатысушылардың өзіне деген сенімі мен еңбекке ынтасы артты.

«Talaptan Mahambet» жобасы аясындағы бұл қайта даярлау курстары ауыл тұрғындарының кәсіби дамуына нақты үлес қосып, олардың әлеуметтік бейімделуіне және тұрмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік берді. Бұл бастама алдағы уақытта да Махамбет ауданында тұрақты түрде өткізіліп, ауыл жастары мен әйелдердің кәсіби әлеуетін арттыруға бағытталады.

https://www.instagram.com/p/DQZzAwQjChY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/p/DQZzKGpjNFt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/DQZznKqDBTA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/DQZz8HojOQP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

<https://drive.google.com/drive/folders/1c-5mH2HIPepVNvwnZa8LuQFO4Qh8Wwbc?usp=sharing>

<https://zh-shugylasy.kz/zhanalyqtar/audan-tynysy/bolashakka-kozgalys-zhastarga-zhaa-bilim-zhaa-mmkindik.html>

2 міндет. Жобаның олардың өміріне оң әсерін атап өткен қатысушылардың үлесі-қатысушылардың кемінде 70%.

1 іс-шара. Жобаның әлеуметтік әсерін бағалау

Пре-сауалнама жүргізу: Жобаға қатысушыларға бастапқы сауалнама таратылады. Сауалнамада олардың бастапқы жағдайы, жобадан күтетін нәтижелері және негізгі қажеттіліктері анықталады. Пост-сауалнама өткізу: Жоба аяқталған соң қатысушылардан қайта

сауалнама алынады.Сауалнамада олардың жобадан алған пайдасы, өзгерістері және қанағаттану деңгейі өлшенеді. Жобаның қорытындысы шығарылады.

2025 жылы Атырау облысы, Махамбет ауданында «Talaptan Mahambet» жобасы аясында қатысушылардың жобаға қатысу нәтижесінде алған әсерін, білім мен дағды деңгейіндегі өзгерістерін және жалпы қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында жобаның әлеуметтік әсерін бағалау іс-шарасы өткізілді.Бағалау жұмысы екі кезеңнен тұрды — пре-сауалнама (жобаның басында) және пост-сауалнама (жоба аяқталған соң).

1. Пре-сауалнама кезеңі. Жоба басталар алдында қатысушылар арасында бастапқы сауалнама жүргізілді. Сауалнама жастардың бастапқы әлеуметтік жағдайын, кәсіби және тұлғалық даму деңгейін, жобаға қатысудан күтетін нәтижелерін анықтауға бағытталды. Нәтижесінде жастардың басым бөлігі өздерінің қаржылық, құқықтық және цифрлық сауаттылығын арттыруды, жаңа білім мен тәжірибе алуды мақсат еткенін көрсетті.

2. Пост-сауалнама кезеңі. Жоба аяқталғаннан кейін қатысушылардан қайта сауалнама алынды. Сауалнама нәтижелері жоба аясында өткізілген іс-шаралардың нақты әлеуметтік әсерін және қатысушылардың өмір сапасына тигізген оң ықпалын көрсетті.

Негізгі нәтижелер:

- Қатысушылардың 70%-дан астамы жоба өз өміріне оң әсер еткенін атап өтті;
- Қатысушылардың орташа қанағаттану деңгейі — 9,4 балл (10 балдық шкала бойынша);
- Қатысушылардың басым бөлігі жаңа білім мен өмірлік дағдылар алғанын көрсетті;
- Жастардың әлеуметтік белсенділігі мен өзіне деген сенімі артқан;
- Қатысушылар жаңа таныстар мен серіктестік байланыстар орнатқан;
- Фокус-топтық зерттеу жобаның әлеуметтік тиімділігін дәлелдеді: жастардың кәсіби бағдар алуы, бос уақытын пайдалы өткізуі және өзін-өзі дамыту қабілеті артты.

Жоба нәтижесінде байқалған оң өзгерістер

- Қаржылық, құқықтық және цифрлық сауаттылық деңгейі артты;
- Қатысушылардың жеке және кәсіби дамуға ынтасы күшейді;
- Жастар қоғамға пайдалы болуға, жаңа бастамаларға қатысуға ұмтылды;
- Әлеуметтік белсенділік пен өзін-өзі дамытуға деген қызығушылық артты;
- Қатысушылардың өз күшіне сенімі мен мақсат қою қабілеті нығайды.

Жоба қатысушыларының көпшілігі іс-шаралардың мазмұны мен ұйымдастырылу сапасын жоғары бағалады. Пост-сауалнама қорытындысы бойынша жобаға қатысушылардың қанағаттану деңгейі кемінде 70%-дан асты, бұл жобаның әлеуметтік тиімділігін және оның жастар өміріне оң ықпалын нақты дәлелдейді. Бұл бағалау нәтижелері көрсеткендей, жоба Махамбет ауданы жастарының өзін-өзі дамытуына, кәсіби және тұлғалық әлеуетін арттыруға, қоғамға белсенді араласуына нақты серпін берген. Жастар өз болашағына сеніммен қарап, жаңа білім мен мүмкіндіктерге ашық, жауапты және мақсатты ұрпақ ретінде қалыптаса бастады.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

Жобаның нәтижелері бойынша қорытынды онлайн есептік кездесу өтті.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

2025 жылғы сәуір–қараша айлары аралығында Атырау облысы, Махамбет ауданында және онлайн форматта (Instagram, Facebook, TikTok, Telegram) «Talaptan Mahambet» жобасының ақпараттық сүйемелдеу және жария ету жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Жобаның ашықтығын қамтамасыз ету, жастардың ақпаратқа қолжетімділігін арттыру және қоғамда жобаның оң имиджін қалыптастыру. Жоба туралы материалдар аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланды:

- Atr.kz, Atpress.kz, Atyrauaqparat.kz ақпараттық порталдарында мақалалар мен жаңалықтар шықты;
- Atyrautv.kz телеарнасы жобаның негізгі іс-шаралары туралы бейнесюжеттер әзірледі;
- Барлығы 4-тен астам БАҚ жарияланымды дайындалып, көпшілікке ұсынылды.

Жоба әлеуметтік желілерде кеңінен насихатталды:

- Instagram, Facebook, TikTok, Telegram желілерінде 10-нан астам посттар, бейнероликтер және тікелей эфирлер жарияланды;
- Жобаның ресми парақшасы мен jas.community платформасында үнемі жаңартылып отырды;
- Грант жеңімпазының жеке парақшасында және жастар ұйымдарының беттерінде жоба туралы жаңалықтар жарияланып отырды;
- Қатысушылар мен волонтерлер өз пікірлері мен жетістіктерімен бөлісті.
- Ақпараттық жарияланымдардың жалпы қамту көлемі 30 000-нан астам адамды құрады (онлайн және офлайн форматтар бойынша);
- Жергілікті блогерлер мен пікір көшбасшыларының 5-тен астамы тартылды, олар жоба материалдарын бөлісіп, ақпараттық қолдау көрсетті;

· 3-тен астам ақпараттық-танымдық порталдарда материалдар жарияланды;

· Дайджесттер мен скриндер жоба есебіне енгізіліп, қаралым саны тіркелді.

Жоба барысында жастар белсенділік танытып, өз пікірлерін әлеуметтік желілерде білдірді. Қатысушылар жарияланған бейнежазбалар мен тікелей эфирлерге пікір қалдырып, қоғам өміріндегі өзекті тақырыптарды талқылауға атсалысты.

Қысқа мерзімді нәтижелер

- Жастардың ақпаратқа қолжетімділігі артты;
- Цифрлық және дәстүрлі медиа арқылы жастарға өзекті ақпарат жеткізу мәдениеті қалыптасты;
- Махамбет ауданында жастар жобаларын жариялау тәжірибесі жүйеленді;
- Ақпараттық саясаттың ашықтығы мен есептілігі күшейді;
- Жастардың медиа сауаттылығы мен онлайн белсенділігі артты.

Бұл ақпараттық жұмыс нәтижесінде жастар саясатының ашық, қолжетімді және есепті форматы қалыптасты.

Жоба тәжірибесі аудан мен облыс деңгейінде жастар бастамаларын ақпараттық қолдаудың тиімді моделіне айналды. Сонымен қатар, жергілікті БАҚ пен жастар ұйымдарының серіктестігі нығайып, қоғамда жастардың белсенді рөліне оң көзқарас орнықты.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

2025 жылғы сәуір айында Махамбет аудандық Жастар ресурстық орталығында жастар мамандарына арналған «Talqyla» атты диалогтық кездесу өткізілді. Шара барысында жастармен жұмысты тиімді ұйымдастыру, серіктестік орнату және тәжірибе алмасу бағыттары талқыланды.

Кездесу аясында Махамбет аудандық Жастар ресурстық орталығы мен «Болашаққа Қозғалыс» жеке қоры арасында аудан жастарын әлеуметтендіруге бағытталған «Talaptan Mahambet» жобасын жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Махамбет ауданының жастарына арналған «We Talk» консультациялық алаңы 28–29 сәуір күндері ұйымдастырылды. Алаң барысында ауыл жастарына мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаулар, қайтарымсыз гранттар, микрокредиттер, кәсіпкерлікті дамыту, алғашқы жұмыс орны және жастар практикасы бойынша нақты ақпараттар берілді.

Қамтылған елді мекендер мен орындар:

1. Бейбарыс ауылдық округі – «Жас Дәурен» мәдениет үйі
2. Бақсай ауылдық округі – Таңдай ауылдық мәдениет үйі
3. Есбол ауылдық округі – Самал мәдениет үйі
4. Махамбет ауылдық округі – Жастар ресурстық орталығы

Қатысушылар саны: 150-ден астам жас

Алаң барысында жұмыссыз жастармен қатар көпбалалы аналар мен әлеуметтік осал топтағы жастар да қамтылды. Шара жастардың белсенділігін арттырып, өзекті мәселелерін талқылауға мүмкіндік берді.

2025 жылғы 4–6 маусым аралығында Махамбет ауылында «Talaptan Mahambet» жобасы аясында ауыл жастарына арналған екі маңызды іс-шара – «TALAPTAN QUIZ» зияткерлік сайысы мен «TALAPTAN FOOTBALL CUP» футбол турнирі өткізілді.

4 маусым күні Мемлекеттік рәміздер күніне орай ұйымдастырылған «TALAPTAN QUIZ» зияткерлік сайысы «Daulet Hall» мейрамханасында өтті. Сайысқа 86 жас, 12 команда болып қатысты. Іс-шараның басты мақсаты – ауыл жастарының зияткерлік белсенділігін арттыру, логикалық ойлау мен командалық жұмыс дағдыларын дамыту, сондай-ақ жастардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға жағдай жасау. Квиз бірнеше раундтан тұрып, қатысушылар жалпы білім, тарих, логика, мәдениет және кино салаларында өз білімдерін сынады. Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, қатысушылардың белсенділігі мен дайындықтары жақсы бағаланды. Бұл сайыс жастарға өзара тәжірибе алмасып, жаңа таныстықтар орнатуға мүмкіндік берді.

5–6 маусым күндері ауыл жастары арасында салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту мақсатында «TALAPTAN FOOTBALL CUP» футбол турнирі өтті. Іс-шара Махамбет ауылындағы футбол алаңында ұйымдастырылды. Турнирге 118-ден астам жас қатысып, 12 команда шағын футбол ережесімен ойын өрнегін көрсетті. Турнир олимпиадалық жүйе бойынша өтті. Матчтар екі таймнан (әрқайсысы 15 минуттан) тұрды, ал тең нәтиже жағдайында пенальти сериясы қолданылды. Қатысушылардың жоғары белсенділігі мен әділ бәсекелестік рухы турнирдің маңызын арттырды.

Арнайы аталымдар бойынша үздік ойыншылар мен қақпашылар анықталып, командалық рухты көрсеткен ұжымдар марапатталды.

Жоба шеңберіндегі бұл шаралар толық көлемде жүзеге асырылып, жастар тарапынан жоғары бағаланды.

2025 жылдың 21 қазан күні Атырау облысы, Махамбет ауданы, Есбол ауылында «TALAPTAN ONLINE: Абай оқулары» атты мәдени-бұқаралық іс-шара ұйымдастырылды.

Жобаның негізгі мақсаты — ұлы ақын Абай Құнанбайұлының шығармаларын жастар арасында кеңінен насихаттау, әдебиетке қызығушылықты арттыру және рухани құндылықтарды дәріптеу болды.

Іс-шара онлайн форматта, яғни Instagram әлеуметтік желісі арқылы өткізілді. Қатысушылар Абайдың өлеңдерін, қара сөздерін және әндерін орындап, бейнероликтерін арнайы #Abai180, #TalaptanMakhambet, #BolashaqqaQozgalys хэштегтерімен жариялады. Байқауға 100-ге жуық жас қатысып, олардың ішінде оқушылар, студенттер мен жастар ұйымдарының өкілдері өз шығармашылық шеберліктерін көрсетті. Қатысушылардың бейнероликтері тіл мәдениеті, көркемдік шеберлік және сахналық образ критерийлері бойынша бағаланды.

«Jastar Upgrade: жаңа білім, жаңа мүмкіндіктер» шаралар кешені туралы қысқаша ақпарат Атырау облысы, Махамбет ауданында жастардың қаржылық, құқықтық және цифрлық сауаттылығын арттыруға, сондай-ақ жасанды интеллекті тиімді пайдалануға бағытталған «Jastar Upgrade: жаңа білім, жаңа мүмкіндіктер» атты шаралар кешені сәтті өтті.

Жоба Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының тапсырысымен, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен, «Болашаққа қозғалыс» жеке қоры мен Махамбет аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жүзеге асырылды.

Шаралар барысында жастарға қаржыны басқару, жеке бюджет жүргізу, интернеттегі қауіпсіздік, құқықтық жауапкершілік және жасанды интеллекттің күнделікті өмірдегі қолданылуы туралы пайдалы ақпарат берілді. Спикерлер қатысушыларға заманауи цифрлық құралдарды қолдану жолдарын, онлайн білім беру платформалары мен AI технологияларының артықшылықтарын нақты мысалдармен түсіндірді.

Кездесулер интерактивті форматта өтті: жастар пікірталасқа қатысып, практикалық тапсырмалар орындады, өз ойларын еркін білдіріп, заманауи мамандықтар мен технологиялар жөнінде сұрақтар қойды.

Шаралар 14–20 қазан аралығында ауданның төрт мектебінде ұйымдастырылып, 300-ге жуық жас қамтылды.

Қатысушылар заманауи білім мен тәжірибе алып, қаржылық, құқықтық және цифрлық сауаттылығын арттырды.

Жоба ауыл жастарының тұлғалық және кәсіби дамуына, сондай-ақ жаңа білім мен мүмкіндіктерге ашық болуына серпін берді.

Атырау облысының Махамбет ауданында жастардың кәсіби бағдарын айқындауға және болашақ мамандығын саналы таңдауға бағытталған «Мамандықтар керуені» атты шаралар кешені сәтті өткізілді.

Жобаның негізгі мақсаты — жастарға еңбек нарығындағы өзекті және сұранысқа ие мамандықтар туралы нақты ақпарат беру, олардың жеке бейімділіктерін анықтау және саналы кәсіби таңдау жасауға бағыттау болды.

Шара өткен орындар:

- 17 қазан – Оңай Шонаев атындағы орта мектеп (Махамбет ауылы);
- 20 қазан – Қарабай Қалыбеков атындағы Сарытоғай орта мектебі (Сарытоғай ауылы);
- 21 қазан – Қосарал орта мектебі (Ортақшыл ауылы);
- 21 қазан – Есбол орта мектебі (Есбол ауылы);
- 23 қазан – Жалғансай орта мектебі (Жалғансай ауылы).

Барлығы 350-ге жуық оқушы мен жас қатысып, кәсіби бағдар бойынша пайдалы ақпарат пен тәжірибе алды.

Шара барысында қатысушыларға еңбек нарығының ағымдағы үрдістері, заманауи мамандықтар мен бағыттар таныстырылды.

Спикерлер жастардың қабілеттері мен қызығушылықтарын анықтау үшін Климов және Голланд тестілерін қолданды және әр қатысушыға жеке кәсіби кеңес берді.

Сонымен қатар:

- еңбек нарығындағы IT, медицина, инженерия және педагогика салаларының болашағы таныстырылды;

- кәсіби бағдар беру жүйесінің маңызы түсіндірілді;
- мотивациялық тренингтер мен пікірталас форматындағы сұхбаттар өткізілді.

Нысаналы топ өкілдері — ауыл мектептерінің оқушылары мен жас мамандар кәсіби бағыт алу, өз бейімін тану және болашақ мамандығын анықтау бойынша нақты тәжірибе жинақтады.

Қатысушылардың пікірінше, бұл шара олардың ой-өрісін кеңейтіп, мақсаттарын нақтылауға және болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік берген.

Жоба ауыл жастарының кәсіби дамуына, еңбек нарығына бейімделуіне және қоғамдағы белсенділігін арттыруға үлкен серпін берді.

Махамбет ауданы мен ауылдық округтерден келген жастар өздерінің әлеуметтік және кәсіпкерлік бастамаларын ұсынды. Бұл жастардың жобалық ойлау қабілетінің және бастамашылдығының артқанын көрсетті.

- 3 жеңімпаз анықталды.

2 жоба 1 000 000 теңге көлемінде грант иеленіп, өз елді мекенін дамытуға бағытталған жобаларды іске асыру мүмкіндігіне ие болды.

- Жобалардың бағыттары:

- экологиялық бастамалар (аулаларды көгалдандыру, қалдықтарды сұрыптау);
- жастарды кәсіпке баулу (тігін, дизайн, қолөнер шеберханалары);
- ауылдық жастардың бос уақытын тиімді өткізуге арналған әлеуметтік жобалар.

- Жастардың белсенділігі артты.

Конкурсқа қатысу арқылы жұмыссыз жастар өз мүмкіндіктерін сынап, жобалық менеджмент пен бизнес-жоспар жасаудың негізгі қағидаларын үйренді.

- Жаңа идеялар мен кәсіптік бағыттар қалыптасты.

Қатысушылар өз жобалары арқылы аймақтың әлеуметтік және экономикалық дамуына үлес қосу жолдарын ұсынды.

- Ақпараттық белсенділік артты.

Әлеуметтік желілерде конкурс туралы 10-нан астам жазба мен жарияланым жарияланып, 5 000-ға жуық адам қамтылды.

- Жастардың өз күшіне сенімі нығайды.

Қатысушылар гранттық қаржыландырудың нақты тәжірибесін меңгеріп, өз жобаларын жүзеге асыруға ынта білдірді.

Махамбет ауылында «Makhambet CUP» пікірсайыс турнирі өтті

29 қыркүйек күні Махамбет ауылында, О.Шонаев атындағы орта мектеп базасында жастардың сыни ойлау қабілетін, шешендік өнерін және қоғамдық белсенділігін дамытуға бағытталған «Makhambet CUP» пікірсайыс турнирі жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Аталған зияткерлік додаға мектеп оқушыларынан құралған үздік пікірсайысшылар қатысып, өз ойларын еркін жеткізу, дәйекті аргумент ұсыну және қарсы пікірді теріске шығару бойынша бақ сынады. Турнир Америкалық Парламенттік формат (АПФ) ережесіне сәйкес өтті.

Атырау облысының Махамбет ауданында “Talaptan Mahambet” жобасы аясында ауыл тұрғындарының кәсіби дағдыларын дамыту және өзін-өзі жұмыспен қамту мүмкіндіктерін арттыру мақсатында қысқа мерзімді қайта даярлау курстары ұйымдастырылды.

Курстар визажист және қолөнер бағыттары бойынша 2025 жылғы 28 қазанда Махамбет аудандық жастар ресурстық орталығында өтті. Негізгі мақсат – ауыл тұрғындарын заманауи кәсіп түрлеріне үйретіп, шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы табыс табуға ынталандыру.

Визажист бағыты бойынша қатысушылар макияждың заманауи техникасын, бет әрлеу әдістерін және сұлулық индустриясындағы жаңа үрдістерді меңгерді.

Қолөнер бағыты бойынша ұлттық және заманауи элементтерді үйлестіре отырып, киіз, жіп және басқа да материалдардан бұйымдар жасауға тәжірибелік сабақтар өтті.

Курс барысында қатысушылар өз қолымен бұйым жасап, оны нарықта сатуға болатын дағдылар алды. Оқыту соңында барлығы арнайы сертификаттармен марапатталды, бұл олардың кәсіби қызметін ресми түрде бастауына мүмкіндік береді.

Жоба ауыл жастары мен әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігін арттырып, аймақтық шағын бизнесті дамытуға нақты серпін берді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай курстар ауыл тұрғындарының өзіне деген сенімін нығайтып, жаңа мамандық меңгеруге және жеке ісін ашуға жол ашады.

Қатысушылардың 70%-дан астамы жоба өз өміріне оң әсер еткенін атап өтті.

Сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың басым бөлігі жоба барысында жаңа білім мен тәжірибе алып, өз қабілеттерін дамытуға мүмкіндік тапқанын көрсетті.

- Қатысушылардың қанағаттану деңгейі жоғары болды.

Пост-сауалнама қорытындысы бойынша жоба сапасы мен мазмұнына орташа баға 9,4 баллды құрады. Бұл қатысушылардың іс-шаралардың маңыздылығын және тиімділігін жоғары бағалағанын білдіреді.

- Қаржылық, құқықтық және цифрлық сауаттылық көрсеткіштері артты.

Жастар өздерінің білім деңгейі мен өмірлік дағдыларының айтарлықтай жақсарғанын атап өтті.

- Қатысушылардың әлеуметтік белсенділігі мен өзіне деген сенімі күшейді.

Көптеген жастар жоба олардың қоғамға пайдалы болуға, өз ойын еркін жеткізуге және жаңа бастамаларға қатысуға ынталандырғанын айтты.

- Жаңа таныстықтар мен серіктестік байланыстар орнады.

Қатысушылар арасында өзара тәжірибе алмасу, бірлескен жобалар жоспарлау және ынтымақтастық орнату үрдісі байқалды.

- Фокус-топтық зерттеу жобаның әлеуметтік тиімділігін растады.

Зерттеу қорытындысы бойынша жоба жастардың кәсіби бағдарын айқындауға, бос уақытын пайдалы өткізуге және өзін-өзі дамытуға ықпал еткенін көрсетті.

- Жоба қатысушыларының өмір сапасы мен көзқарасында оң өзгерістер байқалды.

Жастар өз болашағына сенімділікпен қарап, даму мен білім алуға ұмтылыс білдірді.

Жоба нәтижелері таныстырылды.

Онлайн форматтағы есептік кездесу барысында жобаның негізгі көрсеткіштері, қол жеткізілген мақсаттар мен нәтижелер егжей-тегжейлі баяндалды.

Қатысушылар арасында тәжірибе алмасу өтті.

Грант иегерлері, еріктілер және жастар ресурстық орталығының өкілдері өз тәжірибелерімен бөлісіп, жоба шеңберінде алынған білім мен дағдылардың тиімділігін атап өтті.

Жобаның әлеуметтік әсері талқыланды.

Қатысушылар жобаның жастардың белсенділігіне, кәсіби дамуына және ауылдық жерлердің әлеуетін арттыруға тигізген оң ықпалын атап өтті.

Кері байланыс алынды.

Қатысушылар жобаның болашақ кезеңдеріне қатысты ұсыныстар мен идеяларын ортаға салды.

Ақпараттық ашықтық қамтамасыз етілді.

Жобаның қорытынды есебі мен нәтижелері әлеуметтік желілерде, ресми парақшаларда және БАҚ-та жарияланды.

- Жоба нәтижелері мен үздік тәжірибелер таныстырылды.

Тыңдалым барысында жобаның негізгі жетістіктері мен тиімді тәжірибелері көпшілік назарына ұсынылды.

- Қатысушылар арасында ашық диалог орнады.

Тыңдалым интерактивті форматта өтіп, қатысушылар өз пікірлерін білдіріп, ұсыныстарын айтты.

- Жергілікті деңгейде жобаның әлеуметтік әсері талқыланды.

Қатысушылар жоба нәтижелерінің ауыл жастарының белсенділігі мен білім деңгейіне оң әсер еткенін атап өтті.

- Ақпараттық жариялылық қамтамасыз етілді.

Іс-шара қорытындысы әлеуметтік желілерде және жергілікті БАҚ-та жарияланды (2 материал).

- Қоғам тарапынан оң пікір қалыптасты.

Тыңдалым нәтижесінде жобаға жоғары баға беріліп, оның жалғасын табу қажеттілігі айтылды.

- Жобаның ақпараттық ашықтығы қамтамасыз етілді.

Барлық іс-шаралар туралы жаңалықтар мен нәтижелер БАҚ-та (Atr.kz, Atpress.kz, Atyrauaqparat.kz, Atyrautv.kz) жарияланды.

- Жоба әлеуметтік желілерде кеңінен насихатталды.

Instagram, Facebook, TikTok және Telegram желілерінде 10-нан астам пост, бейнеролик және тікелей эфир ұйымдастырылды.

- Жастар аудиториясы белсенді қамтылды.

jas.community парақшасында және грант жеңімпазының жеке парақшасында жоба барысы туралы материалдар жарияланып, жастар арасында үлкен қызығушылық тудырды.

- Жергілікті блогерлер мен пікір көшбасшылары тартылды.

Ақпараттық қолдау мақсатында 5-тен астам белсенді әлеуметтік желі қолданушылары мен еріктілер жоба контентін бөлісті.

- Жобаның позитивті имиджі қалыптасты.

Барлық жарияланымдар мен посттарда жастардың белсенділігі, жетістіктері және жоба арқылы алған мүмкіндіктері көрсетілді.

- Ақпараттық қамту көлемі 30 000 адамнан асты.

Бұл көрсеткіш жобаның кең аудиторияны қамтығанын және қоғамда үлкен қызығушылық тудырғанын дәлелдейді.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жобаның негізгі мақсаты — **ауыл жастарын әлеуметтендіру**, олардың **қаржылық, құқықтық, цифрлық сауаттылығын арттыру**, **жұмыссыз жастарды қолдау** және **жастардың азаматтық белсенділігін күшейту** болды.

Жобаны іске асыру нәтижесінде Атырау облысы Махамбет ауданының кемінде **1 000 жасы** әлеуметтік-мәдени, спорттық және білім беру іс-шараларына тікелей қатысу арқылы қоғамға белсенді түрде бейімделді. Жоба аясында аудан жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, олардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға және қоғамдық өмірге тартылуына бағытталған жүйелі жұмыс жүргізілді.

Махамбет аудандық жастар ресурстық орталығымен бірлескен іс-шаралар жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес нақты іс-шаралар өткізілді. Аудан жастары мен кемінде **3 елді мекеннің** жастарын қамтыған «We talk» консультациялық алаңы ұйымдастырылып, жастарға өзекті әлеуметтік, құқықтық және жеке даму мәселелері бойынша кеңес беру қамтамасыз етілді.

Жоба шеңберінде әлеуметтік осал топтағы ұйымдаспаған жастарды қамтуға ерекше назар аударылды. Осы бағытта **1 интеллектуалдық, 1 спорттық және 1 мәдени-бұқаралық іс-шара** өткізіліп, жастардың өзара қарым-қатынасы мен қоғамға араласу деңгейі артты. Сонымен қатар, қаржылық, құқықтық, цифрлық сауаттылықты және жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану бойынша бірқатар кездесулер ұйымдастырылып, жастардың білім деңгейін арттыруға жағдай жасалды.

Аудан жастары үшін кәсіби бағдар беру кездесуі өткізіліп, еңбек нарығындағы мүмкіндіктер мен болашақ мамандықтарды саналы таңдауға бағытталған ақпарат берілді. Сонымен қатар, жастардың бастамаларын қолдау мақсатында конкурс ұйымдастырылып, нәтижесінде кемінде **2 жасқа** әрқайсысы **1 000 000 теңге** көлеміндегі шағын гранттар берілді. Бұл гранттар жастардың өз елді мекендерін дамытуға бағытталған нақты жобаларын іске асыруға мүмкіндік берді.

Жоба қорытындысы бойынша жүргізілген сауалнама нәтижелері қатысушылардың кемінде **70%-ы** жобаның олардың өміріне оң әсер еткенін растады. Бұл көрсеткіш жобаның белгіленген мақсаттарына қол жеткізілгенін және жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруда тиімді құрал болғанын дәлелдейді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:

Жоба аясында жоспарланған іс-шаралар мен күтілетін нәтижелердің басым бөлігі толық көлемде және белгіленген мерзімдерде іске асырылды. Нысаналы индикаторлар бойынша көзделген көрсеткіштерге қол жеткізілді, ал кейбір бағыттар бойынша жоспарланған нәтижелерден жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу қамтамасыз етілді.

Алайда, жоба шеңберінде жоспарланған шағын гранттардың бірі бойынша жоспардан ішінара ауытқу орын алды. Атап айтқанда, Сатаева Айнұр Қанатбайқызының «Кәсіпкерлікке бір қадам» (жастар мен әйелдерге арналған кәсіпкерлік негіздері курсы) атты жобасы іске асырылған жоқ, ал конкурстық негізде бөлінген 1 000 000 (бір миллион) теңге көлеміндегі қаражат Қазақстан Республикасының қолданыстағы талаптарына және шарт талаптарына сәйкес тапсырыс берушіге толық көлемде қайтарылды. Аталған қаражат игерілмеген деп танылып, гранттың бұл бөлігі ағымдағы есепті кезеңде тағайындалған жоқ.

Нәтижесінде жобаның жалпы қаржыландыру сомасы тиісті мөлшерде қысқартылып, қаржылық есепке қайта есептеу жүргізілді. Аталған ауытқу жобаның жалпы мақсаттары мен негізгі нысаналы индикаторларына айтарлықтай әсер еткен жоқ, себебі қалған жоспарланған іс-шаралар толық көлемде жүзеге асырылып, жобаның әлеуметтік тиімділігі сақталды.

Осылайша, орын алған ауытқу объективті себептермен байланысты болып, қаржылық тәртіп пен ашықтық талаптары толық сақталды.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жоба басталғанға дейін Махамбет ауданында жастардың әлеуметтенуі, кәсіби дамуы және бос уақытын тиімді өткізуіне бағытталған жүйелі механизм болмаған. Ауыл жастарының басым бөлігі өз әлеуетін дамытуға және жаңа дағдылар алуға мүмкіндік таба

алмай, әлеуметтік белсенділіктен шет қалып жүрді. Бұл жағдай жастардың қоғамға бейімделуін қиындатып, өңірдегі жастар саясатының тиімділігін төмендеткен болатын. «Talaptan Mahambet» әлеуметтік жобасының жүзеге асырылуы осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталды. Жоба аясында ауылдық жерлерде жастардың цифрлық, құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыру, кәсіби бағдар беру, спорттық және мәдени іс-шаралар ұйымдастыру арқылы жастардың әлеуметтік және экономикалық белсенділігін арттыруға нақты жағдай жасалды.

Әлеуметтік өзгерістер мен нәтижелерді өлшеу тәсілдері:

- Пре және пост сауалнама нәтижелерін салыстыру арқылы жастардың білім деңгейі мен әлеуметтік белсенділігіндегі өзгерістер анықталды;

- Фокус-топтық талқылаулар мен жеке сұхбаттар барысында қатысушылардың жобаға деген көзқарасы, алған тәжірибесі мен мотивациясы талданды;

- Қатысу белсенділігі — барлық іс-шараларға 1000-нан астам жас тартылып, олардың 70%-дан астамы жоба өз өміріне оң әсер еткенін атап өтті.

Жоба нәтижесінде болған негізгі әлеуметтік өзгерістер:

- Жастардың әлеуметтену деңгейі артты.

- Қатысушылар қоғам өміріне белсенді араласа бастады, қоғамдық шараларға қатысу, пікір білдіру және бастама ұсыну қабілеті күшейді.

- Кәсіби бағдар мен өзін-өзі дамыту мәдениеті қалыптасты.

- «Мамандықтар керуені» мен «Jastar Upgrade» шаралары арқылы жастар өз бейімін анықтап, жаңа білім мен кәсіптік бағыт алды.

- Қаржылық және цифрлық сауаттылық артты.

- Тренингтер нәтижесінде жастар жеке бюджет жүргізу, онлайн қауіпсіздік және цифрлық құралдарды қолдану дағдыларын меңгерді.

- Әлеуметтік осал топтағы жастар қоғам өміріне тартылды.

- «Senimen Birge» кешені мен қайта даярлау курстары арқылы жұмыссыз жастар мен жас аналар белсенді қатысып, жаңа кәсіп үйренді.

- Жастардың бос уақытын тиімді пайдалану мәдениеті қалыптасты.

- «Makhambet SUP» және басқа спорттық-мәдени іс-шаралар жастардың салауатты өмір салтына бейімделуіне ықпал етті.

- Жастардың өз идеяларын іске асыру мүмкіндігі артты.

- «Bolashaqqa qozgalys» грант конкурсы нәтижесінде 3 жоба (әрқайсысы 1 млн теңге) қаржыландырылып, ауыл өмірін жақсартуға бағытталды.

«Жобаға қатысу арқылы өз қабілетімді аштым. Бұрын тек ойда жүрген идеяларымды нақты жобаға айналдыруға мүмкіндік алдым. Қазір өзіме сенімдімін және ауылымда пайдалы істерді жалғастырғым келеді.» — *Грант иегері, Хамзин Нұрбол*

«Оқыту барысында алған білім мен тәжірибе менің көзқарасымды өзгертті. Өз ісімді бастауға және қоғамға пайдалы болуға ынталандым.» – *Жоба қатысушысы, Құсайын Әсемай*

Жоба нәтижесінде Махамбет ауданында жастардың әлеуметтік белсенділігі, кәсіби әлеуеті және азаматтық жауапкершілігі айтарлықтай артты. Жастар қоғам өміріне белсенді араласып, жаңа кәсіптер мен мүмкіндіктерге ашық бола бастады.

Жоба тек қысқа мерзімді нәтижелерге ғана емес, ұзақ мерзімді әлеуметтік әсерге де қол жеткізді — белсенді, білімді және жауапты жаңа буын қалыптаса бастады.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
1050	460	590

Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
1050	–	1050	–	–	–	–	–	–	–	–

Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
1050	270	285	255	240			

3. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

«Talaptan Mahambet» әлеуметтік жобасы барысында Махамбет ауданының 1000-нан астам жасы қамтылды. Жобаның нысаналы топтарына ауыл жастары, жұмыссыз жастар, студенттер, әлеуметтік осал топтағы жас азаматтар және жас аналар кірді.

Нақты нәтижелер:

- «We Talk» консультациялық алаңы арқылы 150 жас мемлекеттік қолдау тетіктері (грант, микрокредит, жастар практикасы) жөнінде ақпарат алды;
- «Senimen Birge» кешені аясында 3 бағытта (зияткерлік, спорттық және мәдени) 300-ден астам жас қамтылды;
- «Jastar Upgrade» шаралар сериясы арқылы 300 жас қаржылық, құқықтық және цифрлық сауаттылығын арттырды;
- «Мамандықтар керуені» аясында 250 жас маман және мектеп оқушысы кәсіби бағдар алды;
- «Bolashaqqa qozgalys» грант конкурсы нәтижесінде 3 жас (әрқайсысы 1 000 000 теңге) көлемінде шағын грант иегері атанды;
- Қысқа мерзімді қайта даярлау курстары арқылы 20 адам (оның ішінде әйелдер мен әлеуметтік осал топтағы жастар) визажист және қолөнер мамандығын меңгеріп, сертификат алды;

· «Makhambet CUP» пікірсайыс турниріне 18 жас қатысып, шешендік және логикалық ойлау қабілеттерін дамытты.

Сапалық өзгерістер:

- Жастардың өзін-өзі дамыту және қоғам өміріне белсенді араласу мотивациясы күшейді;
- Қатысушылардың 70%-дан астамы жоба өз өміріне оң әсер еткенін атап өтті (пост-сауалнама нәтижесі бойынша);
- Жастардың цифрлық, құқықтық және қаржылық сауаттылық деңгейі артты;
- Ауыл жастарының шығармашылық, көшбасшылық және кәсіпкерлік қабілеттері ашылды.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жоба ауыл жастарының әлеуметтену деңгейін арттыру және олардың қоғамдық белсенділігін дамытуға бағытталды.

Ұзақ мерзімді перспективада жобаның әсері келесідей болуы күтіледі:

- Махамбет ауданында жастардың жүйелі түрде дамуына жағдай жасайтын тұрақты аялдар қалыптасты;
- Ауылдық жастар арасында білімге, кәсіпке және инновацияға ұмтылыс артты;
- НЕЕТ санатындағы жастардың үлесі азаяды, себебі олар кәсіби бағдар мен жаңа дағдылар алады;
- Грант иегерлерінің жобалары өз ауылдарында тұрақты жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді;
- Жастар саясатының тиімді моделі қалыптасып, басқа өңірлерге де үлгі ретінде таралады.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

- Ауылдық аймақта жастардың жұмыспен қамтылу және өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейі артты;
- Жаңа шағын бизнес жобалары (грант жеңімпаздары арқылы) іске қосылып, экономикалық белсенділік күшейді;
- Әйелдердің және әлеуметтік осал топтағы жастардың еңбек нарығына бейімделу мүмкіндігі кеңейді;
- Жастар арасында салауатты өмір салты мен еріктілік мәдениеті нығайды;
- Махамбет ауданында жастар ресурстарын біріктіретін экожүйе қалыптасты — бұл аймақтың әлеуметтік тұрақтылығына

тікелей әсер етті.

«Talaptan Mahambet» жобасы өз мақсатына толық жетіп, ауыл жастарының әлеуметтену, кәсіби және тұлғалық дамуы бағытында ұзақ мерзімді оң әсер қалдырды. Жоба нәтижелері аудан жастарының өмір сапасын жақсартып, олардың өз өңірін дамытуға белсенді қатысуына нақты мүмкіндік берді.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Golden Steppe Explorers» Қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: «Atyrau Faces» видеоконтенті арқылы еңбек мамандықтарын насихаттау

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

Міндет 1. Жоба бойынша жұмыс комиссиясын құру

Іс-шара 1. Жоба бойынша жұмыс комиссиясын құру. Жұмыс комиссиясы жобаны сапалы жүзеге асыру мақсатында құрылады. Комиссия құрамы 3 не 5 мүшеден тұрады, құрамға 1 өндірістік компания өкілі, 1 колледж не ЖОО өкілі кіруі керек. Жұмыс комиссиясының отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

27.03.2025 ж. Атырау облысының Атырау қаласында «Atyrau Faces» жобасының жұмыс комиссиясының отырысы өтті. Комиссия құрамында 8 мүше. Күн тәртібінде 2 мәселе қаралды. 1) жобаның жұмыс комиссиясын құру; 2) жобаға қатысатын жұмысшы мамандықтар иелерін таңдау. Нәтижесінде - жобаның жұмыс комиссиясы құрылды. 22 жұмысшы мамандық иесі анықталып, жобаға қатысу үшін таңдалды.

13.06.2025 ж. Атырау облысының Атырау қаласында «Atyrau Faces» жобасының жұмыс комиссиясының отырысы өтті. Комиссия құрамында 3 мүше. Күн тәртібінде 1 мәселе қаралды. 1) жобаға қатысатын қалған жұмысшы мамандықтар иелерін таңдау. Нәтижесінде қалған 8 жұмысшы мамандық иесі анықталып, жобаға қатысу үшін таңдалды.

27.03.2025 ж. «Atyrau Faces» жобасының жұмыс комиссиясының отырысы.

<https://www.instagram.com/reel/DHvrzaYiZ5o/?igsh=eXZkdXI5YW14MGRk>

Міндет 2. Атырау облысындағы кәсіпорындар, өндірістерден жұмысшы мамандықтар иесін таңдау (30 адам)

Іс-шара 1. Атырау облысындағы кәсіпорындар, өндірістерден жұмысшы мамандықтар иесін таңдау. Видеоконтент үшін іріктелген жұмысшы мамандықтарға сәйкес жергілікті кәсіпорындармен байланыс орнату, мамандарды анықтау және бекіту. Жұмысшы мамандық иелері жұмыс комиссиясының отырысында таңдалды. Видеоконтент үшін іріктелген жұмысшы мамандықтарға сәйкес Атырау облысының төтенше жағдайлар департаменті, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Трава у дома», «ҮКК» компаниялары, «Ferrum» автосервисі, «БатысАльянсСтрой» ЖШС, Атырау бекіре балық өсіру зауыты, «Дәулет Нан» өндірісі, «InterService» ЖШС, «Сымбат» ет дүкені, «Атырау облысы Су арнасы» КММ, «Атырау Жарық» АҚ, «Теміржол Құрылыс Атырау» ЖШС, «Атырау-Автопарк» ЖШС, «Atyrau Euro Remont» ЖШС, «Өнерпаз» тұрмыстық үйі, «Колизей» автокешені сияқты кәсіпорын, компания, мекемелермен байланыс орнатылып, маман иелері анықталды.

Міндет 3. Таңдалған 30 адамның әрбіреуімен сұхбат, жұмыс орнынан репортаж және қысқа мотивациялық видеороликтер, фотоконтент түсіру.

Іс-шара 1. Таңдалған 30 адамның әрбіреуімен сұхбат, жұмыс орнынан репортаж және қысқа мотивациялық видеороликтер, фотоконтент түсіру.

Таңдалған 30 адам – жұмысшы мамандық иелерімен кездесіп, әрбіреуімен сұхбат, жұмыс орнынан репортаж және қысқа мотивациялық видеороликтер, фотоконтент түсірілді.

1. Су астындағы құтқарушы;
2. Тепловод машинисі,
3. Өрт сөндіруші-құтқарушы;
4. Аспаз;
5. Автокран машинисі;
6. Мұнайшы;
7. Өндірістік альпинист;
8. Көгалдандырушы;
9. Автоэлектрик;
10. Мұнай-газды зерттеу зертханасының инженері;
11. Электрослесарь;
12. Кәріз бригадасы шебері, слесарьлері;
13. Құтқарушы-кинолог;

14. Климатехник (ұялы байланыс маманы);
15. Балық өсіру маманы;
16. Наубайшы;
17. Ағаш ұстасы
18. СББ инженері;
19. Құрылысшы;
20. Орманшы;
21. Автобус жүргізушісі;
22. Тігінші;
23. Эвакуатор жүргізушісі;
24. Газ қызметкері;
25. Қасапшы;
26. Цилиндр бастарын жөндеуші слесарь;
27. Дәнекерлеуші;
28. Сантехник;
29. Аргонмен дәнекерлеуші;
30. АТС операторы.

Жоба аясында жоспарланған әлеуметтік желілердегі парақшалар және Youtube платформасы ашылды.

Instagram - <https://www.instagram.com/atyraufaces?igsh=MXRpdDQ5ZmZkNTE2bQ==>

Facebook - <https://www.facebook.com/share/1CG4hDY6rG/?mibextid=wwXIf>

TikTok - <https://vm.tiktok.com/ZMAWpHpMh/>

Youtube - <https://youtube.com/@atyraufaces?si=YCPiZlptd7eo9yfA>

Жоба аясында әлеуметтік желідегі парақшалар және Youtube платформасында жалпы саны 74 видеоматериал жарияланды.

Instagram – 34; Facebook – 18; TikTok – 19; Youtube – 3 видеоконтент жарияланды.

Мемлекеттік органдар, БАҚ, басқа да ұйымдардың әлеуметтік желідегі парақшаларындағы жарияланым саны – 18.

3. 50 000-нан астам жазылушысы бар аккаунттарда кемінде 5 видеороликті насихаттау:

Жоба аясындағы видеоматериалдар 50 000-нан астам жазылушысы бар 2 аккаунтта жарияланды.

Instagram әлеуметтік желісіндегі 166 000 жазылманы бар @ze_atyrau парақшасында жарияланды.

<https://www.instagram.com/reel/DKPrHkMCala/?igsh=bngyN2lvbWs2Zg==>

Instagram әлеуметтік желісіндегі 245 000 жазылманы бар @afishi_atyrau парақшасында жарияланды.

<https://www.instagram.com/p/DKsD-cCiHx/?igsh=MTAxcjh2czJ0MDFycw==>

4. Жұмысшы мамандықтарын насихаттау мақсатында өңірдегі түрлі алаңдарда кемінде 2 офлайн-көрме ұйымдастыру:

«Atyrau Faces» видеоконтенті арқылы еңбек мамандықтарын насихаттау жобасы аясында 2 фотокөрме өткізілді.

28.04.2025 ж. Атырау қаласы, «Үегаа» замануи мәдениет орталығы.

24.10.2025 ж. Атырау қаласы, «Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театры».

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

«Atyrau Faces» әлеуметтік жобасының мақсаты – Атырау облысындағы жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру, еңбек адамдарының нақты бейнесін көрсету және қоғамда жұмысшы кәсіптеріне деген оң көзқарасты қалыптастыру болды. Жобаны іске асыру үшін жұмыс комиссиясы құрылып, оның отырыстарында әртүрлі сала мен кәсіпорындардан 30 жұмысшы мамандық иесі іріктеліп, жобаға қатысуға бекітілді.

Жоба аясында әлеуметтік желілер мен YouTube платформасында ресми парақшалар ашылып, 74 видеоматериал жарияланды. Сонымен қатар ірі аудиториясы бар аккаунттар арқылы контент насихатталып, жобаға кең қоғамдық қызығушылық қалыптасты. Жұмысшы мамандықтарын танымал ету мақсатында екі офлайн фотокөрме өткізілді. Әрбір қатысушымен сұхбаттар, жұмыс орнынан репортаждар және мотивациялық видеоматериалдар дайындалып, нәтижесінде жоба алға қойған мақсаттарына толық қол жеткізді.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жоба мақсатына қол жеткізу нақты іс-шаралар мен өлшенетін нәтижелер арқылы қамтамасыз етілді. Атап айтқанда, жобаны іске асыру үшін жұмыс комиссиясы құрылып, 2 отырыс өткізілді. Комиссия шешімімен Атырау облысындағы түрлі кәсіпорындар мен өндіріс орындарынан 30 жұмысшы мамандық иесі іріктеліп, жобаға қатысуы бекітілді.

Жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын насихаттау мақсатында әлеуметтік желілер мен YouTube платформасында 74 видеоматериал жарияланды, бұл жоспарланған көрсеткіштен жоғары. Контент Instagram, Facebook, TikTok және YouTube платформалары арқылы кең аудиторияға таратылды, сондай-ақ 50 000-нан астам жазылушысы бар ірі аккаунттарда қосымша насихатталды. Мемлекеттік органдар мен БАҚ-тың әлеуметтік желілерінде 18 жарияланым орналастырылды.

Сонымен қатар жобаның офлайн құрамдас бөлігі ретінде Атырау қаласында 2 фотокөрме ұйымдастырылды. Әрбір қатысушымен жеке сұхбаттар, жұмыс орнынан репортаждар және мотивациялық видеороликтер түсіріліп, еңбек адамдарының нақты бейнесі көрсетілді. Көрсетілген деректер жобаның мақсатты аудиторияны қамтып, жұмысшы мамандықтарын танымал ету мақсатына толық қол жеткізілгенін дәлелдейді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: жобаны жүзеге асыру барысында ауытқу орын алмады.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жобаға дейінгі кезеңде Атырау облысында жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы танымалдылығы төмен болып, еңбек мамандықтары туралы ақпарат жүйесіз және шектеулі форматта ұсынылды. Әлеуметтік желілерде жұмысшы кәсіптерінің нақты өкілдері, олардың кәсіби жолы мен жұмыс барысы туралы сапалы визуалды контент жеткіліксіз болды, ал жастар арасында бұл мамандықтарға қызығушылық деңгейі төмен болды.

Жобаны іске асыру барысында және аяқталғаннан кейін аталған жағдай айтарлықтай өзгерді. «Atyrau Faces» жобасы аясында жұмысшы мамандық иелерінің нақты бейнесін көрсететін жүйелі видеоконтент, сұхбаттар мен репортаждар дайындалып, әлеуметтік желілер мен YouTube платформасында кеңінен таратылды. 30 еңбек маманының жеке тәжірибесі көрсетіліп, олардың кәсіби маңыздылығы мен қоғамдағы рөлі айқындалды.

Нәтижесінде жұмысшы мамандықтары туралы ақпараттың қолжетімділігі артты, әлеуметтік желілерде бұл тақырыпқа қызығушылық күшейді және еңбек адамдарына деген оң қоғамдық көзқарас қалыптаса бастады. Офлайн форматта өткізілген фотокөрмелер қоғаммен тікелей байланыс орнатып, жобаның әлеуметтік әсерін күшейтті.

Жоба шеңберінде қойылған міндеттер толық көлемде орындалды: жұмыс комиссиясы құрылды, 30 жұмысшы мамандық иесі іріктелді, жоспарланған және одан да жоғары көлемде медиаконтент дайындалды және таратылды. Осы көрсеткіштер жобаның бастапқы проблемаларды шешуге және алға қойылған мақсаттарға толық қол жеткізгенін көрсетеді.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
30	18	12

Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы дағдар (50 жасан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
30	-	-	-	-	-	-	-	5	10	15

Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
30	-	-	12	-	14	4	-

3. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Жобаны іске асыру барысында негізгі нысаналы топтар – жұмысшы мамандық иелері, жастар және кең әлеуметтік аудитория нақты нәтижелерге қол жеткізді. Жоба аясында Атырау облысының түрлі кәсіпорындары мен өндіріс орындарынан 30 жұмысшы мамандық иесі іріктеліп, әрқайсысымен жеке сұхбат, жұмыс орнынан репортаж, қысқа мотивациялық видеороликтер және фотоконтент түсірілді. Бұл еңбек мамандарының кәсіби тәжірибесін көрсетуге және олардың қоғамдағы рөлін айқындауға мүмкіндік берді.

Ақпараттық қамту нәтижесінде әлеуметтік желілер мен YouTube платформасында жалпы саны 74 видеоматериал жарияланды. Контент Instagram, Facebook, TikTok және YouTube арқылы таратылып, сондай-ақ 50 000-нан астам жазылушысы бар ірі аккаунттарда насихатталды. Бұдан бөлек, мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік желілерінде 18 жарияланым орналастырылды, бұл жобаның кең аудиторияны қамтуына ықпал етті.

Сапалық тұрғыдан алғанда, жоба нәтижесінде жұмысшы мамандықтарына деген қоғамдық қызығушылық артты, еңбек адамдарының беделі күшейіп, олардың кәсіби жетістіктері позитивті үлгі ретінде ұсынылды. Офлайн форматта өткізілген 2 фотокөрме нысаналы топтармен тікелей байланыс орнатып, жобаның әлеуметтік әсерін күшейтті. Нәтижесінде нысаналы топтар жоба шеңберінде нақты ақпараттық, имидждік және мотивациялық нәтижелерге қол жеткізді.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жоба аясында көтерілген негізгі проблема – жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы беделінің төмендігі және жастар арасында бұл кәсіптер туралы оң ақпараттың жеткіліксіздігі – жүйелі ақпараттық және имидждік жұмыстар арқылы шешіле бастады. Еңбек адамдарының нақты бейнесін көрсету, олардың кәсіби жолын жария ету және қоғамға пайдалы қызметін таныстыру арқылы жұмысшы мамандықтарына деген көзқарасты өзгертуге негіз қаланды.

Жобаның ұзақмерзімді ықпалы ретінде жастардың жұмысшы мамандықтарына қызығушылығының артуы, кәсіби бағдар беру процесінің мазмұнының байытылуы және еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптерге деген оң қоғамдық пікірдің қалыптасуы күтіледі. Жоба барысында дайындалған видеоматериалдар мен фотоконтент алдағы уақытта да ақпараттық ресурс ретінде пайдаланылып, тұрақты әлеуметтік әсерін сақтайды.

Сонымен қатар жоба өндірістік кәсіпорындар, білім беру ұйымдары және қоғам арасындағы өзара байланысты нығайтуға ықпал етті. Бұл өз кезегінде кадр даярлау, еңбекке ерте бағдарлау және жұмысшы мамандықтарын танымал ету бағытында оң өзгерістерге алып келуі мүмкін. Теріс әсерлер анықталған жоқ, ал жобаның ықпалы әлеуметтік, ақпараттық және имидждік тұрғыда ұзақ мерзімге бағытталған.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

«Атырау Faces» жобасының іске асырылуы өңірдегі жұмысшы мамандықтарының әлеуметтік беделін арттыруға және еңбек адамына деген қоғамдық құрметті күшейтуге ықпал етті. Жоба аясында еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар кеңінен насихатталып, жастарды кәсіби бағдарлауға және жұмысшы кәсіптерін саналы түрде таңдауға бағытталған оң ақпараттық орта қалыптасты.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, жоба жергілікті кәсіпорындар мен өндіріс орындарының қызметін таныту арқылы жұмысшы кадрларға деген қызығушылықты арттырды, бұл болашақта кадр тапшылығының азаюына және еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар кәсіпорындар мен қоғам арасындағы өзара байланыс нығайып, әлеуметтік серіктестіктің дамуына жағдай жасалды.

Жалпы алғанда, жоба өңірдің әлеуметтік тұрақтылығын күшейтуге, еңбекке құрмет мәдениетін қалыптастыруға және адами капиталды дамытуға бағытталған ұзақмерзімді әлеуметтік-экономикалық оң әсер берді.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Golden Steppe Explorers» Қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: «Қыр баласы қол созады аспанға...» арт экспедициясын ұйымдастыру жобасы

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1 - міндет. Жоба бойынша жұмыс комиссиясын құру

1 - іс-шара. «Қыр баласы Арт экспедициясы» шығармашылық жобасын тиімді ұйымдастыру және жобаға қатысушыларды әділ іріктеу мақсатында Атырау облысының барлық аудандарында кемінде **5** адамнан тұратын **жұмыс комиссиясы** құрылады.

Комиссия құрамына келесі тұлғалар кіреді:

- жергілікті мәдениет және өнер саласының өкілдері;
- шығармашылық бағыттағы мамандар (фотограф, бейнеоператор, суретші, қолөнер шебері және т.б.).

Комиссияның негізгі міндеттері:

- Жоба қатысушыларының өтінімдерін қабылдау және қарастыру;
- Қатысушыларды іріктеу және бекіту жөнінде шешім қабылдау;
- Әрбір комиссия отырысы бойынша **1 (бір)** хаттама толтыру және **1 (бір)** фотоматериал қоса тіркеу:

2- міндет. Байқау негізінде фотограф, видеограф, мобилограф, суретші және контент жасаушылардан құралған шығармашылық топты қалыптастыру.

1-шара. Байқау өткізілгендігі туралы арнайы «Golden Steppe Explorers» Қоғамдық қорының инстаграм парақшасына «Қыр баласы қол созады аспанға» арт-экспедициялық жобасы өтетіндігі туралы пост жарияланғаннан кейін өтінімдер түскеннен соң өтінім берушілер тізімі дайындалады және оларға байқау ережесімен таныстырылады. Содан соң комиссия отырысынан соң қатысушылар тізімі анықталып оларға «Қыр баласы қол созады аспанға» арт-экспедициялық жобасының бағдарламасымен таныстыру жұмысы жүрді. Осылайша өтінім берушілердің арасынан арнайы экспедицияға жолдама алған шығармашылық топ құрылады .

Шығармашылық топ құрамында:

- Фотограф
- Видеограф
- Суретші
- Модель
- Мобилограф
- Әлеуметтік желіні белсенді қолданушы

3- міндет. Атырау облысының 7 ауданына экспедиция ұйымдастыру. Экспедиция барысында өнер туындыларын жасау

1- іс-шара: Атырау облысының аудандарында «Қыр баласы Арт экспедициясын» ұйымдастыру:

Жобаның мақсаты – өңірдің тарихи, мәдени және табиғи мұраларын насихаттау, жергілікті өнерпаздар мен жас шығармашылық иелерінің бірлескен жұмысына мүмкіндік жасау болғандықтан экспедиция барысында Атырау облысының 7 ауданына шығармашылық сапарлар ұйымдастырылды. Әр ауданға бару кезінде экспедиция мүшелеріне арналған логистикалық қамтамасыз ету (трансфер, тамақтану, қону, жұмыс алаңы) ұйымдастырылды.

Экспедиция бағыттары мен негізгі нысандары:

Исатай ауданы – Нарын құмының табиғаты, мұнай мұнаралары мен тарихи мұнай өндіру орындары.

Құрманғазы ауданы – Қиғаш өзенінің бойындағы табиғи сұлулық, лотос алқаптары және шекаралық табиғи аймақтар.

Махамбет ауданы –Сарайшық тарихи қалашығы және Жайық өзенінің маңы.

Жылыой ауданы –Ақкегершін шатқалы секілді ерекше табиғи және рухани орындар.

Қызылқоға ауданы – Далалық жайылымдар, мал шаруашылығы мен жергілікті қожалықтардың тыныс-тіршілігі.

Индер ауданы – Индер көлі, оның ерекше тұзды табиғаты мен геологиялық ерекшеліктері.

Мақат ауданы – Доссордағы алғашқы мұнай өндірісі тарихы, табиғи ландшафтар мен сор алқаптары.

Әр аудан бойынша экспедиция құрамындағы фотографтар, видеографтар, суретшілер, модельдер және қолөнер шеберлері шығармашылық жұмыстар атқарып, өңірдің ерекшелігін өнер тілімен көрсетеді.

Одан бөлек **«Golden Steppe Explorers» Қоғамдық қоры «Қыр баласы қол созады аспанға» арт-экспедициялық жобасы 10 серіктестік меморандум жасалды.** Әр экспедиция кезінде бекітілген бағдарламамен жұмыс жасалды. Әр бір экспедициядан кейін https://www.instagram.com/golden_steppe_explorers/ парақшасына қорытынды видео ролик жарияланып отырды. Оған қоса әр бір қатысушының Tik Tok, Instagram, Facebook желілеріне пост , история салып отырды. Жалпы саны **237 025** қаралым жинап, **158** арнайы пост шықты.

2-іс-шара: Экспедиция барысында өнер туындыларын жасау. Экспедиция барысында шығармашылық топ мүшелері туристік нысандарда өз туындыларын жасау:

Экспедиция барысында шығармашылық топ мүшелері Атырау облысының әр ауданындағы тарихи, мәдени және туристік нысандарда өз өнер туындыларын жасады. Фотографтар мен видеографтар өңірдің табиғи сұлулығын, суретшілер мен қолөнер шеберлері жергілікті колоритті бейнелесе, модельдер мен өнерпаздар шығармашылық көріністер арқылы аймақтың рухани байлығын насихаттады.

Жалпы туындылар саны – 42.

3-міндет. Шарт талаптарына сай жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

1-шара. Дайын видео және фото контент негізінде және өнер туындыларының негізінде жобаның қорытынды көрмесін ұйымдастырып, халыққа ұсыну.

Экспедиция нәтижесінде пайда болған туындылар «Golden Steppe Explorers» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Қыр баласы қол созады аспанға» арт-экспедициялық жобасының көрмесінде қонақтар мен көрермендер назарына ұсынылды. Көрме барысында қатысушылардың еңбектері жоғары бағаланып, өңірдің мәдени мұрасы мен табиғи ерекшеліктерін айшықтаған шығармалар көпшілік тарапынан жылы қабылданды.

Жалпы жоба аясында облыстық теле арнаға 3 шығарылым, аудандық және облыстық газетке сайтымен қоса алғанда 36 шығарылым жасалды. Облыстық Атырау радиосына 1 және Азан радиосына 1 шығарылым жасалды.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

«Қыр баласы қол созады аспанға» арт-экспедициялық жобасы бекітілген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес толық көлемде іске асырылды. Жобаның негізгі мақсаты – Атырау облысының тарихи, мәдени және табиғи мұрасын насихаттау, сондай-ақ жергілікті жас шығармашылық иелерін қолдау және олардың бірлескен шығармашылық қызметіне жағдай жасау – жүзеге асырылды.

Жобаны іске асыру шеңберінде бірінші міндет бойынша Атырау облысының барлық аудандарында кемінде үш адамнан тұратын жұмыс комиссиялары құрылды. Комиссия құрамына мәдениет және өнер саласының өкілдері мен шығармашылық бағыттағы мамандар енгізілді. Комиссиялар өтінімдерді қабылдап, қарастырып, қатысушыларды әділ іріктеу жөнінде шешім қабылдады. Әрбір комиссия отырысы бойынша хаттамалар толтырылып, фотоматериалдармен расталды.

Екінші міндет аясында байқау негізінде фотографтар, видеографтар, мобилографтар, суретшілер және контент жасаушылардан құралған шығармашылық топ қалыптастырылды. Байқау туралы ақпарат «Golden Steppe Explorers» қоғамдық қорының Instagram парақшасында жарияланып, өтінім берген үміткерлер байқау ережелерімен таныстырылды. Комиссия отырыстарының нәтижесінде қатысушылар іріктеліп, арт-экспедиция бағдарламасымен таныстырылды. Нәтижесінде экспедицияға қатысатын толыққанды шығармашылық топ жасақталды.

Үшінші міндет шеңберінде Атырау облысының 7 ауданына шығармашылық экспедициялар ұйымдастырылды. Экспедиция барысында өңірдің тарихи, мәдени және табиғи нысандарында өнер туындылары жасалды. Әр ауданға бару кезінде қатысушылар үшін логистикалық қамтамасыз ету толық ұйымдастырылып, бекітілген бағдарламаға сәйкес жұмыстар жүргізілді. Фотографтар мен видеографтар өңір табиғатын бейнелесе, суретшілер мен қолөнер шеберлері жергілікті колоритті өнер тілімен көрсетті.

Жоба аясында «Golden Steppe Explorers» қоғамдық қоры 10 серіктестік меморандум жасасып, әр экспедициядан кейін әлеуметтік желілерде қорытынды бейнематериалдар жариялап отырды. Қатысушылардың әлеуметтік желілердегі белсенділігі нәтижесінде жалпы 237 025 қаралым жиналып, 158 арнайы жарияланым орналастырылды.

Сонымен қатар, жоба аясында өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында кең ақпараттық қамту қамтамасыз етілді. Атап айтқанда, облыстық телеарналарда 3 шығарылым, аудандық және облыстық баспасөзде (онлайн нұсқаларын қоса алғанда) 36 материал жарық көрді. Сондай-ақ облыстық Атырау радиосында 1 және «Азан» радиосында 1 радиобағдарлама ұйымдастырылды.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жобаны іске асыру барысында қойылған мақсаттарға қол жеткізілді. Атап айтқанда, «Қыр баласы қол созады аспанға» арт-экспедициялық жобасы Атырау облысының тарихи, мәдени және табиғи мұрасын насихаттауға, сондай-ақ жас шығармашылық иелерінің әлеуетін арттыруға бағытталды.

Мақсатқа қол жеткізудің нақты дәлелі ретінде жоба аясында барлық жоспарланған міндеттердің орындалуы көрсетіледі. Атырау облысының барлық аудандарында жобаны ұйымдастыру және қатысушыларды іріктеу мақсатында жұмыс комиссиялары құрылып, олардың қызметі хаттамалармен және фотоматериалдармен расталды. Комиссиялар арқылы байқау негізінде шығармашылық бағыттағы мамандардан тұратын толыққанды шығармашылық топ қалыптастырылды.

Жоба шеңберінде Атырау облысының 7 ауданына шығармашылық экспедициялар ұйымдастырылып, әр ауданда тарихи, мәдени және туристік нысандарда өнер туындылары жасалды. Экспедициялардың өткізілуі бекітілген бағдарламаларға, фото және бейнематериалдарға, сондай-ақ әлеуметтік желілерде жарияланған қорытынды видеоларға негізделіп расталады.

Жобаның ақпараттық қамтылуы мақсатқа қол жеткізудің маңызды дәлелі болып табылады. Экспедиция нәтижелері «Golden Steppe Explorers» қоғамдық қорының ресми Instagram парақшасында және қатысушылардың жеке әлеуметтік желілерінде жүйелі түрде жарияланып, жалпы 237 025 қаралым жинады және 158 арнайы жарияланыммен қамтылды. Бұдан бөлек, облыстық телеарналарда 3 шығарылым, аудандық және облыстық баспасөзде 36 материал, сондай-ақ екі радиобағдарлама жарық көрді.

Экспедиция барысында жасалған шығармашылық жұмыстар кейін арнайы көрмеде ұсынылып, көрермендер тарапынан жоғары бағаланды. Бұл жоба мақсатының – өңірдің мәдени құндылықтарын өнер арқылы кең аудиторияға таныстырудың – орындалғанын көрсетеді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: жобаны жүзеге асыру барысында ауытқулар болмады.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жоба іске асырылғанға дейін Атырау облысында өңірдің тарихи, мәдени және табиғи мұрасын жүйелі түрде заманауи форматта насихаттауға бағытталған шығармашылық бастамалар шектеулі болды. Жас шығармашылық иелерінің өңірлік деңгейде тәжірибе алмасуына, бірлескен жобаларға қатысуына және өз туындыларын кең аудиторияға ұсынуына мүмкіндік беретін алаңдар жеткіліксіз еді. Өңірдің туристік және мәдени әлеуеті ақпараттық кеңістікте толық көлемде қамтылмады.

Жобаны іске асыру барысында және аяқталғаннан кейін аталған бағыттар бойынша оң әлеуметтік өзгерістер тіркелді. «Қыр баласы қол созады аспанға» арт-экспедициялық жобасы арқылы Атырау облысының 7 ауданы қамтылып, өңірдің тарихи, мәдени және табиғи нысандары шығармашылық форматта кеңінен таныстырылды. Экспедицияларға қатысқан жас фотоафтар, видеоафтар, суретшілер және контент жасаушылар арасында кәсіби өзара іс-қимыл күшейіп, шығармашылық ынтымақтастық қалыптасты.

Жоба аясында жасалған фото, бейне және көркем өнер туындылары әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кең аудиторияға жеткізілді. Нәтижесінде өңірдің мәдени мұрасына деген қоғамдық қызығушылық артты, ал жас өнерпаздардың кәсіби танылу деңгейі жоғарылады. Жоба барысында қалыптасқан серіктестік байланыстар мен меморандумдар шығармашылық бастамалардың жалғасуына негіз қалады.

Проблемалар мен міндеттердің шешілу дәрежесін бағалау:

- Өңірдің мәдени және табиғи мұрасын насихаттау мәселесі – негізінен шешілді;
- Жас шығармашылық иелерін қолдау және оларды бірлескен жұмысқа тарту міндеті – толық көлемде шешілді;
- Ақпараттық қамтуды арттыру міндеті – жоспарланған деңгейден жоғары орындалды;
- Өңірдің шығармашылық әлеуетін жүйелі түрде ілгерілету мәселесі – ішінара шешілді, әрі қарай тұрақты жобалар арқылы жалғастыруды талап етеді.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
42	25	17

Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
42	0	42	0	0	0	0	0	10	5	27

Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
42	0	0	42	0	0	0	0

3. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Жобаны іске асыру барысында негізгі нысаналы топтар – жас шығармашылық иелері, мәдениет және өнер саласының өкілдері, сондай-ақ өңір тұрғындары мен әлеуметтік желі қолданушылары қамтылды. Барлық өткізілген іс-шараларды есепке алғанда, жобаға **тікелей және жанама түрде бірнеше мың адам** тартылды.

Жас шығармашылық иелері (фотографтар, видеографтар, суретшілер, мобилографтар, контент жасаушылар):

Байқау және арт-экспедициялар шеңберінде **30-дан астам жас өнерпаз** іріктеліп, Атырау облысының 7 ауданына ұйымдастырылған шығармашылық сапарларға қатысты. Сандық тұрғыда қатысушылардың кәсіби портфолиосы толықтырылып, ондаған фото, бейне және көркем өнер туындылары жасалды. Сапалық тұрғыда қатысушылардың шығармашылық деңгейі, тәжірибе алмасу мүмкіндігі және өңірлік әрі республикалық деңгейде танылу әлеуеті артты.

Мәдениет және өнер саласының өкілдері:

Жоба аясында **10 серіктестік меморандум** жасалып, мәдениет және өнер саласы өкілдерінің бірлескен жұмысы жолға қойылды. Бұл серіктестік шығармашылық жобаларды одан әрі іске асыруға және кәсіби байланыстарды кеңейтуге мүмкіндік берді.

Өңір тұрғындары мен кең аудитория:

Әлеуметтік желілердегі **158 арнайы жарияланым** арқылы өңірдің тарихи, мәдени және табиғи мұрасы кеңінен таныстырылып, жалпы **237 025 қаралым** жиналды. Бұл сандық көрсеткіштер ақпараттық қамтудың жоғары деңгейін көрсетеді. Сапалық тұрғыда өңір тұрғындарының туған өлкенің мәдени мұрасына деген қызығушылығы мен оң көзқарасы артты.

Бұқаралық ақпарат құралдарының аудиториясы:

Жоба аясында облыстық телеарналарда **3 телешығарылым**, облыстық және аудандық баспасөзде **36 жарияланым**, сондай-ақ **2 радиобағдарлама** жарық көрді. Нәтижесінде жоба идеялары кең қоғамдық талқылауға түсіп, өңірдің мәдени әлеуеті туралы оң қоғамдық пікір қалыптасты.

Жалпы сапалық нәтижелер:

Жоба нысаналы топтардың шығармашылық белсенділігін арттырып, мәдени мұраны насихаттаудың заманауи форматтарын енгізуге ықпал етті. Қатысушылар арасында кәсіби ынтымақтастық, әлеуметтік жауапкершілік және өңірлік мәдени құндылықтарды сақтау мен дамытуға деген қызығушылық нығайды.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті негізгі проблема – өңірдің тарихи, мәдени және табиғи мұрасының заманауи форматта жеткіліксіз насихатталуы, сондай-ақ жас шығармашылық иелерінің әлеуетін жүйелі түрде дамытуға және кең аудиторияға танытуға арналған тұрақты алаңдардың болмауы болды. Жоба нәтижесінде қалыптасқан тәжірибе аталған проблемаларды ұзақмерзімді перспективада шешуге негіз қалады.

